




Нұр-Сұлтан қ.
Қаржы орталықтарының
2019 жылғы жаһандық индексіне



 \$320
млрд

Қазақстанға тәуелсіздіктен
кейінгі жылдар ішінде
тартылған тікелей шетелдік
инвестициялар мөлшері

 11 000 м²

ЭКСПО аумағындағы
АХҚО қатысушыларына
арналған «А» класты
пайдалы кеңселердің ауданы

АХҚО Биржасындағы

 Қазатомөнеркәсіп
IPO-сы

- 3,93 млн акция
- 1,61 млн ЖДҚ

АХҚО-ның
6 стратегиялық
бағыты:

- капитал нарығы
- активтерді басқару
- жеке тұлғалардың дәулетін басқару
- қаржы технологиялары
- ислам қаржысы
- жасыл қаржы

АХҚО-да
Англия мен Уэльс
құқығының

қағидаттарына, нормалары
мен прецеденттеріне
негізделген қаржы саласындағы

**ЕРЕКШЕ
ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕЖИМ**

әрекет етеді



\$170,5 млрд

2018 жылғы елдің ЖІӨ көлемі

Қазақстан Дүниежүзілік банктің
2019 жылғы Бизнесті жүргізудің
жеңілдігі рейтингінде
миноритарлық инвесторларды
қорғау бойынша әлемде

№1 | 



6 000

АХҚО кадрлық резервінің саны



АХҚО Биржасының сауда
мүшелерінің саны

2066 жылға дейін
КТС-ға ЖТС-ға

0%

АХҚО қатысушылары мен олардың
шетелдік жұмыскерлері үшін*

*АХҚО туралы Конституциялық
заңның 6-бабына сәйкес



Полиметалл

АХҚО Биржасында
листингі өткен алғашқы
шетелдік эмитент

Дүниежүзілік экономикалық
форумның 2018 жылғы
Бәсекеге қабілеттіктің
жаһандық индексіне
акционерлердің құқықтары
бойынша



№1

1 000

АХҚО Бюросы

IFQ CISI® • ADIF BIBF® • SPHRi®
CFA® • PCIF INCEIF® • FRM®
PHRi® • CIPA AAOIFI® • ACCA®

халықаралық сертификаттау
бағдарламалары бойынша
даярлаған мамандар саны

Жер аумағы бойынша әлемдегі



ел



Халықаралық сарапшылар
қатыстырылған АХҚО-ның
консультативтік
кеңестерінің саны

«бір
терезе»

арқылы АХҚО-да
визалық-көші-қон, салық және
500-ден астам мемлекеттік
қызметтер бойынша қызмет
көрсетіледі



Қазақстан
Дүниежүзілік Банктің 2019
жылғы бизнес жүргізудің
жеңілдігі рейтингінде

№28



Қазақстан
Исламдық қаржыландыру
елдерінің (GIFR 2018) жылғы
беделді рейтингінде

№24

АХҚО Биржасы
Ұлыбритания Корольдік салық
және кеден қызметінен

«танылға
қор биржасы»

мәртебесін алды



азаматтары ҚР
аумағында 30 күн болу
мерзіміне визалық
талаптардан
босатылды

60 000

АХҚО Биржасының
Орталық депозитарийінде
ашылған инвесторлық
есепшоттардың саны

2018 жылы Қазақстанның
жан басына шаққандағы
ЖІӨ көрсеткіші

\$9,3 мың

АҚШ долларын құрап,
Орталық Азия өңірінде



орынға шықты



Нұр-Сұлтан қаласының
шегіндегі АХҚО-ның аумағы

1 632 га



МАЗМҰНЫ

1. **6 АЛҒЫСӨЗ**
 - 8 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ – ЕЛБАСЫ
 - 10 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ
 - 11 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ
 - 12 «АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БАСҚАРУШЫСЫ

2. **15 ШОЛУ**
 - 16 ҚАЗАҚСТАН – ӨҢІРДІҢ ҚАРЖЫ ХАБЫ

3. **21 АХҚО-НЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ**
 - 22 2015 – 2016 – 2017 – 2018 – 2019

4. **28 ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ РЕТТЕУШІЛІК БАЗА**

5. **34 ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ**
 - 36 АХҚО-НЫ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС
 - 38 АХҚО ӘКІМШІЛІГІ
 - 41 АХҚО ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУДІ РЕТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ
 - 44 АХҚО СОТЫ
 - 48 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӨРЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ
 - 51 АХҚО ОРГАНДАРЫНЫҢ ҰЙЫМДАРЫ:
 - 51 АХҚО БИРЖАСЫ
 - 55 ЭКСПАТ ОРТАЛЫҚ
 - 56 ҮЗІЛІССІЗ КӘСІБИ ДАМУ БЮРОСЫ
 - 59 ФИНТЕХ ХАБ
 - 60 ЖАСЫЛ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ
 - 60 ТІКЕЛЕЙ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ҚОРЫ

6. **61 КОНСУЛЬТАТИВТІК КЕҢЕСТЕР**
 - 62 АХҚО-НЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ КОНСУЛЬТАТИВТІК КЕҢЕСІ
 - 62 АХҚО-НЫҢ ЗАҢ ҚЫЗМЕТІН РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ КОНСУЛЬТАТИВТІК ПАНЕЛІ
 - 63 АХҚО-НЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ КЕҢЕСІ
 - 63 АХҚО-НЫҢ ЖАСЫЛ ҚАРЖЫ ЖӨНІНДЕГІ КОНСУЛЬТАТИВТІК КЕҢЕСІ
 - 63 АХҚО-НЫҢ ИСЛАМДЫҚ ҚАРЖЫ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САРАПТАМАЛЫҚ КЕҢЕСІ
 - 64 АХҚО-НЫҢ ИСЛАМДЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ҚАФИДАТТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ КЕҢЕСІ



- 64 АХҚО-НЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САРАПТАМАЛЫҚ КЕҢЕСІ
- 65 АХҚО-НЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНСУЛЬТАТИВТІК ТОБЫ
- 65 АХҚО-НЫҢ АУДИТ КОМИТЕТІ

- 7. **66 СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР**
 - 68 КАПИТАЛ НАРЫҒЫ
 - 68 АКТИВТЕРДІ БАСҚАРУ
 - 68 ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДӘУЛЕТІН БАСҚАРУ
 - 69 ҚАРЖЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ
 - 69 ИСЛАМ ҚАРЖЫСЫ
 - 70 ЖАСЫЛ ҚАРЖЫ

- 8. **72 АХҚО ЖОБАЛАРЫ**
 - 75 АХҚО БИРЖАСЫНДАҒЫ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
 - 76 АХҚО-НЫҢ «БЕЛДЕУ ЖӘНЕ ЖОЛ» БАСТАМАСЫНА ҚАТЫСУЫ
 - 76 ЖАҒАНДЫҚ НАРЫҚТАР
 - 80 E-RESIDENCY
 - 80 EJUSTICE
 - 80 ҚАРЖЫ СУПЕРМАРКЕТІ
 - 82 ЖАСЫЛ ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ ШЫҒАРУ АКСЕЛЕРАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

- 9. **83 НҰР-СҰЛТАН – БИЗНЕСТІ ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ**
 - 84 SMART CITY
 - 84 ЖАСЫЛ ҚАРЖЫ ХАБЫ
 - 84 АХҚО АУМАҒЫНДАҒЫ САЛЫҚ РЕЖІМІ
 - 85 «БІР ТЕРЕЗЕ»
 - 85 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨЛІКТІК ҚОЛЖЕТІМДІЛІК
 - 88 ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЖАҒАНДЫҚ ИНДЕКСІ
 - 89 АХҚО ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІГІН БАСҚАРУ

- 10. **90 АХҚО ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АРЕНАДА**

- 11. **95 БОЛАШАҚҚА КӨЗҚАРАС**
 - 102 1-ҚОСЫМША: АХҚО ҚАТЫСУШЫЛАРЫ



АЛҒЫСӨЗ

01

Қазмақиа орталығы





Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ – ЕЛБАСЫ

«Астана» халықаралық қаржы орталығы – тәуелсіз Қазақстан тарихының жаңа кезеңінің бастауы. Оның іске қосылуы - біздің экономикамыздың сатылай тұрақты дамуындағы маңызды қадам.

АХҚО-ны құру туралы идеяны мен алғаш рет 2015 жылы жаһандық жаңа сын-тегеуріндерге қарсы тұрудың бірден-бір жолы ретінде ұсындым. Бүгінде елімізде ауқымды құрылымдық және институционалдық реформалар жүзеге асырылуда. Олар Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттырып, әлемнің озық дамыған 30 елінің қатарына қосылуына бағытталған.

Соңғы жылдары ұзақ мерзімді перспективада тиімді және орнықты институттардың қажеттілігіне көз жеткіздік. Дубай, Сингапур, Гонконг және басқаларды қоса алғанда, әртүрлі қаржы орталықтарының құрылуы мен жұмыс істеуінің әлемдік тәжірибесін мұқият зерделедік. АХҚО-ның қазақстандық моделі осындай құрылымдардың ең үздік тәжірибелерін басшылыққа алған.

Орталық Қазақстан Республикасының резиденттерімен де, резидент емес субъектілермен де жұмыс істейтін болады. АХҚО қызметіне қатысушылар Қазақстан мен өңірдің ғана емес, сондай-ақ бүкіл әлемнің капиталына қол жеткізе алады.

Халықаралық қатысушыларды АХҚО-ға тарту үшін посткеңестік кеңістікте теңдесі жоқ бұрын-соңды болмаған жағдайлар жасалды. Оның құқықтық мәртебесі Конституциялық заңмен бекітілген, ал ресми тілі – ағылшын тілі.

«Астана» халықаралық қаржы орталығының қызметіне қатысушыларға 50 жылға дейін салықтық жеңілдіктер, сондай-ақ жеңілдетілген валюта, виза және еңбек режимдері қарастырылған. Бұл – жұмысы ағылшын құқығына негізделген өңірдегі жалғыз орталық.

Тәуелсіз Сот пен Халықаралық төрелік орталығы әділетті болуға және тараптардың құқықтарын сақтауға кепілдік

« Соңғы жылдары ұзақ мерзімді перспективада тиімді және орнықты институттардың қажеттілігіне көз жеткіздік. »

береді. АХҚО-ның судьялары ретінде мен Англия мен Уэльстен 9 беделді судьяны тағайындадым. Соттың Төрағасы Англияның бұрынғы Жоғарғы судьясы Лорд Вульф.

АХҚО жанынан Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитет құрылды. Оны АҚШ-тың Бағалы қағаздар мен биржалар жөніндегі бұрынғы комиссары – Леди Барбара Джадж CBE басқарады.

АХҚО-ның жұмысында корпоративтік басқару қағидаттары сақталатын және инвесторлардың мүдделері қорғалатын болады. Осының барлығы сенім мен ынтымақтастық үшін қажетті қолайлы ортаны қалыптастырады.

Қатысушылардың ыңғайлылығы мен қор нарығын дамыту үшін жоғары технологиялық инфрақұрылымы бар АХҚО Биржасы құрылды. Біз ірі тау-кен, мұнай-газ, көлік, ақпараттық-коммуникациялық және басқа да ұлттық компаниялардың акцияларының IPO-ға шығаруды жоспарлап отырмыз. Бұл, ең алдымен, Қазақтелеком, Қазатомөнеркәсіп, Эйр Астана, ҚазМұнайГаз, Қазақстан Темір Жолы және Қазпошта болмақ.

Исламдық және жасыл қаржыландыру АХҚО-ны дамытудың маңызды бағыттары болмақ.

«Астана» халықаралық қаржы орталығы қызметінің маңызды саласы – инновациялық қаржы технологияларын дамыту үшін тиімді орта қалыптастыру. Жаңа қаржы технологиялық өнімдерді сынақтан өткізуге мүмкіндік беретін «реттеуші құм алаңы» жұмыс істейтін болады.

Капитал нарықтарын дамыту және жеке тұлғалардың қаржысын басқару да «Астана» халықаралық қаржы орталығының басымдығы болып саналады. Орталық бүкіл ел үшін негізгі жобалау фабрикасы болады. Мұнда экономиканың негізгі секторларындағы жобаларды қаржыландыруға арналған мәмілелер жасалады.

Тұтастай алғанда, АХҚО-ның жұмысы оның қатысушылары үшін ең қолайлы жағдайлар, инфрақұрылым, қауіпсіздік пен ыңғайлы орналасуымен қамтамасыз етіледі. Бүгінгі таңда Қазақстанның астанасы Еуразиялық кеңістіктің мойындалған орталығына айналды және қазіргі заманның ең өзекті деген мәселелері жөнінде халықаралық түсіністікті қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Мұнда бизнес қарқынды дамып келеді, шамамен 100 мыңға жуық кәсіпкерлік субъектілер жұмыс істейді. Технологиялық және мейлінше жайлы тіршілік ортасын қалыптастыруға бағытталған «ақылды қала» тұжырымдамасы іске асырылып жатыр. Ол көлік инфрақұрылымын, қауіпсіздік жүйелерін, әлеуметтік қорғауды, білім беру мен денсаулық сақтауды жетілдіруге және дамытуға бағытталған.

АХҚО қатысушылары мен олардың отбасы мүшелеріне Экспат Орталығы жайлы жағдайлар жасайды. Экспат орталығы визалық көші-қон, салық, сондай-ақ Халыққа қызмет көрсету орталығының және әкімшілік полиция қызметтерінің бір орталықтан қолжетімді болуын қамтамасыз етеді. Мұнда әлемнің жетекші қаржы институттарының өкілдіктері ашылууда.

Осының бәрі қазіргі Қазақстанның ең ірі және маңызды жобаларының бірі – АХҚО-ның тиімді жұмыс істеуіне жағдай жасайды. Мен бұл орталыққа үлкен үміт артамын. АХҚО тек Қазақстанның ғана емес, сонымен қатар бүкіл өңірдің қаржы орталығына айналуға тиіс».

Қасым-Жомарт
Кемелұлы
Тоқаев

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТІ



«Қазақстанның зор транзиттік әлеуетін іске асыруға мүмкіндік беретін инфрақұрылымдық инвестицияларды тарту үшін барлық қажетті жағдайлар жасалды»

«Астана» халықаралық қаржы орталығы болашақта өңірде Дубай, Гонконг, Сингапур, Швейцария немесе Лондондағы қаржы орталықтары сияқты рөл атқара алатын болады. АХҚО қазірдің өзінде ірі халықаралық банктер мен инвестициялық компаниялар үшін тартылыс орталығына айналды. Активтерді, қорларды басқару, жаңа қаржы және жасыл технологияларды енгізу – Орталық қызметінің маңызды бағыттары ретінде белгіленді. Әлемдік қор биржалары мен валюта биржаларында турбуленттілік жағдайында АХҚО ЕАЭО, Орталық Азия, Кавказ, сондай-ақ Моңғолия елдері үшін «инвестициялық шамшырақ» болады.

Орталықта қолданылатын ағылшын құқығының қағидаттарына негізделген дербес юрисдикциясы бар ерекше құқықтық режим халықаралық инвесторлар үшін аса тартымды. АХҚО-ның тәуелсіз Соты мен Халықаралық тәрелік орталығы азаматтық және коммерциялық дауларды шешуде үздік халықаралық тәжірибені басшылыққа алады. Бұдан басқа, мұнда баршаға танылған әлемдік стандарттарға сүйенетін реттеуші режим құрылды.

АХҚО-ның Жібек жолын жандандыру жобаларына қатысуы да маңызды. Қытай тарапымен, мемлекеттік органдар және банктермен жемісті ынтымақтастық орнатылды. Қазақстанның зор транзиттік әлеуетін іске асыруға мүмкіндік беретін инфрақұрылымдық инвестицияларды тарту үшін барлық қажетті жағдайлар жасалды».



Асқар Ұзақбайұлы Мамин

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ

«Үкімет Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын дамыту үшін айтарлықтай күш салуда. Біз заңнамалық базаны жетілдіруге, өңірлердегі инвестициялық жобалардың санын көбейтуге және сапасын арттыруға, инвесторлардың Қазақстанның мүмкіндіктері туралы хабардар болуын арттыруға бағытталған дәйекті саясатты жүргізудеміз.

Шетелдік инвестицияларды тартудың тұжырымдамалық көзқарасын белгілейтін бірқатар бағдарламалық құжаттар қабылданды. Олардың арасында Бес институционалдық реформаны іске асырудың «100 нақты қадам» Ұлт жоспары және Ұлттық инвестициялық стратегия бар. Бұл екі құжатта да шикізаттық емес секторды дамытуға бағытталған Қазақстанның жаңа экономикасының қажеттілігі көрсетілген.

Соңғы жылдары инвестицияларды тарту және бар кедергілерді жоюдың ұлттық жүйесін жаңғыртуға бағытталған бірқатар маңызды қадамдар жасалды. Әлеуетті және жұмыс істеп жатқан инвесторларды жан-жақты қолдау қағидаттарына негізделген инвестициялық саясаттың жаңа тәсілдері әзірленді. Инвесторлармен жұмыс істейтін барлық мемлекеттік және квазимемлекеттік органдардың жұмысын реттейтін Үйлестіру кеңесі құрылды. Кез келген мәселені стратегиялық деңгейге барынша жедел шығару үшін инвестициялық

омбудсменнің міндеттері Премьер-Министрге жүктелді. Міндетіне Қазақстанның инвестициялық брендин шетелде ілгерілету жататын Медиа хаб құру бойынша жұмыс жүргізілуде.

Сипатталған барлық бастамалардың мақсаты – әлеуетті инвестордың Қазақстанның мүмкіндіктерімен алғашқы таныстығынан бастап инвестициялық жобаны іске асыруға дейінгі аралықтағы жолды барынша қысқарту. «Астана» халықаралық қаржы орталығы – инвесторларды осы жолда қолдау көрсететін маңызды элементтерінің бірі, өзара әрекеттесуші тараптардың мүдделерін қорғайтын инвестициялық қауіпсіздіктің агенті.

2019 жылы АХҚО – Қазақстандағы мемлекеттік органдар және жеке меншік сектормен, сондай-ақ жетекші әлемдік серіктестермен жемісті және тиімді қарым-қатынас орнатқан жеткілікті, орнықты және тұрақты институтқа айналды. Біз орталықтың табыстарына қуанамыз, оның одан әрі дамуына қолдау көрсетуге әзірміз және оның алдына қойылған стратегиялық міндеттерді орындауда прогрессті күтеміз.

Қазақстан басшылығы алғашқы күндерден бастап АХҚО-ны өңірлік қаржы хабына айналдыру туралы ниетін жариялады. Орта мерзімді перспективада біз орталықтың тәжірибесін әр бағыт бойынша «ЕАЭО – Орталық Азия – Кавказ – Моңғолия» макроөңіріне кеңейту қажеттігін көріп отырмыз. Біз өңірдегі елдерінің АХҚО қызметтері мен мүмкіндіктеріне деген айрықша қызығушылықтарын көріп отырмыз және оларға кез келген қолдауды көрсетуге дайынбыз. Біз көршілеріміздің АХҚО-ның кейбір мүмкіндіктерін ғана пайдалануы, оларға айтарлықтай пайда әкелетініне сенімдімін».



Қайрат Нематұлы Келімбетов

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БАСҚАРУШЫСЫ

«Қазақстанның экономикалық өсуі аясында «Астана» халықаралық қаржы орталығы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың стратегиялық бағытының шеңберінде үдемелі дамып келе жатыр.

Сыртқы саяси мәселелердегі осы бағыт-бағдардың негізгі ерекшеліктері ретінде көп векторлықты, диалог құруға және ымыраға келуге ұмтылуды, өңірлік және жаһандық интеграцияға баса назар аударуды, ал ішкі мәселелерде – дәйекті демократиялық өзгерістерді жүзеге асыру арқылы ұзақ мерзімді тұрақты дамуға бағыт түзеуді атауға болады.

АХҚО 2015 жылы «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының шеңберінде құрылды, оның мақсаты – күшті мемлекеттік институттарды қалыптастыру. Олардың 2050 жылға дейінгі және одан кейінгі кезеңдерге жоспарлаудағы миссиясы, ең алдымен, тежемелер мен теңестірімдердің тиімді теңгерімді жүйесін құру, сондай-ақ стратегиялық шешімдерді қабылдауды орталықсыздандыру арқылы



бағыт-бағдардың сабақтастығын қолдау. Бұл идеялар кейінірек президенттің кей өкілеттіктерін ҚР Үкіметі мен Парламентіне бөлген 2017 жылғы конституциялық реформа шеңберінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы тарапынан нақтыланып, жетілдірілді.

АХҚО-ны құру – қазіргі уақытта тек қазақстандық қана емес, сонымен қатар өңірлік экономиканың алдында тұрған көптеген сұрақтардың жауабы.

Олардың ең маңыздысы – экономиканы әртараптандыру.

Тауар тәуелділігінен бірте-бірте арылып келе жатқан Қазақстан ішкі сұранысқа жауап беру үшін де, экспорт үшін де бәсекеге қабілетті тауарлар шығаруға негізделген жаңа экономиканы құруда.

Осы тұжырымдаманың аясында, мысалы, 10 жыл бойы Индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылуда.



Осыған орай, 2017 жылғы Ұлттық инвестициялық стратегияда Қазақстанның тиімділікке бағытталған инвестицияларды тарту саясаты бекітілді. Осы бағыттың аясында, сондай-ақ дамушы нарықтардағы «ақылды» инвестицияларға деген бәсекенің жоғары екенін ескере отырып, АХҚО – ең алдымен, инвесторларға ағылшын жалпы құқығына негізделген өз заңнамасы бар тәуелсіз юрисдикцияны, сондай-ақ дауларды шешу жүйесін ұсынатын инвестициялық агент.

Сонымен бірге, АХҚО экономиканы әртараптандыру аясында тек инвестицияларды тартуды ғана емес, сондай-ақ экономиканың дербес және барынша перспективалы секторы ретінде қаржы қызметтері саласын дамытуды көздейді. Біз БАӘ экономикасына, соның ішінде шетелдік капиталға көрсетілетін жоғары сапалы қаржылық қызметтердің арқасында елеулі үлес қосқан, Дубай халықаралық қаржы орталығының үлгісін басшылыққа аламыз.

АХҚО дамуының негізгі бағыттарының бірі – капитал нарықтары. Қазақстан нарығы жүзеге асырылмаған үлкен әлеуетке ие. Түсінікті қағидаларды және барлық тараптардың мүдделерін қорғауды ұсынатын жоғары технологиялық АХҚО Биржасын құру, сондай-ақ мемлекеттік активтерді жекешелендіру бағдарламасын өткізу жергілікті бөлшек сауда инвесторларының нарыққа шығуына ықпал етеді.

ЕАЭО және тұтастай Орталық Азия өңіріне әсер ететін тағы бір маңызды мәселе – транзиттік әлеуетті жүзеге

асыру. Қазақстан мен оның өңірдегі көршілері – өзара саудаға аса мүдделі Еуропа мен Оңтүстік-Шығыс Азияның арасындағы көпір. Осы тұрғыда, аталған өңірлер арасында транзиттік дәліздер құруды көздейтін ҚХР Үкіметінің «Белдеу және Жол» бастамасы нағыз серпін болып саналады. Қазақстан инфрақұрылымдық инвестицияларды тарту бойынша мүмкіндіктерді белсенді пайдалануда және бұл үшін барлық қажетті жағдайларды жасауда. Бұл тұрғыда АХҚО-ның алаңын пайдаланумен нақты инвестициялық ұсыныстар жасап отырған қытайлық серіктестердің қызығушылығын атап өтуге болады. Бұл ретте АХҚО «Белдеу және Жол» бастамасының жаһандық сипатын ескере отырып, Қазақстанда ғана емес, өңірдегі басқа да елдерге инвестициялар жеткізуді бағыптаушы ретінде әрекет етуге дайын.

Өңірлік экономикалық дамудың тағы бір маңызды мәселесі – бүкіл әлемде айтарлықтай танымалдыққа ие исламдық және жасыл қаржыландыру тетіктерін енгізу. Бұл салалар Қазақстан үшін салыстырмалы түрде жаңа, бірақ дәл осы салалар экономиканың сапалы дамуын қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Олардың келешегі зор екенін ескере отырып, АХҚО оларды дамытуға күш сала отырып, өңірдегі көршілерімен өз тәжірибесімен бөлісуге дайын.

Біз қаржы технологияларын дамытуға ерекше назар аударамыз. Белгілі формулаға сәйкес қолма-қол ақшасыз төлемдерді енгізу жыл сайын ЖІӨ-ні 1%-ға арттырады. Біз финтех-стартаптарға тек акселерация және әлеуетті инвесторларды табуға көмектесу арқылы ғана емес, сондай-ақ заңнамалық деңгейде де қолдау көрсетеміз.

АХҚО-ның юрисдикциясында қолданыстағы заңнаманы бұзу қаупінсіз финтех жобаларды іске қосуға мүмкіндік беретін «нормативтік құм алаңы» құрылды. Бұдан басқа, АХҚО сарапшылары өңірде алғаш рет Криптовалюталар айналысының тұжырымдамасын әзірледі.

Біз жоғарыда аталған барлық атқарымдармен ЕАЭО және Орталық Азиядағы серіктестерімізбен бөлісуге дайынбыз. Қазақстанның берекелі ел болуы, көршілерінің берекесімен тығыз байланысты деп ойлаймын.

2018 жыл «Астана» халықаралық қаржы орталығы үшін айрықша кезең болды. Осы жыл АХҚО-ны әлемдік деңгейге шығарып және ол туралы түсінікті өзгертіп қана қоймай, сонымен бірге орталықтың өзін және оның құрылымын өзгертті, оны әлдеқайда күшті және ұтқыр етті.

2018 жылдың 5 шілдесінде Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасының қатысуымен АХҚО салтанатты түрде ашылып, АХҚО Биржасы іске қосылды. Astana Finance Days аясында біз әлемдік деңгейдегі серіктестеріміз бен сарапшылармен отандық және өңірлік экономиканы дамытудың маңызды мәселелерін талқыладық.

2018 жылдың қазан айында Бағалы қағаздар комиссиясы халықаралық ұйымының қамқорлығымен бірінші рет Дүниежүзілік инвесторлар аптасы (World Investor Week) өткізілді. Әлеуетті инвесторлар үшін, сондай-ақ бизнесмендер мен стартаптар үшін АХҚО Қазақстанның бүкіл аумағында таныстырылды.

Сол айда исламдық қаржыландыруды дамыту жөніндегі біздің жұмысымыз халықаралық деңгейде танылды. АХҚО және оның өкілдері Ислам қаржысы бойынша беделді Жаһандық сыйлығының үш номинациясы бойынша лауреат атанды.

2018 жылдың қараша айында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы АХҚО Биржасында алғашқы сауда-саттықты бастап берді. Биржаны құру процесі басталған сәттен бір жылдай ғана уақыт өтті. Әлемдік уран өнеркәсібінің көшбасшысы – «Қазатом-өнеркәсіп» ұлттық компаниясы бірінші эмитент атанды. 2019 жылдың қаңтарында АХҚО Биржасы Ұлыбританияның Корольдік салық және кеден қызметінің (HMRC) тарапынан «танылған қор биржасы» мәртебесін

алды. Қазақстаннан тыс өңірлерде АХҚО Биржасына деген қызығушылық туындағанын атап өту керек, мәселен, 2019 жылдың сәуірінде ресейлік ірі тау-кен компанияларының бірі «Полиметалл» тұңғыш шетелдік эмитенті болды.

2018 жылғы желтоқсанда біз АХҚО-ны ЭКСПО көрмесінің заманауи инфрақұрылымына орналастыруды аяқтадық, оның елдегі ең үздік кеңсе ғимараттарына өзгертілген «мұрасы» ұлттық экономика мен әрбір қазақстандықтың игілігі үшін жұмыс істейтін болады. Біз сондай-ақ АХҚО алаңында Еуропа қайта құру және даму банкі, Deloitte, Сбербанк, Яндекс және т.б. сияқты бірқатар ірі шетелдік компаниялардың кеңселерін ашуға белсенді жұмыс істеп жатырмыз.

2019 жылдың қаңтарында біз CrimsonLogic компаниясындағы сингапурлық серіктестерімізбен бірлесіп жасалған «eJustice» дау-дамайларды шешудің онлайн-жүйесін іске қостық, бұл жүйе өңір үшін бірегей жоба болып саналады. Мысалы Франкфурт немесе Токиодағы кеңседен шықпай-ақ Нұр-Сұлтандағы сотта жеңу – таңғажайып шындық.

АХҚО Жаһандық қаржы орталықтарының жаңартылған индексінде Қазақстанның астанасы 102 орталықтың ішінен 51-ші орынды, ал Шығыс Еуропа мен Орталық Азия өңірі бойынша 1-ші орынды иеленді. Бұл үлкен жетістік, бірақ біз осы қол жеткен нәтижелермен тоқтап қалмаймыз».



ШОЛУ

02


ҚАЗАҚСТАН – ӨҢІРДІҢ ҚАРЖЫ ХАБЫ


Қазақстан – Орталық Азиядағы ең ірі экономикасы бар тұрақты және гүлденген мемлекет. Тәуелсіздік алғаннан бері республиканың жалпы ішкі өнімі айтарлықтай өсті. Соңғы 20 жылда осы көрсеткіштің орташа жылдық өсу қарқыны шамамен 6% құрады, бұл экспорттық көрсеткіштердің артуына және халықтың нақты табысының өсуіне орай ішкі тұтынушылық сұраныстың өсуіне байланысты.

2018 жылы Қазақстанның ЖІӨ 170,5 млрд. АҚШ долларына жетті, еліміз жан басына шаққанда 9,3 мың АҚШ долларды құрайтын ЖІӨ-нің көрсеткіші бойынша өңірдің көшбасшысы болып отыр.

Соңғы 25 жылдағы ЖІӨ көрсеткіштері

Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика жөніндегі комитеті





Соңғы 25 жылдағы ТШИ ағымы - 320 млрд. АҚШ доллары


Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика жөніндегі комитеті

Шикізат экспорты есебінен қарқынды экономикалық өсу кезеңінде жинақталған қаржы ресурстарының арқасында 2008-2009 және 2015-2016 жылдарда орын алған сыртқы факторлардың әсері кезінде тұрақтылықты сақтап қалды. Бес жылдық мерзімде әлемдік экономиканың баяу өсуінің аясында экономиканың 4,5%-ға дейін бірқалыпты өсуі, шикізат тауарларына сұраныстың біртіндеп артуы және қалыпты бағаның сақталуы бол-

жанып отыр. Жылдың қорытындысы бойынша инфляция деңгейі белгіленген нысаналы дәліз шегіндегі 5,3%-ға дейін төмендеді. Болашақта инфляция деңгейінің 3-4%-ға, сондай-ақ жұмыссыздық деңгейінің 4,8%-ға дейін бірте-бірте төмендеуі күтілуде. 2021 жылы мемлекеттік бюджеттің тапшылығын ЖІӨ-ге шаққанда 1,3%-ға дейін төмендету жоспарлануда.

ЖІӨ-нің болжамды көрсеткіштері

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігі



Елдің халықаралық резервтері 2018 жылдың қорытындысы бойынша 88,9 млрд. АҚШ долларын, соның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтері 58 млрд. теңгені, ал Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтын-валюта активтерінің мөлшері 30,9 млрд. АҚШ долларын құрады.

Жан басына шаққандағы және ЖІӨ-ге қатысты тікелей шетел инвестицияларын тарту рейтингінде Қазақстан биыл Орталық Азия өңірінде бірінші орынды иеленді. Дамушы елдер мен өтпелі экономикасы бар елдерге инвестициялар көлемінің азаюына алып келген халықаралық инвестициялық климаттың тұрақсыздығына қарамастан Республика шетелдік инвесторлар үшін өзінің тартымдылығын сақтап қалды. 2018 жылдың қорытындысы бойынша елімізге тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы көлемі 24,3 млрд. АҚШ долларын құрады. Тұтастай алғанда тәуелсіздік жылдарында еліміз 320 млрд. АҚШ доллары көлемінде шетелдік инвестиция тартты. Бұл көрсеткішке елдегі қолайлы іскерлік ахуалдың арқасында қол жеткізілді – қазіргі уақытта Қазақстан кедендік баж салығынан босату, импортқа



ҚҚС, мемлекеттік заттай гранттар, салықтық преференциялар, инвестициялық субсидиялар сияқты инвестициялық жеңілдіктер ұсынады, осының нәтижесінде елге тікелей шетелдік инвестициялардың үлкен көлемінің тұрақты ағыны жүзеге асты.

2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары шеңберінде адами капиталды дамыту, технологиялық жаңару және цифрландыру, бәсекеге қабілеттілікті арттыру, заңның ұлықтығын нығайту және өңірлерді дамуды негізгі бағыттар болып белгіленді.

2019 жылы Дүниежүзілік банктің «Бизнес жүргізудің жеңілдігі» рейтингі бойынша Қазақстан алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 8 орынға көтеріліп, әлемнің 190 елінің ішінен 28-ші орынға ие болды.


2018 жылғы Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексында Қазақстан Еуразия өңіріндегі елдер арасында екінші орынға ие болып, 140 елдің ішінен 59 орынға тұрақтады.

Қазақстан рейтингте Орталық Азия елдері мен Ресейді озып келеді, миноритарлық инвесторларды қорғау көрсеткіші бойынша әлемде бірінші орында тұр және келісім-шарттардың сақталуын қамтамасыз ету және бизнесті ашу жеңілдігі сияқты көрсеткіштер бойынша реформаларды ойдағыдай жүзеге асыруда. Салықтарды төлеу үшін қолайлы режим санатында еліміз 56-шы орында тұр.

Өз кезегінде, Қазақстан Республикасының Үкіметі құрылымдық реформаларды іске асыруды жалғасты-

Қазақстан акционерлердің құқықтары, банкроттық мәселелері бойынша нормативтік база және т.б. сияқты көрсеткіштер бойынша әлемде бірінші орынды иеленіп, 12 фактордың ішінде 5-еуі бойынша өз көрсеткішін жақсартты.

Жаңа Жібек жолының құрлық арқылы өтетін бағдарының негізгі элементі болып саналатын Қазақстан Еуропа мен Азия арасындағы сауда және саяси қатынастарды нығайтуға бағытталған «Белдеу мен Жол» бастамасының артықшылықтарын толығымен пайдалана алады.




Еуразия өңірі елдерінің арасындағы Бәсекелестіктің жаһандық индексындағы (ДЭФ БЖИ 2018) Қазақстан

Дереккөз: Дүниежүзілік экономикалық форумның есебі


Қазақстан 2019 жылғы Бизнесі жүргізудің жеңілдігі жөніндегі Дүниежүзілік банктің рейтингінде санаттар бойынша

Дереккөз: Дүниежүзілік банк



2016-2019 жылдардағы Бизнесті жүргізудің жеңілдігі бойынша Дүниежүзілік банктің рейтингісіндегі Орталық Азия елдері мен Ресей

Дереккөз: Дүниежүзілік банк



Өңірлік сипаттағы және қамтылған инфрақұрылымы бойынша тарихтағы ең ірі жоба болып саналатын бастама жаһандық сауданы өзгертуі мүмкін, ал АХҚО жобаны іске асыруда маңызды элемент болмақ. Нәтижесінде Қазақстан халықаралық сауда жүйесіне ықпалдасудан түсетін кірістерді иеленіп қана қоймайды, сонымен бірге ілеспелі қызметтер мен туынды инфрақұрылымды дамытуға оң әсер ете отырып, ішкі көліктік байланыстарды дамыта алады.

Теңдестірілген және тұрақты экономикалық өсуге қол жеткізу мақсатында Қазақстан экономиканы әртараптандыру және жеке секторды дамыту бойынша шараларды іске асыруға кірісті.

Осыған орай, жасыл экономиканы дамыту шеңберінде шығарындылар квотасымен сауда-саттық жасаудың озық жүйесі енгізілуде және парниктік газдар шығарындыларының квоталарымен сауда-саттық жасау ғана емес, сондай-ақ шығарындылар туралы деректерді бақылау мүмкіндігі болатын онлайн-платформа іске қосылуда.

«Самұрық-Қазына» Ұлттық қорының компанияларын жекешелендірудің Кешенді жоспарының шеңберінде өткізіліп жатқан жекешелендірудің жаңа толқыны шетелдік инвесторлар үшін пайдалы мүмкіндіктер ұсынуда. Жекешелендіру бағдарламасы Қор активтері құрылымын оңтайландыруды, корпоративті басқаруды жақсартуды, ашықтықты қамтамасыз етуді, технологиялар мен білім беруді, шағын және орта кәсіпорындарды дамытуды көздейді. АХҚО Биржасы 2018 жылғы ең күтілген іс-шара – «Қазатомөнеркәсіп» әлемдегі ең ірі уран компаниясының акцияларын жария орналастыруға арналған платформа болды. Алдағы уақыттарда АХҚО Биржасы Қордың телекоммуникация, әуе тасымалы, теміржол тасымалы, мұнай, энергетикалық, тау-кен өндіру салаларындағы акциялары жария орналастырылады деп күтілген компанияларға арналған платформа болмақ.

Қазіргі заманғы жаһандық әлемде тәуелсіз мемлекеттер бір-біріне тәуелді болып бара жатыр. Гүлденген, экономикалық тұрғыда дамыған өңірді құру Қазақстан мен барлық көршілес елдер үшін басымдық болып табылады. Мемлекеттің орнықтылығы, қолайлы іскерлік ахуал, инвестициялардың барлық деңгейдегі құқықтық кепілі еліміздің өңірдің қаржы хабы ретінде дамуының негізгі факторлары болуы тиіс.

**АХҚО-НЫҢ
ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ
НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ**

03

2015 – 2016 – 2017 – 2018 – 2019

2015

МАМЫР

- Өңірдің қаржы хабы ретінде «Астана» халықаралық қаржы орталығын құру жөнінде «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 24, 70-73-қадамдары қабылданды
- «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 19 мамырдағы Жарлығына қол қойылды

ЖЕЛТОҚСАН

- «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 7 желтоқсанындағы Конституциялық заңы қабылданды
- «Астана» халықаралық қаржы орталығының әкімшілігі құрылды
- «Астана» халықаралық қаржы орталығы аумағының шекарасын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы Жарлығына қол қойылды
- «Астана» халықаралық қаржы орталығын басқару жөніндегі кеңес туралы ережені және оның құрамын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы Жарлығына қол қойылды

2016

МАМЫР

- АХҚО-ны басқару жөніндегі кеңес АХҚО-ны дамыту стратегиясы мен АХҚО органдарының құрылымын, сондай-ақ АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті туралы ережені бекітті
- 2016 жылғы Астана экономикалық форумы аясында «Экономикалық өсудің халықаралық тәжірибесі: «Астана» халықаралық қаржы орталығын дамытуға арналған тетіктер мен құралдар» панельдік сессиясы өтті
- Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының төрағалығымен Шетелдік инвесторлар кеңесінің АХҚО-ның қалыптасуы мен дамуына арналған 29-шы пленарлық отырысы өтті

2017

ТАМЫЗ

- АХҚО Үзіліссіз кәсіби даму бюросы құрылды

ҚАҢТАР

- АХҚО-дағы қаржылық қызметтер және олармен байланысты қызметтерді тәуелсіз реттеуші орган ретінде АХҚО-ның Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті (AFSA) құрылды

АҚПАН

- АХҚО Құқықтық консультативтік кеңесі құрылды

НАУРЫЗ

- АХҚО Исламдық қаржыға арналған форум (IFN CIS 2017) өткізді
- АХҚО Басқарушысы Қайрат Келімбетов Қазақстанның атынан Ислам Даму Банкі Тобының (IsDB) Басқарушысы атанды
- Қазақстан Республикасы Конституциясының 2-бабы 3-1-тармағымен Нұр-Сұлтан қаласында қаржы саласындағы ерекше құқықтық режим орнату туралы норма толықтырылды

МАУСЫМ

- АХҚО Академиялық кеңес құрылды

ШІЛДЕ

- Малайзияның қаржылық аккредиттеу агенттігі (FAA) АХҚО-мен серіктесіп, Нұр-Сұлтанда исламдық қаржы саласындағы сертификатталған оқытушыларды даярлау бағдарламасын (СТР) іске қосты

ҚЫРКҮЙЕК

- АХҚО Исламдық қаржы жөніндегі жаһандық сыйлығымен (GIFA 2017) марапаттау рәсімін өткізді

ҚАЗАН

- АХҚО-ның Экспат орталығы құрылды

ҚАРАША

- АХҚО-ның Биржасы құрылды
- АХҚО Жасыл қаржы жөніндегі стратегия мен тұжырымдаманы қабылдады
- АХҚО қаржылық технологиялар жөніндегі Халықаралық сарапшылық кеңесі құрылды

2018

ЖЕЛТОҚСАН

- АХҚО Соты мен Халықаралық төрелік орталығы құрылды
- Шанхай қор биржасы АХҚО Биржасының стратегиялық серіктесі атанды
- Nasdaq АХҚО Биржасының технологиялық серіктесі атанды
- АХҚО Ислам қаржысы жөніндегі Халықаралық сарапшылық кеңесі құрылды
- АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті Исламдық қаржы қызметтері кеңесінің (IFSB) және Исламдық қаржы институттарының бухгалтерлік есеп және аудиті ұйымының (AAOIFI) толық құқықты мүшесі атанды
- «Астана» халықаралық қаржы орталығы аумағының шекарасын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы Жарлығына сәйкес АХҚО аумағының шекарасы 1632 га дейін ұлғайтылды
- АХҚО-ның Жалпы қолданылатын және қаржы қызметтері жөніндегі актілері қабылданды

ҚАҢТАР

- АХҚО барлық органдары мен ұйымдары жұмысы ресми түрде іске қосылды
- АХҚО Бахрейн Банк ісі және қаржы институты (BIBF) және Бағалы қағаздар мен инвестициялар жөніндегі институтпен (CISI) ынтымақтасып, ислам қаржысы бойынша сертификаттау бағдарламасын ұйымдастырды

АҚПАН

- АХҚО Ислам банктері мен қаржы институттары бас кеңесінің (CIBAFI) мүшесі атанды
- АХҚО Биржасы жасыл және исламдық қаржы құралдарын шығару бойынша ережелерді қоса алғанда, Қағидалар жиынтығын қабылдады

НАУРЫЗ

- Қазақстанның астанасы алғаш рет Қаржы орталықтарының жаһандық индексіне (GFCI 23) кіріп, әлемнің 96 қаржы орталығының арасынан 88-ші орынға ие болды

СӘУІР

- АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті Халықаралық бағалы қағаздар жөніндегі комиссия ұйымының (IOSCO) қауымдастырылған мүшелігіне қабылданды

МАУСЫМ

- АХҚО-ның Жасыл қаржы орталығы құрылды
- АХҚО Жасыл қаржы жөніндегі консультативтік кеңесі құрылды

ШІЛДЕ

- Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының қатысуымен АХҚО-ның ресми ашылуы өтті
- АХҚО Astana Finance Days (AFD) халықаралық конференциясын өткізді, оның барысында жаһандық қаржы, капитал нарықтары, ислам экономикасы, жасыл өсу, құқықтық мәселелер және Жібек жолы елдері, Ислам Даму Банкі Transformers Roadshow (IsDB) бойынша форумдар өтті
- АХҚО Исламдық Даму Банкімен (IsDB) Исламдық қаржыландыруды дамытудың бас жоспарын әзірлеу грантын алу туралы келісімге қол қойды
- Қазақстанның астанасы исламдық қаржыландырудың беделді рейтингінде (GIFR 2018) 48 орыннан 24-ші орынды иеленді
- АХҚО Халықаралық қаржы орталықтарының дүниежүзілік альянсының (WAIFC) негізін қалаушы мүшесі атанды
- Стартаптар және халықаралық инвесторлар мен демеушілер үшін Seedstars халықаралық серіктес іске асырған FinTechStars Acceleration бағдарламасының шеңберінде Demo Day өткізілді
- Оқушылар үшін қаржы бойынша АХҚО олимпиадасы өткізілді

ТАМЫЗ

- Стратегиялық және экономикалық даму мәселесі жөніндегі Халықаралық консультативтік топ құрылды

ҚЫРКҮЙЕК

- Қаржы орталықтарының жаһандық индексіне (GFCI 24) Қазақстанның астанасы жүздіктің ішінде 61 орынға көтерілді.
- ААХҚО Исламдық қаржы жөніндегі жаһандық сыйлықтың (GIFA 2018) аясында үш жүлдеге ие болды

ҚАЗАН

- АХҚО-да 2018 жылы Халықаралық инвесторлардың апталығы өткізілді
- Goldman Sachs инвестициялық банкі АХҚО Биржасының стратегиялық серіктес атанды

2019

ҚАРАША

- АХҚО Биржасында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының қатысуымен «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық компаниясының IPO-сы – сауда-саттық ресми түрде басталды
- АХҚО Биржасында Қаржы министрлігінің еурооблигацияларын алғашқы орналастыру іске асты
- АХҚО Биржасы Еуропа-Азиялық қор биржасының (FEAS) мүшесі атанды
- АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті Сақтандыруды қадағалау органдарының халықаралық қауымдастығының (IAIS) құрамына қабылданды
- АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің (BCBS) өңірлік тобы – Орталық және Шығыс Еуропа банктік қадағалау тобына (BSCEE) кірді
- Жібек жолының қоры АХҚО Биржасының серіктесі атанды
- АХҚО-ның аудит комитеті құрылды

ЖЕЛТОҚСАН

- АХҚО Биржасында «Белдеу және Жол» арнайы биржалық сектор құрылды
- АХҚО Climate Bonds Initiative-пен серіктестік туралы келісімге қол қойды

ҚАҢТАР

- АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті Әлемдік реттеушілер тобымен бірлесіп Қаржылық технологиялардың жаһандық желісін (GFIN) іске қосты

АҚПАН

- АХҚО Биржасы Ұлыбританияның корольдік салық және кеден қызметінің (HMRC) тарапынан «танылған қор биржасы» мәртебесіне ие болды
- АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитет Корпоративтік тіркеушілер форумына (CRF) қосылды
- АХҚО Соты мен Халықаралық төрелік орталығы eJustice электронды сот төрелігінің жаңа жүйесін іске қосты

НАУРЫЗ


- «Қазақстан инвестициялық даму қоры» тікелей инвестициялар қоры мен оның активтерін инвестициялық басқару жөніндегі басқарушы компания құрылды
- Қазақстанның астанасы Шығыс Еуропа мен Орталық Азия өңірінің рейтингінде 1-орынға шығып, Қаржы орталықтарының жаһандық индексіде (GFCI 25) 102 орыннан 51-орынға көтерілді
- АХҚО Биржасы акциялар бойынша клиринг пен есептесуге биржа мүшелеріне саудадан кейінгі қызметтердің толық спектрін ұсыну үшін KELER Group-ті таңдады
- АХҚО Биржасы «Белдеу және Жол» бастамасының Жасыл инвестициялау қағидаттарына қосылды
- АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Көмек көрсету және өзара ынтымақтастық туралы келісім жасасты
- Азия Даму Банкінің (ADB) «Инклюзивті өсуге арналған исламдық қаржыландыру» тақырыбы бойынша өңірлік техникалық көмегі мақұлданды
- АХҚО-да Малайзия Үкіметінің қолдауымен дайындалған Қазақстандағы исламдық қаржыландыруға арналған зерттеу таныстырылды


СӘУІР

- АХҚО-дағы Заң қызметін құқықтық реттеу мәселелері жөнінде консультативтік панель құрылды
- АХҚО Биржасында алғашқы шетелдік эмитент – Полиметалл ресейлік ірі тау-кен компаниясының листингі өтті

МАУСЫМ

- АХҚО-ның Исламдық қаржыландыру қағидаттары бойынша орталық кеңесі құрылды





**ҚОЛДАНЫСТАҒЫ
ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ
РЕТТЕУШІЛІК БАЗА**

04





ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ҚҰҚЫҚ

«Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы «Астана» халықаралық қаржы орталығын қаржы саласындағы арнайы құқықтық режим қолданылатын, Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын Астана қаласының шегіндегі аумақ ретінде анықтайды.

Орталықтың қолданыстағы құқығы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделген

және Конституциялық заңнан, Англия және Уэльс құқығының қағидаттарына, нормалары мен прецеденттеріне және әлемнің жетекші қаржы орталықтарының стандарттарына негізделген АХҚО-ның актілерінен және Конституциялық заңмен және Орталықтың актілерімен реттелмеген бөлігінде қолда-

нылатын Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығынан тұрады.

Үздік әлемдік тәжірибені енгізуді, АХҚО қолданыстағы заңнамасына Англия мен Уэльстің құқығын имплементациялауды қамтамасыз ету мақсатында АХҚО-ның Құқықтық консультативтік кеңесі құрылды, Кеңес АХҚО-ның жалпы қолданылатын актілерінің халықаралық қаржы орталықтарының стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етті.

АХҚО-ның қабылданған актілері АХҚО мен басқа да тұлғалардың арасындағы қарым-қатынастардың басым бөлігін, мысалы, корпоративтік, келісімшарттық, еңбек және басқа да қатынастарды қамтиды. АХҚО актілері қамтитын қарым-қатынастар салалары ұдайы кеңеюде. АХҚО құқығын, егер бұл олардың келісім-шарттарында көрсетілсе, онда кез-келген елде кез-келген тұлға таңдай алатындығын айта кету керек.

www.laws.aifc.kz

АХҚО-НЫҢ ЖАЛПЫ ҚОЛДАНЫЛАТЫН АКТІЛЕРІ

1. АХҚО-ны басқару жөніндегі кеңестің 2016 жылғы АХҚО Органдарының құрылымы туралы қаулысы және АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті туралы ереже
2. Келісімшарттар туралы 2017 жылғы АХҚО актісі
3. Еңбек қатынастары туралы 2017 жылғы АХҚО актісі
4. Компаниялар туралы 2017 жылғы АХҚО актісі
5. АХҚО актілері туралы 2017 жылғы АХҚО актісі
6. Сот туралы 2017 жылғы АХҚО актісі
7. Төрелік туралы 2017 жылғы АХҚО актісі
8. Жалпы серіктестік туралы 2017 жылғы АХҚО актісі
9. Келісімшарттарда көзделетін талаптар мен әділетсіз талаптар туралы 2017 жылғы АХҚО актісі
10. Кепілдік туралы 2017 жылғы АХҚО актісі
11. Неттинг туралы 2017 жылғы АХҚО актісі
12. Түпкілікті есептеулердің төлем жүйесі туралы 2017 жылғы АХҚО актісі
13. Деректерді қорғау туралы 2017 жылғы АХҚО актісі
14. Коммерциялық емес ұйымдар туралы 2017 жылғы АХҚО актісі
15. Шектеулі серіктестік туралы 2017 жылғы АХҚО актісі
16. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік туралы 2017 жылғы АХҚО актісі
17. Банкроттық туралы 2017 жылғы АХҚО актісі
18. Жеке меншік туралы 2017 жылғы АХҚО актісі
19. Міндеттемелер туралы 2017 жылғы АХҚО актісі
20. Залалдарды өтеу туралы 2017 жылғы АХҚО актісі
21. Жалпы серіктестік туралы 2017 жылғы АХҚО қағидалары
22. Материалсыздандырылған инвестициялар туралы 2017 жылғы АХҚО қағидалары
23. Арнайы мақсаттағы компаниялар туралы 2017 жылғы АХҚО қағидалары
24. Коммерциялық емес ұйымдар туралы 2017 жылғы АХҚО қағидалары
25. Банкроттық туралы 2017 жылғы АХҚО қағидалары
26. Компаниялар туралы 2017 жылғы АХҚО қағидалары
27. Шектеулі серіктестік туралы 2017 жылғы АХҚО қағидалары
28. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік туралы 2017 жылғы АХҚО қағидалары
29. Деректерді қорғау туралы 2018 жылғы АХҚО қағидалары
30. Жалпы серіктестік туралы 2017 жылғы АХҚО қағидалары
31. АХҚО қатысушылары мен АХҚО органдары тартатын шетелдік жұмыс күшін есепке алуды жүргізу жөніндегі 2018 жылғы АХҚО қағидалары
32. АХҚО резервтерін жасақтау мен пайдалану жөніндегі 2018 жылғы АХҚО қағидалары
33. АХҚО-да қаржыландыру мен бюджеттеу жөніндегі 2018 жылғы АХҚО қағидалары
34. АХҚО Сотының 2018 жылғы АХҚО қағидалары
35. ХТО Төрелік пен медиация жөніндегі 2018 жылғы АХҚО қағидалары
36. «Астана» халықаралық қаржы орталығын қатысушыларының корпоративтік табыс салығынан босатылуға жататын және салық салынатын табыстардың, сондай-ақ шегерілуге жататын шығыстардың бөлек есебін жүргізу қағидаларын бекіту туралы, 2017 жыл (АХҚО, Қаржы министрлігі және Ұлттық экономика министрлігі арасындағы бірлескен бұйрық)
37. Салықтық әкімшілендіру және салық салу мәселелері бойынша мемлекеттік кірістер органдарының АХҚО органдары және қатысушыларымен өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту туралы, 2017 жыл (АХҚО мен Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті арасындағы бірлескен бұйрық)
38. АХҚО-да қызметті жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасына келетін шетел азаматтары мен азаматты жоқ тұлғалар үшін Қазақстан Республикасына кіру және шығару шарттары мен тәртібін бекіту туралы, 2017 жыл (АХҚО Басқарушысының бұйрығы)
39. № 1 арнайы ережелерді бекіту туралы, 2018 жыл (АХҚО мен Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті арасындағы бірлескен бұйрық)
40. № 2 арнайы ережелерді бекіту туралы, 2018 жыл (АХҚО мен Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті арасындағы бірлескен бұйрық)
41. № 3 арнайы ережелерді бекіту туралы, 2018 жыл (АХҚО мен Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті арасындағы бірлескен бұйрық)
42. Қорлар туралы 2019 АХҚО актісі



Майкл Блэр

АХҚО-ның Құқықтық консультативтік кеңесінің Төрағасы, 3 Verulam Buildings адвокаттық палатасының жоғарғы рангтағы корольдік адвокат

«Арнайы құқықтық режим дегеніміз – тәуелсіз халықаралық қаржы орталығының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге арналған коммерциялық құқықтың еркін әрекет ете алатын жүйесі. Ең үздік әлемдік практика мен Англия мен Уэльстің тиісті заңдарын енгізуді қамтамасыз ету мақсатында АХҚО мен төрағалық ету құрметіне ие болған Құқықтық консультативтік кеңесті құрды. Baker McKenzie, Herbert Smith Freehills, Hogan Lovells International, Michelmores, Norton Rose Fulbright және White & Case сияқты лондондық заң фирмаларының өкілдері Құқықтық кеңестің мүшелері болып табылады. Бұл АХҚО-ның құрылуымен байланысты бірегей ерекшелік».

РЕТТЕУШІ БАЗА

Әділдік, ашықтық, инвесторлардың құқығын қорғау мен сенімділік – бұлар АХҚО-ның Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитетінің қызметі негізделген басты қағидаттар. Мұндай қағидаттардың болуы сенімді нормативтік құқықтық базаның кепілі.

Комитет қаржы және реттеуші технологияларды, өнімдер мен қызметтерді іске қосуға мүмкіндік беретін инновациялық тәсілдерді қолдауды көздейтін,

сондай-ақ АХҚО аясында ұсынылатын реттелетін, қосалқы және басқа қызмет түрлерін іске асыруға қатысты консультативтік және ыңғайлы тәсілдерді қолданатын АХҚО-ның құқықтық базасын жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыруда.

Қазіргі уақытта АХҚО-ның қолданыстағы реттеушілік ережелері қор нарығы, банктік және сақтандыру қызметі, ислам қаржысы, қаржы технологиялары, активтерді басқару және жеке банктіктік қызмет салаларын қоса алғанда, қаржы қызметтерінің алуан түрлерін көрсетуге мүмкіндік береді, сондай-ақ АХҚО-ның қаржы қызметтері нарығын дамытуға арналған инклюзивті және сенімді орта ретінде әрекет етеді.

**Әділдік, ашықтық, инвесторлардың
құқығын қорғау мен сенімділік**

АХҚО-НЫҢ ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ АКТИЛЕРІ

1. Қаржы қызметтері туралы 2017 жылғы АХҚО ережесі
Авторизация мен лицензиялауға арналған талаптар
2. АХҚО-ның 2017 жылғы Жалпы қағидалары
3. Нарықтық мекемелерді лицензиялау туралы 2017 жылғы АХҚО қағидалары
4. Тану туралы 2017 жылғы АХҚО қағидалары
5. Өкілдіктер туралы 2017 жылғы АХҚО қағидалары
АХҚО-ның стратегиялық бағыттарын іске асыруға арналған ережелері
6. Нарықтық қызмет туралы 2017 жылғы АХҚО қағидалары
7. Пре-IPO листинг туралы 2018 жылғы АХҚО қағидалары
8. Ұжымдық инвестициялар тетіктері туралы 2017 жылғы АХҚО қағидалары
9. Исламдық қаржыландыру туралы 2017 жылғы АХҚО қағидалары
10. Қаржылық технологиялар туралы 2019 жылғы АХҚО қағидалары
Пруденциялық талаптар
11. Банк қызметін пруденциялық реттеу туралы 2018 жылғы АХҚО қағидалары
12. Исламдық банктік қызметті пруденциялық реттеу туралы 2017 жылғы АХҚО қағидалары
13. Сақтандыру мен қайта сақтандыруды пруденциялық реттеу туралы 2018 жылғы АХҚО қағидалары
14. Такафул исламдық сақтандыру мен Ретакафул қайта сақтандыруды пруденциялық реттеу туралы 2018 жылғы АХҚО қағидалары
15. АХҚО-ның инвестициялық компаниялары үшін пруденциялық реттеу туралы 2017 жылғы АХҚО қағидалары
16. АХҚО-ның сақтандыру делдалдары мен сақтандыру менеджерлеріне арналған пруденциялық реттеу туралы 2017 жылғы АХҚО қағидалары
Бизнес жүргізудің талаптары мен ережелері
17. Бизнес жүргізу туралы 2017 жылғы АХҚО қағидалары
18. Ақшаны жылыстату мен терроризмді қаржыландыруға қарсы әрекет ету және санкциялар белгілеу туралы 2017 жылғы АХҚО қағидалары
19. Қылмыстық әрекеттермен алынған табыстарды заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы әрекет етудің кейбір мәселелері туралы, 2018 жыл
20. Аудиторлық қызмет туралы 2017 жылғы АХҚО қағидалары
21. Алымдар мен төлемдер туралы 2017 жылғы АХҚО қағидалары
Басқалар
22. АХҚО аумағында қаржылық және кәсіби қызметтер ұсынуға қатысты валюталық транзакциялардың шарттары мен рәсімдері туралы (АХҚО Басқарушысының 2017 жылғы бұйрығы)
23. Табысы корпоративтік табыс салығынан босатылатын қаржылық қызметтер туралы (АХҚО Басқарушысының 2017 жылғы бұйрығы)
24. АХҚО қатысушының немесе органының қызметкері болып табылатын шетелдіктің және азаматтығы жоқ тұлғаның жоғары біліктілігін растайтын құжаттар тізбесі, 2017 (АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетеді реттеу жөніндегі комитетінің Директорлар кеңесі)
25. Ынтымақтастық және ақпарат алмасу туралы 2018 жылғы АХҚО қағидалары
26. 2018 жылғы АХҚО-ның глоссарийі

**ҰЙЫМДЫҚ
ҚҰРЫЛЫМ**

05

АХҚО-НЫ
БАСҚАРУ
ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС

АХҚО
БАСҚАРУШЫСЫ

АХҚО
ӘКІМШІЛІГІ

АХҚО ҚАРЖЫЛЫҚ
ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУДІ
РЕТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ
КОМИТЕТІ

АХҚО СОТЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ТӨРЛЕІК ОРТАЛЫҒЫ

АХҚО ОРГАНДАРЫНЫҢ ҰЙЫМДАРЫ

АХҚО
БИРЖАСЫ

АХҚО ЭКСПАТ
ОРТАЛЫҒЫ

ҮЗІЛІССІЗ
КӘСІБИ ДАМУ
БЮРОСЫ

ФИНТЕХ ХАБ

ЖАСЫЛ ҚАРЖЫ
ОРТАЛЫҒЫ

ТІКЕЛЕЙ
ИНВЕСТИЦИЯЛАР ҚОРЫ

АХҚО-НЫ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС

АХҚО-ны Басқару жөніндегі кеңес – Қазақстан Республикасы Президенті басқаратын тұрақты әрекет ететін алқалық орган, АХҚО-ның жоғарғы басшылық органы. Кеңес АХҚО-ны дамытудың стратегиялық бағыттарын айқындайды және АХҚО-ны жетекші халықаралық қаржы орталығы ретінде қалыптастыруға арналған қолайлы жағдайларды дамытуға ықпал етеді. АХҚО-ның өкілеттіктеріне АХҚО актілерін қабылдау, орталық органдарының құрылымын айқындау, АХҚО Сотының құрамын және Халықаралық төрелік орталығын қалыптастыру негіздерін, орталықтың қызметі туралы жылдық есепті бекіту және т.б. кіреді.

www.aifc.kz



**Қасым-Жомарт
Тоқаев**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТІ,
АХҚО-ны басқару жөніндегі
кеңестің Төрағасы



**Асқар
Мамин**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ,
АХҚО-ны басқару жөніндегі кеңес
Төрағасының орынбасары



**Әлихан
Смайылов**

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Бірінші
орынбасары –
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі



**Руслан
Дәленов**

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика
министрі



**Ерболат
Досаев**

Қазақстан
Республикасы
Ұлттық Банкінің
Төрағасы



**Қайрат
Келімбетов**

«Астана» халықаралық
қаржы орталығын
Басқарушы



Доктор Джэйкоб Френкель

J.P. Morgan
Chase International
Төрағасы

«Қазақстанның астанасын 20 жыл бұрын Астанаға көшіру туралы тарихи шешім бүкіл елдің экономикалық дамуының қозғалтқышы ретінде өз қызметін дәлелдеді. Менің ойымша, сол кезде бұл шешімнің маңыздылығы мен мәнін көпшілік бағалаған жоқ. Қазіргі таңда Қазақстан қарқынды дамып келеді және әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру жолында. Бүгінгі күні АХҚО-ны құру осындай трансформациялық бастама мен шешім болады деп сенемін».



Герман Грегф

Ресей Сбербанкі
Басқармасының Төрағасы

«Инвесторлар «дауыс бере алатын» ең басты нәрсе - мұнда болу үшін алғашқы қадамдар жасау. Қазақстан мен АХҚО басшылығына осы аса өршіл идеяны іске асыруда сәтті старт пен табыс тілеймін».



Аркадий Волож

Yandex-тің негізін
қалаушылардың бірі
және Басқарма Төрағасы



Сэр Сума Чакрабарти

Еуропа Қайта құру
және Даму банкінің
Президенті

«АХҚО «Белдеу мен Жол» жобасының негізгі қаржы хабтарының бірі болуы мүмкін. Орталық сондай-ақ ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру үшін халықаралық инвесторларды тартуға ықпал ететін болады.

АХҚО-ның дамуы елдегі жалпы реформаларды жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. Орталық шетелдік инвестицияларды Қазақстанға бағыттауға ықпал етеді, өсуді ынталандырады, корпоративтік басқарудың жаңа стандарттарын орнатады, тәжірибені қабылдап, береді. Сондай-ақ, орталық елдегі басты міндеттердің бірі – ең ірі де қуатты компанияларды жекешелендіруде шешуші рөл атқарады».



Джули Монако

Citigroup инвестициялық
және корпоративтік банкінің
Үкімет және мемлекеттік сектор
жаһандық блогының басшысы



Доктор Бандар Хаджар

Ислам даму банкі
тобының Президенті

«Мен Қазақстан мен осы өңірдің инновация мен кәсіпкерлікті дамыту тұрғысынан көп нәрсені ұсына алатындығын білемін. Бүгін біз дарынды жандардың дауысын естиміз, бар идеяларды көреміз деп үміттенемін. Қазақстан қазір исламдық қаржыландырудың көшбасшыларының қатарына қосылып, бұл сала үшін дамушы нарыққа айналғандығы мені қуантады. Ел исламдық қаржының табысты дамытып қана қоймай, өзін өңірдегі исламдық қаржы хабы ретінде танытуына қажетті барлық негізгі талаптарға сай келеді».

АХҚО ӘКІМШІЛІГІ

АХҚО әкімшілігі Орталықтың даму стратегиясын, қаржылық қызметтерді мен орталықтағы олармен байланысты қызметті реттеу саласына қатысты емес мәселелер бойынша АХҚО актілерін әзірлеуге, АХҚО аумағында көрсетілетін қызметтерді дамытуға және Орталық инфрақұрылымын басқаруға, АХҚО-ны жаһандық нарықтарда ілгерілетуге және әлеуетті қатысушыларды тартуға жауапты орган. Әкімшілік сонымен бірге орталық органдары, олардың ұйымдары және қатысушыларының, сондай-ақ олардың қызметкерлерінің жұмысы үшін жайлы жағдайды қамтамасыз етеді және өз құзыреті шегінде олардың мүдделерін білдіреді.

Орган қаржылық қызмет көрсету, реттеу мен заңның ұлықтығы саласындағы жоғарғы халықаралық стандарттарға негізделген қолайлы және қауіпсіз экожүйені қамтамасыз ете отырып, Орталық Азия елдері, Кавказ республикалары, Еуразиялық экономикалық одақ, Таяу Шығыс пен

Еуропа елдері, сондай-ақ Батыс Қытай мен Моңғолия үшін шын мәніндегі жаһандық халықаралық қаржы хабы ретінде Нұр-Сұлтан қаласын дамытуға өз үлесін қосуға ұмтылады.

АХҚО әкімшілігі АХҚО-ның жаһандық интеграциясын кеңейтуді және орталықты халықаралық деңгейде ілгерілетуді, халықаралық қаржы орталықтарының органдары және қатысушыларымен, қаржы институттары және инвестициялық компаниялармен байланыс орнатуды мақсат тұтады.

Алдағы уақыттарда АХҚО әкімшілігі жоғары кәсіби және тиімді басқару жүйесі мен қолжетімді қызметтердің мол жиынтығын қамтамасыз ету арқылы АХҚО-да қызметін жүзеге асыратын компаниялардың өсуін қолдауға ниетті. АХҚО-да өз қызметін жүзеге асыра отырып, қатысушылар бүкіл әлемде сақталатын үздік халықаралық стандарттар мен қағидаттарды алға жылжитатын өзін жақсы жағынан таныта білген корпоративтік басқару режимін қолданады.

www.aifc.kz



**Қайрат
Келімбетов**

Директорлар кеңесінің
Төрағасы

Қазіргі уақытта АХҚО-ның Басқарушысы лауазымын атқарады. Бұған дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ Басқарма Төрағасы лауазымдарын атқарған. ҚР Президентінің Әкімшілігін, «Қазына» ТДК, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігін басқарды. Бұрын сондай-ақ Бірінші қаржы вице-министрі, Стратегиялық жоспарлау агенттігінің басшысы болды.

АХҚО ӘКІМШІЛІГІ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ



**Нұрлан
Құсайынов**

Директорлар кеңесінің
мүшесі

АХҚО әкімшілігінің Басқарма Төрағасы лауазымын атқарады. Бұған дейін ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының Орынбасары лауазымын атқарды, Қазақстанның Даму Банкін басқарды. «Al Falah Partners» тікелей инвестициялар қорында басқарушы серіктес, Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығының басшысы, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің кеңесшісі, Женева қ. Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру мәселелер жөніндегі ҚР Индустрия және сауда министрлігінің арнайы тобының басшысы болып қызмет атқарды.



**Қуат
Қожахметов**

Директорлар кеңесінің
мүшесі

Қазіргі уақытта «Самұрық-Қазына Келісімшарт» компаниясының Бас директоры лауазымын атқарады. Бұған дейін ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары, ҚР Ұлттық Банкінің Қаржылық қадағалау комитетінің Төрағасы, ҚР Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі Төрағасының Орынбасары, Цесна Корпорациясының Басқарма Төрағасы, Цеснабанк Директорлар Кеңесінің және Цеснабанк Басқармасының Төрағасы лауазымдарын атқарған.



**Қуанышбек
Есекеев**

Директорлар кеңесінің
мүшесі

«Қазақтелеком» ұлттық компаниясының Басқарма Төрағасы қызметін атқарады. Бұрын Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің Басқарма төрағасының орынбасары, кейін төрағасы қызметтерін атқарды. ҚР Қаржы, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрліктерінде департамент директоры лауазымында ақпараттандыру мәселелеріне жетекшілік етті.



**Румиль
Тауфиков**

Тәуелсіз директор

«Tokyo Rope Almaty» Директорлар кеңесінің Төрағасы лауазымын атқарады. Бұрын Алматы қаласы әкімінің орынбасары болған, ҚР Президенті Әкімшілігінің жүйесінде консультант, сектор меңгерушісі, бас инспектор, ҚР Президентінің Протоколы бастығының орынбасары, бастығы лауазымдарын атқарды.



**Ульф
Вокурка**

Тәуелсіз директор

Қазіргі уақытта Нұрбанктің тәуелсіз директоры – Директорлар кеңесінің мүшесі. Бұрын Цеснабанк пен Қазкоммерцбанктің Басқарма Төрағасы, Қазақстан ипотекалық компаниясының Директорлар кеңесінің мүшесі болды, Алматыдағы Deutsche Bank AG өңірлік өкілдігін басқарды. Ол активтерді басқару жөніндегі немістің Метцлер компаниясының басқарушы директоры қызметін атқарды, онда Ресей мен ТМД елдеріндегі халықаралық бизнестің дамуына жетекшілік етті.



**Прасад
Бхамре**

Тәуелсіз директор

Қазіргі уақытта Тікелей инвестициялар қоры Басқарушы компаниясының тәуелсіз директоры. Бұрын «Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясы Президентінің кеңесшісі, «Самұрық-Қазына Инвест» бас директорының орынбасары, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» Басқарушы Директор, «KUN Renewable Energy, Solar Energy, Semi-Silicone» Басқарма Төрағасы, «Қазына» Тұрақты даму қоры Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымдарын атқарды.



**Антонио
Риера**

Тәуелсіз директор

Boston Consulting Group (BCG) компаниясында қаржы қызметтері саласында аға кеңесшісі лауазымын атқарады. Бұрын BCG аға серіктесі, басқарушы директоры болды, Cedel Bank-те басшылық лауазымдар атқарды, Citibank-те 15 жылдан астам жұмыс істеді, атап айтқанда, басқарушы директор және түрлі бөлімшелердің меңгерушісі болды.



**Девон
Арчер**

Тәуелсіз директор

Rosemont Solebury Capital Management LLC. компаниясының тең құрылтайшысы, бас басқарушы директоры. Ол сондай-ақ Rosemont Realty атқарушы директоры, Burnham Finance директоры және Heinz Family Office қамқоршысы болып жұмыс істейді. Өзінің мансабын Citigroup-та бастады, New England Financial компаниясының вице-президенті, MetLife стратегиялық басқару тобының арнайы сарапшысы, 2004 жылы президенттік науқан кезінде Джон Керридің аға кеңесшісі лауазымдарын атқарды, содан кейін АҚШ Ұлттық қаржы комитетінің тең төрағасы болды.

АХҚО ӘКІМШІЛІГІНІҢ БАСҚАРМАСЫ



НҰРЛАН ҚҰСАЙЫНОВ

Басқарма Төрағасы



ҚАЙРАТ ӘЙТЕКЕНОВ

Басқарма Төрағасының
Бірінші орынбасары



МАРАТ ӘЙТЕНОВ

Басқарма Төрағасының
Бірінші орынбасары



ЕРНҰР РЫСМАҒАМБЕТОВ

Басқарма
Төрағасының орынбасары



ТЕМІРЛАН МҰХАНБЕТЖАНОВ

Басқарма
Төрағасының орынбасары



НҰРҒАНЫМ ӨТЕБАЕВА

Корпоративтік қызметтер
тобының басшысы

АХҚО ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУДІ РЕТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ

АХҚО-ның Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті – АХҚО-дағы барлық реттелетін қызмет түрлерінің, нарықтық қызметтің, қосалқы қызметтердің тәуелсіз біріктірілген реттеушісі. АХҚО-ның біріктірілген реттеушісі ретінде Комитет сондай-ақ қаржы қызметтері мен қаржылық емес қызметтерді көрсететін АХҚО-ның қатысушыларын тіркеуді жүзеге асырады.

Комитеттің реттеу саласы капитал нарықтары, банк қызметі, сақтандыру, исламдық қаржы, финтех, активтерді басқару және жеке банктік қызмет көрсету сияқты негізгі қаржы қызметтерін қамтиды.

Комитет өзінің ашылған сәтінен бастап үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес келетін және инвесторлар мен бизнес өкілдерінің сеніміне ие болатын реттеуші режимді құруды көздейді.

Комитеттің негізгі міндеттерінің бірі – икемді, бірақ бейтарап реттеу арқылы бизнес пен инновацияларды дамытуға қолайлы ортаны қамтамасыз ету. АХҚО-ның реттеушілік тәсілі АХҚО-ның қаржы жүйесінің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету және АХҚО қатысушыларына, инвесторлар мен қаржы қызметтерін тұтынушыларға әділ, тиімді және ашық қаржы нарықтарымен қамтамасыз ету арқылы бизнесті жүргізуге жәрдемдесуге арналған.

АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті бір жағынан болжамды, ашық реттеушілік орта және қаржылық тұрақтылықты сақтау, нарыққа сенімділік пен тұтынушылардың құқығын қорғауды қамтамасыз ету, сондай-ақ екінші жағынан тұрақты даму мен инновацияларды енгізуді ынталандыру арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуге ұмтылады.

2019 жылғы маусым айындағы жағдай бойынша АХҚО-да лицензияланатын қызметтер тізбесі реттелетін қызметтің 25 түрін, нарық қызметінің 3 түрін және қосалқы қызметтердің 5 түрін қамтиды.

АХҚО-ДА ЛИЦЕНЗИЯЛАНАТЫН ҚЫЗМЕТТЕР ТҮРІ

РЕТТЕЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРІ

1. Сенім білдіруші ретінде инвестициялармен операциялар
2. Агент ретінде инвестициялармен операциялар
3. Инвестицияларды басқару
4. Ұжымдық инвестициялар тетігін басқару
5. Депозитарийді қамсыздандыру
6. Депозитарийды ұйымдастыру
7. Трасттық қызметтер көрсету
8. Қорды әкімшілендіруді қамтамасыз ету/ Қорларды басқару
9. Қор сенім білдірушісінің міндеттерін атқару/ Қор қамқоршысы ретіндегі қызмет
10. Инвестициялар бойынша консультациялар
11. Инвестициялармен операцияларды ұйымдастыру
12. Пайданы бөлуі шектелген инвестициялық шоттарды басқару
13. Исламдық банк ісі
14. Исламдық қаржыландыруды беру
15. Сақтандыру кезіндегі делдалдық
16. Компания өкілдігін басқару
17. Депозиттерді қабылдау
18. Кредит беру
19. Кредиттік желі бойынша консультациялау
20. Кредиттік желіні ұйымдастыру
21. Ақша қызметтерін көрсету
22. Сақтандыру шартын жасасу
23. Сақтандыру шартын орындау
24. Сақтандыру менеджменті
25. Такафул исламдық сақтандыруы және Ретакафул исламдық қайта сақтандыруы

НАРЫҚТЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР

1. Биржа қызметін жүзеге асыру
2. Клирингтік палата қызметін жүзеге асыру
3. Жеке электронды валюталар бойынша сауда алаңының қызметін атқару

ҚОСЫМША ҚЫЗМЕТТЕР

1. Заң қызметтерін ұсыну
2. Аудиторлық қызметтер ұсыну
3. Бухгалтерлік қызметтер ұсыну
4. Консалтингтік қызметтер ұсыну
5. Кредит қабілеттілігін бағалау бойынша қызметтер ұсыну



Леди Барбара Джадж СВЕ

Директорлар
кеңесінің төрайымы

Жеке және мемлекеттік секторда аға басшы, төрайым және тәуелсіз директор ретінде халықаралық деңгейде үлкен жұмыс атқару тәжірибесі бар. Леди Барбара Джадж СВЕ АҚШ-тың Бағалы қағаздар мен биржалар комиссиясының ең жас комиссары болды.

Қазіргі уақытта ол CIFAS – Біріккен Корольдікте алаяқтықтың алдын-алу қызметінің төрайымы. Ұлыбританияның Атом энергиясы басқармасының және Зейнетақымен қамсыздандыру қорының төрайымы лауазымдарын атқарған. Сондай-ақ ол бірқатар мемлекеттік және жеке компаниялардың атқарушы емес директоры. 2010 жылғы маусымда қаржылық қызметтерді және ядролық өнеркәсіпті дамытудағы қосқан үлесі үшін Британ империясының орденімен марапатталды. 2015 жылы Ұлыбританияның Зейнетақымен қамсыздандыру қорында төрағалық еткені үшін наградталды.

Комитеттің реттеушілік мақсаттары АХҚО-ның негізгі – Азиядағы ең ірі жиырма қаржы орталығының және әлемдегі ең ірі отыз қаржы орталығының қатарына қосылу міндетіне сай келеді.

Біз АХҚО-ның стратегиялық бағыттары мен басымдықтарын толығымен қолдаймыз және оны әділ, ашық және тиімді реттеу жүйесімен қамтамасыз етуге тырысамыз. Біз сондай-ақ АХҚО-ның орналасу артықшылығын «Белдеу және Жол» бастамасы аясында барынша пайдалануға мүдделіміз.

Еуропа мен Қытай арасындағы стратегиялық орналасуына байланысты АХҚО-ның Еуразиядағы қаржы қызметтерінің хабы атынуға барлық мүмкіндіктері бар. Біз АХҚО-ның стратегиялық бағыттары мен басымдықтары аясында жұмыс істейтін компаниялармен ынтымақтастық орнатуға ашықпыз. Біздің команда Орталықтың әлеуетті қатысушыларына әрдайым қолдау көрсетеді».

АХҚО КОМИТЕТІНІҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ



Мұхтар Бөбеев

АХҚО Қаржылық
қызметтер көрсетуді реттеу
жөніндегі комитеті Бас
директорының м.а.

Мұхтар Бөбеев сондай-ақ Комитеттің саясат жөніндегі басқарушы директоры, реттеушілік ережелер мен қағидаларды әзірлеуге, стратегияны іске асыруға, халықаралық қатынастар мен коммуникацияларға жетекшілік етеді. ҚР банктік қадағалау және қаржылық қызметтерді реттеу саласындағы көп жылғы кәсіби тәжірибеге ие.

Бұған дейін ол ҚР Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің Банктерді қадағалау департаментінің директоры, ҚР Ұлттық Банкінің Зерттеу және стратегиялық талдау департаментінің директоры, АТФ Банктегі тәуекелдерді басқару жөніндегі бас менеджер, ҚР Қаржы министрлігінің Қаржы модельдерін зерттеу және жинақтау департаментінің директоры лауазымдарын атқарды. Сондай-ақ ол Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры мен «Зерде» ұлттық ақпараттық-коммуникациялық холдингі Директорлар кеңесінің мүшесі болды.



**Анджела
Найт СВЕ**

Директорлар кеңесі
төрайымының орынбасары

Ұлыбритания қазынашылық органының Салық салуды жеңілдету жөніндегі Корольдік басқарманың төрайымы, «TP ICAP PLC» салааралық сату жөніндегі ірі әлемдік делдалдың тәуелсіз атқарушы емес директоры. «Taylor Wimpey PLC» британдық үй құрылысы компаниясының тәуелсіз атқарушы емес директоры және Provident Financial Plc. қаржы компаниясының маманы. Бұрында Найт ханым «Energy UK», Британдық банкирлер қауымдастығы және Жеке клиенттер мен биржалық брокерлердің инвестициялары жөніндегі менеджерлер қауымдастығы сияқты Біріккен Корольдіктегі бірқатар ұйымдарды басқарды.



**Доктор
Акаш Дип**

Директорлар кеңесінің
атқарушы емес мүшесі

Гарвард университетінің Джон Ф.Кеннеди атындағы Мемлекеттік басқару факультетінің мемлекеттік саясат пәнінің аға оқытушысы. Ол Швейцариядағы Халықаралық есеп айырысу банкінде аға экономист болып жұмыс істеді, Дүниежүзілік банк, Халықаралық қаржы корпорациясы, Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропа қайта құру және даму банкі, Азия даму банкі, Америкааралық Даму банкі және Инвестициялық дауларды реттеу халықаралық орталықтың консультанты және сарапшысы лауазымдарын атқарған.



**Грегори
Танзер**

Директорлар кеңесінің
атқарушы емес мүшесі

Австралиядағы қаржылық реттеуге саласында мол тәжірибесі бар адвокат және заңгер. Ол Австралияның Бағалы қағаздар мен инвестициялар жөніндегі комиссиясының комиссары және Бағалы қағаздар жөніндегі комиссия Халықаралық ұйымының Бас хатшысы лауазымдарын атқарған.



**Масуд
Ахмед**

Директорлар кеңесінің
атқарушы емес мүшесі

Жаһандық даму орталығының Президенті. Бұрын ол Халықаралық валюта қорында әр түрлі лауазымдар атқарған, Ұлыбритания Үкіметінің Халықаралық даму министрлігінің саясат пен халықаралық даму мәселелері жөніндегі Бас директор болды. Ол сондай-ақ Дүниежүзілік банкте түрлі лауазымдар атқарған.



**Дэниел
Хэллер**

Директорлар кеңесінің
атқарушы емес мүшесі

Цифрлық валюта мен қаржылық технологиялар жөніндегі маман. Швейцарияның Ұлттық банкіндегі қаржы тұрақтылығы мәселелеріне жауапты болды, Халықаралық есеп айырысу банкіндегі Төлем және есеп айырысу жүйелері комитеті хатшылығының меңгерушісі, сондай-ақ Швейцария, Польша, Сербия, Әзербайжан және төрт Орталық-Азия республикалары (Қазақстанды қоса алғанда) бойынша Халықаралық Валюта Қорының атқарушы директоры лауазымдарын атқарды.



**Марк
Хольцман**

Директорлар кеңесінің
атқарушы емес мүшесі

Кигали Банкінің төрағасы, TeleTech технологиялар мен аналитика негізіндегі әлемдегі жетекші қызмет ұсынушы компанияның, сондай-ақ FAT Brands жетекші мейрамханалық брендтерінің жаһандық франчайзері Директорлар кеңесінің мүшесі. Бұрын Қазкоммерцбанкте, Меридиан компаниялар тобында әр түрлі басшылық лауазымдар атқарған, сондай-ақ Barclays Capital компаниясының вице-президенті және ABN AMRO Банкінің төрағасының орынбасары болды.



**Доктор Иэн
Сэвилл CBE**

Директорлар кеңесінің
атқарушы емес мүшесі

European Central Counterparty N.V. Тәуекелдерді басқару комитетінің басшысы. 20 жыл бойы Англия Банкінде жұмыс істеді, сондай-ақ Еуропа орталық банкінің тәуелсіз кеңесшісі және Еуропалық Одақтың TARGET2 бағалы қағаздармен есептесу жүйесін дамыту және енгізу бойынша директоры болды. Бұрын ол CREST британдық бағалы қағаздар орталық депозитарийінің негізін қалаушы және бас директоры және Computershare атқарушы директоры болды.



**Зере
Сейдімбек**

Директорлар кеңесінің
атқарушы емес мүшесі

АХҚО Басқарушысы Кеңесінің ішкі саясат мәселелері жөніндегі басшысы. Бұрын ол АХҚО-дағы нормативтік базаны әзірлеуге және АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитетінің құрылуына жауапты тұлға болды. Сондай-ақ Қазақстанның Даму банкінде, Қазақстандық жеке меншік-мемлекеттік серіктестік орталығында, Q-BRO-да (ҚР Ұлттық Банкінің еншілес компаниясы) басшылық қызметтер атқарған.

АХҚО СОТЫ



**Лорд
Вульф**

АХҚО Сотының
Төрағасы

«АХҚО-ның Соты Еуразияда алғаш рет жалпы құқық сотының бірыңғай жүйесін ұсынады. Ол АХҚО-дағы азаматтық пен коммерциялық дауларды шешу үшін ең жоғары халықаралық стандарттарға сай жұмыс істейді. Ол АХҚО-ның қызметі мен операцияларына қатысты туындайтын дауларға қатысты айрықша құзыретке ие және барлық тараптар жазбаша түрде юрисдикцияны АХҚО-ның Сотына тапсыруға келісім берген жағдайдағы басқа да дауларға қатысты юрисдикцияға ие болады».

АХҚО-ның тәуелсіз Соты мен АХҚО-ның Халықаралық төрелік орталығы (ХТО) өз жұмыстарын 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастады. АХҚО Соты ағылшын жалпы құқығының нормалары мен қағидаттарына негізделген өңірдегі алғашқы сот жүйесі. Ол АХҚО-дағы азаматтық және коммерциялық дауларды шешу үшін ең жоғары халықаралық стандарттарға сай жұмыс істейді. АХҚО Соты қылмыстық және әкімшілік сот өндірісін жүргізбейді және АХҚО-да жүзеге асырылатын операциялар бойынша АХҚО қатысушылары, АХҚО органдары, олардың шетелдік жұмыскерлері арасында туындайтын азаматтық және коммерциялық дауларға, сондай-ақ АХҚО-ға бағынысты құқыққа және тараптардың келісімі бойынша АХҚО Сотына берілген дауларға қатысты ерекше юрисдикцияға ие.

АХҚО Соты өз қызметінде тәуелсіз және Қазақстан Республикасы Сот жүйесіне кірмейді. Ол бірінші инстанция сотынан және апелляциялық соттан тұрады. Талыпарыз сомасы болмашы даулардың жылдам шешілуін қамтамасыз ету үшін Бірінші инстанция сотында шағын даулар соты деп аталатын арнайы бөлімше бар.

АХҚО Апелляциялық сотының шешімдері түпкілікті болып табылады және кейін шағым жасауға жатпайды.

www.aifc-court.kz

АХҚО Соты

«100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 70-ші қадамы «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында ағылшын жалпы құқығының қағидаттарының негізінде жұмыс істейтін тәуелсіз сот құруды көздейді

ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА

- «Астана» Халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы
- «Астана» халықаралық қаржы орталығының соты туралы» АХҚО-ны басқару жөніндегі кеңестің қаулысы
- 2018 жылғы АХҚО сотының қағидалары



ҚҰРАМЫ

- АХҚО Сотының Төрағасы
- 8 судья
- АХҚО Сотының Тіркеушісі және аппарат басшысы
- АХҚО Сотының аппараты

Судьяларға қойылатын талаптар:

- жасы: 30 жастан кем болмауы керек;
- білімі / білікті заңгер/судья ретінде жалпы құқық жүйесінде мол жұмыс тәжірибесінің болуы
- мүлтіксіз бедел
- ағылшын тілін еркін меңгерген болу керек.

ЮРИСДИКЦИЯ: КОММЕРЦИЛЫҚ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ДАУЛАР

- АХҚО қатысушыларының, АХҚО органдарының және (немесе) олардың шетелдік жұмыскерлерінің арасында туындайтын даулар
- АХҚО-да жүзеге асырылатын қызметпен байланысты және АХҚО-ның қолданыстағы заңымен реттелетін даулар
- тараптардың келісімі бойынша Орталықтың сотына берілген даулар
- АХҚО актілерінің нормаларын түсіндіру



ҚҰРЫЛЫМЫ

- Бірінші саты соты (Шағын істер сотын қоса)
- Соңғы сатыдағы апелляциялық сот



АХҚО СОТЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ:

- АХҚО Сотының құзыретіне жататын коммерциялық және азаматтық дауларды шешу;
- шетелдік коммерциялық соттармен ынтымақтастықты нығайту;
- Қазақстан Республикасының заңгерлік қауымдастығы үшін семинарлар, дәрістер мен конференциялар өткізу;
- халықаралық іс-шаралар мен конференцияларға қатысу;
- АХҚО Сотын халықаралық заңгерлік және инвестициялық қауымдастықтарда ілгерілету;
- біріктірілген IT-платформа

АХҚО СОТЫНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ:

- бірегей халықаралық беделге ие, жалпы құқық жүйесіндегі азаматтық және коммерциялық сот ісін жүргізуде кәсіби тәжірибесі бар судьялар;
- сот талқылауларының ағылшын тілінде өтуі;
- eJustice сот төрелігінің электрондық жүйесін қоса алғанда инновациялық IT;
- Англия мен Уэльстің сот істерін жүргізу қағидаттарына және үздік халықаралық практикаға негізделген процессуалдық нормалар;
- АХҚО Сотының талқылауларына қатысу құқығына кең қолжетімділік;
- АХҚО Соты шешімдерінің Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттерде (ҚХР, Үндістан, Түркия, БАЭ, Пәкістан, Ресей және ТМД-ның басқа да елдерінде) халықаралық келісім-шартқа сәйкес сенімді түрде орындалуы.



АХҚО СОТЫНЫҢ СУДЬЯЛАРЫ

АХҚО Сотының Төрағасы мен судьялары жалпы құқық саласы мен үздік халықаралық практикада мінсіз бедел мен тәжірибеге ие. Олар Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының жарлығымен тағайындалған.



Лорд Вульф

АХҚО Сотының
Төрағасы

Лорд Вульф мырза британдық заңтанудың жаңа тарихындағы ең ықпалды судьялардың бірі, жалпы құқық, сот өндірісі мен дауларды шешу салаларында, сондай-ақ заңгерлік білім беру жүйесіндегі жаһандық тұлға. Ол Жоғарғы судья – Англия мен Уэльс соттарының Төрағасы, Гонконг Жоғарғы апелляциялық сотының тұрақты емес судьясы және Катар қаржы орталығы сотының Бірінші Президенті болды.



Сэр Руперт Джэксон

АХҚО Сотының судьясы

Руперт Джэксон мырза Англия мен Уэльс Жоғары сотының Корольдік алқа бөлімшесінің судьясы болған. Ол Техникалық және Құрылыс істері сотында аға судья, сондай-ақ Апелляциялық сотта лорд-судья болып жұмыс істеген.



Сэр Стивен Ричардс

АХҚО Сотының судьясы

Бәсекелестік пен реттеу мәселелері бойынша заңнама саласында біліктілігі бар. Бұрын Англия мен Уэльстің Жоғары сотының судьясы лауазымын атқарған және Уэльсте төрағалық етуші судья болған. Сэр Стивен кейін Англия мен Уэльстің Апелляциялық сотында Лорд-судья және азаматтық іс жүргізу бөлімі бастығының орынбасары болды.



Сэр Робин Джейкоб

АХҚО Сотының судьясы

Сэр Робин Джейкоб зияткерлік меншік құқығы мен коммерциялық құқық салаларында арнайы білімі бар. Бұған дейін ол Англия мен Уэльстің Жоғары сотында судья, сондай-ақ Англия мен Уэльстің Апелляциялық сотында апелляциялық Лорд-судья лауазымдарын атқарған. Сэр Робин Зияткерлік меншік Даңқ залына қабылданған.



Сэр Джек Битсон

АХҚО Сотының судьясы

Сэр Джек Битсон Англия мен Уэльстің Жоғары сотының судьясы, Англия мен Уэльстің Апелляциялық сотында Лорд-судья лауазымын атқарған. Англия мен Уэльстің Жоғары сотының судьясы ретінде қызмет еткен және Уэльсте төрағалық етуші судья болған. Сэр Джек Оксфорд университетінде құқықтан дәріс берген және Кембридж университетінде ағылшын құқығының профессоры болған.



Лорд Фолкс

АХҚО Сотының судьясы

Лорд Фолкс мырза Ұлыбританияның Лордтар Палатасының мүшесі. Бұрын Ұлыбританияның Әділет министрлігінде мемлекеттік министр, Кәсіби немқұрайдылыққа қарсы күрес бойынша адвокаттар қауымдастығының төрағасы, Ұлыбритания Үкіметінің Конституциялық істер департаментінің арнайы кеңесшісі болып жұмыс істеген. Ол Корольдік төрешілер институтының мүшесі.



**Эндрю
Спинк**

АХҚО Сотының судьясы


Эндрю Спинк мырза заңгерлердің қос алқасының басшысы, Лондондағы «Outer Temple» барристерлер палатасындағы коммерциялық құқық жөніндегі топты басқарады. Ол Англия мен Уэльстің Жоғары судьясының орынбасары болып тағайындалған және аталған соттың Корольдік алқасы мен кеңсесінде осы дәрежеде үнемі сот отырыстарын өткізеді.



**Томас
Монтагю-Смит**

АХҚО Соты Шағын
даулар сотының судьясы

Томас Монтагю-Смит мырза тек Лондонда ғана емес, әлемнің көптеген елдерінде адвокаттық қызметпен айналысады, кейін прецедентке айналатын сот шешімдерін қабылдауға ұдайы қатысады. Оның халықаралық коммерциялық құқық, төрелік, сондай-ақ коммерциялық алаяқтық, сақтандыру және қайта сақтандыру, құрылыс пен кәсіби немқұрайдылық салаларына қатысты істерде арнайы білімі бар.



**Патрисия
Эдвардс**

АХҚО Соты Шағын
даулар сотының судьясы


Патрисия Эдвардс ханым коммерциялық сот және төрелік істерге қатысты тәжірибесі мол лондондық адвокат. Шұғыл қамтамасыз ету шараларына, сондай-ақ сақтандыру заңнамасы, авиация, банк қызметі, халықаралық сауда, халықаралық жеке құқық пен зияткерлік меншік салаларына қатысты дауларға маманданған. Патрисия Эдвардс Ллойд Төрелігінің төрешілер алқасының 1 және 2-деңгейлеріне (теңіз істері бойынша дауларды шешу) тағайындалған.



**Кристофер
Кэмпбелл-Холт**

Тіркеуші және
аппарат басшысы

Кристофер Кэмпбелл-Холт мырзаның заң саласындағы көп жылғы жұмыс тәжірибесі бар. Ұлыбритания, АҚШ, Таяу Шығыс және Еуразия елдерінде жұмыс істеген. Ол Лорд Вульфтың төрағалығымен Катар халықаралық қаржы орталығының коммерциялық соты мен дауларды шешудің баламалы орталығындағы Тіркеуші қызметін атқарған. Ол Қазақстандағы жетекші құқықтық мектеп – М.С.Нәрікбаев ат. Қазақ гуманитарлық заң университетінің құрметті профессоры. Сондай-ақ ол АХҚО Құқықтық консультативтік кеңесінің және АХҚО Академиялық кеңесінің мүшесі. Нью-Йорк штаты Адвокаттар қауымдастығының мүшесі және Дауларды тиімді шешу орталығының (CEDR) аккредиттелген медиаторы.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӨРЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

Халықаралық төрелік орталығы (ХТО) АХҚО-да азаматтық және коммерциялық дауларды шешу үшін ең жоғарғы халықаралық стандарттар негізінде әрекет етіп, тәуелсіз, үнемді және сот талқылауына жедел балама ұсынады. ХТО тәуелсіздік, бейтараптылық және адалдық қағидаттарына бейілдікті көрсететін көрнекті халықаралық төрешілер мен медиаторлардан жасақталған команданы құрды.

ХТО тараптарға олардың ХТО-да дауларды шешу үшін пайдалануды қалайтын қағидалар мен рәсімдердің барынша икемді таңдауын ұсынады. Тараптар ХТО-ның төмендегілерді жүзеге асыруына:

- Төрелік процесті ХТО-ның 2018 жылғы Төрелік және медиация қағидаларына сәйкес әкімшілік етуіне келісе алады. Бұл қағидалар жеделдетілген төрелік рәсімдерін, төтенше төрешілерді тағайындау мен инвестициялық шарттар бойынша дауларды шешуге қатысты мәселелерді қамтиды.
- Төрелік процесті БҰҰ Комиссиясының Халықаралық сауда құқығы бойынша төрелік регламентіне (ЮНСИТРАЛ) немесе тараптар келіскен төрелік етудің арнайы регламентіне сәйкес әкімшілік етуіне келісе алады;
- ХТО-ның Төрелік пен медиация қағидаларына сәйкес немесе тараптар келіскен медиацияның арнайы қағидаларына сәйкес медиацияны жүзеге асыруына келісе алады;
- Дауларды балама түрде шешудің басқа да нұсқаларын қамтамасыз етуіне келісе алады.

ХТО өз ішінде немесе басқа жерлерде өткізілетін

төрелік және медиациялық талқылауларды жүргізу үшін төрешілер мен медиаторларды тағайындауға көмектеседі. ХТО-ның төрелік шешімдерінің Қазақстан Республикасында танылуы мен орындалуы Қазақстан Республикасындағы төрелік органдар шығарған төрелік шешімдердің танылуы мен орындалуы сияқты шарттармен және тәртіппен жүзеге асырылады. ХТО-ның төрелік шешімдеріне арналған атқару парағын АХҚО Соты береді. ХТО-ның төрелік шешімдері 1958 жылғы Нью-Йорк конвенциясына сәйкес халықаралық деңгейде де орындалуға жатады. ХТО-ның рәсімдері мен стандарттары әлемдік деңгейдегі тиімді де заманауи тұрғыдан әкімшілік етуді қамтамасыз етеді және де дүние жүзі бойынша ірі қаржы орталықтарындағы төрелік пен медиация қызметін пайдаланушылар үшін таныс.

ХТО құрамы 30 халықаралық төрешіден тұрады, олардың 18-і медиаторлар ретінде (Еуропалық Одақ, Гонконг, Жапония, Үндістан, Қазақстан, Ресей, Сингапур, Ұлыбритания, Украина мен АҚШ өкілдері) қызмет көрсетеді. Халықаралық төрешілердің ислам қаржылары, банк ісі, зияткерлік меншік, жер қойнауын пайдалану, сауда, мұнай мен газ, құрылыс, энергетика туралы заңнама және коммерциялық құқықтың өзге де салаларына қатысты төрелік етуде көпжылдық тәжірибелері бар.

www.aifc-iac.kz

Халықаралық төрелік орталығы

«100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 24-қадамы «Астана» халықаралық қаржы орталығы аумағында Халықаралық төрелік орталығын құруды көздейді.



ЮРИСДИКЦИЯ

Халықаралық төрелік орталығы тараптар арасындағы төрелік келісім немесе медиация туралы келісім негізінде дауларды қарастырады

БАСҚАРУ

Төраға – жалпы басқару
Тіркеуші және аппарат басшысы – күнделікті әкімшілендіру және ұйымдастыру, істерді қарау

ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗ

- «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы
- АХҚО-ны басқару жөніндегі кеңестің «Халықаралық төрелік орталығы туралы» қаулысы
- ХТО-ның 2018 жылғы Төрелік пен медиация қағидалары

ТӨРЕЛІК ПЕН МЕДИАЦИЯ ҚАҒИДАЛАРЫ:

Инвестициялық төрелікті ұсыну, төтенше төрешілерді тағайындау және төреліктің жедел рәсімін қоса алғанда, халықаралық және өңірлік сауданың қазіргі заманғы талаптарын қанағаттандыру үшін ең заманауи және тиімді халықаралық стандарттарға негізделеді.

ҚЫЗМЕТТЕР

- тараптардың келісімі болған жағдайда ХТО-ның төрелік пен медиация қағидаларына сәйкес төрелік процестерді эксклюзивті әкімшілендіру. Бұл қағидалар жеделдетілген төрелік, төтенше төрешілерді тағайындау және инвестициялық келісімдер бойынша дауларды шешу рәсімдерін қамтиды;
- ЮНСИТРАЛ төрелік регламентіне немесе талқылау тараптарының келісімі болған жағдайда арнайы төрелік регламентіне сәйкес төрелікке әкімшілік ету;
- Дауларды ХТО-ның Төрелік және медиация қағидаларына сәйкес немесе дау тараптарының келісімі бойынша қабылданған арнайы медиация регламентіне сәйкес шешу;
- талқылау тараптарының келісімі болған жағдайда дауларды баламалы шешудің басқа да түрлері;
- ХТО-ның қызметтерін және әкімшілік объектілерін пайдаланумен байланысты шығындарды жабу үшін қаражатты сақтау, жинақтау және алдын-ала төлем сомаларын бөлу;
- ХТО-да немесе басқа жерлерде төрелік процесстер мен медиация жүргізу үшін төрешілер мен медиаторларды тағайындауда жәрдемдесу;
- озық IT-жүйелермен жаратандырылған заманауи әкімшілік объектілер, ЭКСПО аумағында орналасқан мәжіліс-залдармен, жиналыстар мен тыңдау өткізуге арналған залдар.



ҚЫЗМЕТІ

- төрелік, медиация және дауларды баламалы жолмен шешудің өзге де әдістері арқылы дауларды шешу;
- шетелдік төрелік орталықтармен ынтымақтастықты нығайту;
- Қазақстан Республикасының заңгерлік қауымдастығы үшін семинарлар, дәрістер мен конференциялар өткізу;
- халықаралық іс-шаралар мен конференцияларға қатысу;
- халықаралық заңгерлік және инвестициялық қауымдастықтарда ілгерілету;
- біріктірілген IT-платформа.

АХҚО-дағы ТӨРЕЛІК ПЕН МЕДИАЦИЯНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ:

- мінсіз беделге ие және кәсіби тәжірибесі мол халықаралық деңгейдегі төрешілер мен медиаторлар;
- дауларды қашықтан шешуге арналған заманауи IT-шешімдер;
- тараптарда төрелік қағидаларды: ХТО-ның Төрелік пен медиация қағидаларын, ЮНСИТРАЛ Үлгілік қағидаларын және тараптар әзірлеген арнайы регламентті таңдауда мол мүмкіндікке ие болуы;
- ХТО шешімдерінің Қазақстан Республикасында және шетелде Нью-Йорк Конвенциясына сәйкес 157 шетелдік мемлекеттің аумағында орындалуы.

2018 жылы АХҚО соты мен Халықаралық төрелік орталығы АХҚО Соты мен ХТО қызметтері туралы ақпаратты тарату үшін кең ауқымды ақпараттық-түсіндіру науқанын өткізді. Нысаналы аудиториялар ретінде: ірі бизнес өкілдері мен заңды фирмаларының басқарушы серіктестері, ұлттық басқарушы холдингтер мен ұлттық компаниялар, кәсіби қауымдастықтар мен адвокаттар алқалары таңдалды.

Ақпараттық-түсіндіру науқаны аясындағы іс-шаралар ТМД, Еуропа мен Азияның ірі бизнес орталықтарының аумағында өткізілді. Нұр-Сұлтан, Алматы, Баку, Мәскеу, Ташкент, Лондон, Женева, Минск, Гонконг, Бейжің, Нью-Йорк, Стокгольм, Вена, Гаага қалаларындағы әлеуетті клиенттермен екіжақты кездесулер өткізілді. Коммерциялық келісімшарттарға АХҚО Соты мен ХТО-ның юрисдикцияларын қосу зор қызығушылық туғызды. Нәтижесінде АХҚО Сотының және ХТО-ның ескертпелері 220-дан астам келісімшартқа енгізілді.

Шетел юрисдикцияларында басқа соттармен қарым-қатынас орнату және дамытуды көздеген мақсатына сәйкес 2018 жылы АХҚО Соты Коммерциялық соттардың тұрақты халықаралық форумының мүшесі атанды.

Кең ауқымды ақпараттық-түсіндіру науқанына қосымша АХҚО Соты мен ХТО АХҚО-ның Үзіліссіз кәсіби даму бюросымен бірлесе отырып, қазақстандық судьяларға, жергілікті және халықаралық заң фирмаларының заңгерлеріне, сондай-ақ құқық факультетінің студенттері мен оқытушыларына арналған заң білімінің пилоттық бағдарламасын өткізді. Бағдарлама АХҚО Соты судьяларының дәрістерін, Кембридж университеті мен Лондон университеттік колледжінің профессорларының қарқынды тренингтік бағдарламалары мен курстарын, сондай-ақ Дауларды тиімді шешу орталығын қамтыды. АХҚО Соты мен ХТО-ның 2018 жылы білім беру бағдарламасының соңғы кезеңінде Moot Final алғашқы ойын түріндегі сот процесі өтті.

2019 жылдың ақпан айында АХҚО Соты мен ХТО ресми түрде Орталық Азия өңірінде баламасы жоқ саналатын eJustice электронды сот төрелігінің жаңа жүйесін іске қосты. Жүйені АХҚО Соты мен ХТО өзінің АТ-серіктесі, Сингапурдың CrimsonLogic компаниясымен бірлесіп әзірледі.



**Барбара
Доманн ҚС**

ХТО Төрайымы

«Біз ХТО-ны Еуразия өңіріндегі төрелік пен дауларды баламалы жолмен шешу арқылы азаматтық және коммерциялық дауларды шешуге арналған бірінші нөмірлі таңдауға айналдыруға ұмтыламыз».

Барбара Доманн ханым ұзақ жылдар бойы Ұлыбританияның жетекші адвокаттарының және халықаралық төрешілерінің бірі болды. Адвокаттық қызметін 1973 жылы Англия мен Уэльстің Адвокаттар қауымдастығында бастады және 1987 жылы корольдік адвокат болып тағайындалды. Ол Лондонның Халықаралық төрелік сотының мүшесі. Лондондық аралық сотында, Лондондағы Металдар биржасында (мұнда ол төрелік және төрелік апелляциясы тобының мүшесі болды), Париждегі Халықаралық сауда палатасында және Гонконг Халықаралық төрелік орталығында төреші ретінде тағайындалды. Ол Дауларды тиімді шешу орталығының (CEDR) аккредиттелген медиаторы.



**Кристофер
Кэмпбелл-Холт**

Тіркеуші және
аппарат басшысы

Кристофер Кэмпбелл-Холт мырзаның заң саласындағы көп жылғы жұмыс тәжірибесі бар. Ұлыбритания, АҚШ, Таяу Шығыс және Орталық Азия елдерінде жұмыс істеген. Ол Лорд Вульфтың төрағалығымен Катар халықаралық қаржы орталығының коммерциялық соты мен дауларды шешудің баламалы орталығындағы Тіркеуші қызметін атқарған. Ол Қазақстандағы жетекші құқықтық мектеп – М.С.Нәрікбаев а.т. Қазақ гуманитарлық заң университетінің құрметті профессоры. Сондай-ақ ол АХҚО Құқықтық консультативтік кеңесінің және АХҚО Академиялық кеңесінің мүшесі. Нью-Йорк штаты Адвокаттар қауымдастығының мүшесі және Дауларды тиімді шешу орталығының (CEDR) аккредиттелген медиаторы.

АХҚО ОРГАНДАРЫНЫҢ ҰЙЫМДАРЫ: АХҚО БИРЖАСЫ

Елдің қор нарығы үшін жаңа заманауи инфрақұрылымды дамыту шеңберінде АХҚО Биржасы құрылды. Биржаның қызметі ашықтықты, сенімділікті және инвесторларды қорғауды қамтамасыз ететін халықаралық танылған нормативтік-құқықтық базаға негізделген.

АХҚО Биржасының серіктестері – Goldman Sachs, Жібек жолы қоры, Шанхай қор биржасы және өз кезегінде АХҚО Биржасына сауда-саттыққа және нарықты зерделеуге арналған ең озық технологиялармен қамтамасыз еткен американдық Nasdaq биржасы. Шанхай қор биржасымен серіктестік нарықтағы өтімділіктің артуына ықпал етеді және «Белдеу мен Жол» қытай бастамасы шеңберінде АХҚО алаңының қатысуына негіз болды.

АХҚО Биржасы сауда, есептік-клиринг операцияларын, деректерді беруді тіркеу және IT- қызметтерін қамтамасыз ететін толық бизнес-циклді ұсынады. Биржа әлемдік инвестициялық қоғамдастық пен континенттің елдеріне жаһандық капитал нарықтарына қолжетімділік пен жаңа инвестициялар тарту мүмкіндіктері бар әлеуеті зор Еуразия нарығына жол ашады.

АХҚО Биржасы Жекешелендірудің кешенді жоспарын өткізуге арналған негізгі платформа ретінде анықталды. 2018 жылдың қараша айында Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті – Елбасы АХҚО Биржасының алаңында бағалы қағаздардың алғашқы саудасын – әлемдегі ең ірі уран өндіруші «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық компаниясы IPO-сын ресми түрде іске қосты. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының ұлттық компанияларын IPO/SPO-ға шығару бойынша белсенді бірлескен жұмыс жүргізілуде.

АХҚО Биржасы инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыруға арналған алаңды қамтамасыз етуді жоспарлап отыр. Осы мақсат үшін АХҚО Биржасында «Белдеу және Жол» бастамасының аясында түрлі жобаларды қаржыландыру үшін қор нарығының әртүрлі тетіктерін ұсынуға бағытталған нарықтың арнайы секторы құрылды. АХҚО әлемнің 123 елін, 29 халықаралық ұйымды, жалпы халқы саны 4 миллиардтан астам адамнан тұратын әлемнің 60

елін қамтитын осы бастаманың өңірлік орталығына айналуы жоспарлап отыр.

АХҚО Биржасы алаңында бағалы қағаздар төрт валютада (қазақстандық теңгемен, рубльмен, АҚШ долларымен және қытай юанымен) номинациялануы мүмкін.

2018 жылы АХҚО Биржасының алаңында келесі эмитенттердің бағалы қағаздары листинг рәсімінен өтті, олар: Қаржы министрлігінің еурооблигациялары, Қазатомөнеркәсіптің қарапайым акциялары мен жаһандық депозитарлық қолхаттары және «Қазақстан темір жолы» компаниясының корпоративтік облигациялары. Қазақтелекомның купондық облигацияларын шығарылуын қоса алғанда, төрт компания АХҚО Биржасында борыштық бағалы қағаздарды жеке орналастыруды жүзеге асырды. Бұдан басқа, «Шұбаркөл Көмір» және «Қазхром» компанияларының бағалы қағаздары Pre-IPO санатына енгізілді.

2019 жылдың маусым айындағы жағдай бойынша 18 компания АХҚО Биржасының мүшелері атанып отыр, олардың ішінде ҚХР-дың екі ірі брокері және Wood & Co. – дамушы нарықтардағы жетекші инвестициялық банк бар. Екі кастодиан банк – Сбербанк пен БанкЦентрКредит АХҚО Биржасы Бағалы қағаздар орталық депозитарийінің мүшесі атанды. 2018 жылы Орталық депозитарий 60 мыңнан астам инвесторға есепшот ашты.

2019 жылдың ақпан айында АХҚО Биржасы Ұлыбританияның Корольдік салық және кеден қызметінің (HMRC) тарапынан «танылған қор биржасы» мәртебесіне ие болды. Қазіргі уақытта АХҚО Биржасы Орталық Азиядағы мұндай мойындауға ие болған жалғыз биржа. «Танылған қор биржасында» сауда жүргізетін бағалы қағаздар ұстаушылары заң шеңберінде қолданылатын өздерінің жеке жағдайлары мен шарттарының ескерілуімен Ұлыбританияның салық заңнамасына сәйкес қолайлы режимді пайдалана алады.

www.aix.kz



**Тимоти
Беннетт**

АХҚО Биржасы
Басқармасының төрағасы

Лауазымға тағайындалғанға дейін ол Жаңа Зеландия қор биржасының (NZX) Басқарма Төрағасы, бағалы қағаздар мен деривативтер нарығының лицензияланған операторы лауазымдарын атқарды. Ол NZX-ті сауда және клирингтік жүйелерді ауыстыру мен жаңғырту, сондай-ақ Жаңа Зеландия қор биржасының Басқару қоры арқылы 23 биржалық инвестициялық қорды іске қосуды қамтыған елеулі ұйымдастырушылық және нормативтік өзгерістер кезеңінде басқарды.

Оның NZX алаңында жұмыс істеген уақытында Жаңа Зеландия үкіметі бірнеше мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендірді. Сондай-ақ Oliver Wyman және Boston Consulting Group компанияларының Азиядағы серіктесі болды. Оның консалтингтік тәжірибесі Азия, Таяу Шығыс елдерінің капитал нарығын дамыту және стратегиясын әзірлеу, сондай-ақ деривативтердің, негізінен темір кенінің саудасына арналған нарықтарды дамытуды қамтиды.

«Біз АХҚО Биржасы қызметінің алғашқы жылында бірнеше маңызды кезеңдерден өттік: халықаралық инвесторлар үшін таныс реттеушілік ортаны, сондай-ақ жергілікті және халықаралық брокерлердің экожүйесін құрдық; мемлекеттік жекешелендіру бағдарламасының шеңберінде листингтен өткен ұлттық компаниялардың IPO-сын өткізуге арналған платформа ұсындық, сондай-ақ «Қазатомөнеркәсіп» компаниясының бағалы қағаздарына жергілікті және халықаралық инвесторлар тарапынан айтарлықтай қызығушылық туғыздық, бұл аталған қағаздардың өтімді болуын көрсетеді. Толыққанды жұмыс істейтін жоғары технологиялық инфрақұрылымды жасадық. Бір жылдан аз уақытта біз әлемдік деңгейдегі биржаны құра алдық, алдағы уақытта Қазақстанның және өңірдің капитал нарығын дамыту жұмыстарын жалғастыратын боламыз».

АХҚО БИРЖАСЫНЫҢ ҚАҒИДАЛАР ЖИЫНТЫҒЫ

1. Бизнес жүргізудің жалпы қағидалары
2. Мінез-құлық және басқару кодексі
3. Мүшелік қағидалары
4. Бағалы қағаздар эмиссиясының проспектісін шығару қағидалары
5. Листинг қағидалары
6. Аудиторлық комитет қағидалары
7. Эмитенттердің бағалы қағаздармен сауда жасауға және ақпарат ашуына рұқсат жөніндегі стандарттар
8. Ақпаратты ашу қағидалары
9. Сауда қағидалары
10. Клиринг және есеп айырысулар қағидалары
11. Дефолттарды реттеу қағидалары
12. Мониторинг пен бақылау қағидалары (тәртіптік қағидаларды қоса алғанда)
13. Жасыл облигациялар шығару қағидалары
14. «Белдеу мен Жол» нарығының қағидалары

Полиметалл АХҚО биржасындағы алғашқы шетелдік эмитент атанды

Полиметалл 20 әлемдік алтын өндірушілердің және 5 әлемдік күміс өндірушілердің қатарына кіреді. Компанияның портфелінде 9 өндірістік актив және Ресей мен Қазақстанда 3 ірі даму жобасы бар.

2019 жылдың сәуірінде Полиметалл ірі ресейлік тау-кен компаниясының акциялары АХҚО Биржасының ресми тізіміне енгізілді, оның акцияларымен сол айда қайталама сауда-саттық өткізілді. Полиметалл акцияларына сұраныс күткеннен асып түсті – инвесторлар 17,2 млн. АҚШ доллары сомасына 1,69 млн. акция сатып алды, ал жалпы сауда көлемі 17,3 млн. АҚШ долларын құрады.



Қайрат Келімбетов

АХҚО Басқарушысы

«Полиметалдың листингі – бұл халықаралық деңгейде танылған ірі эмитенттің Қазақстанның инвестициялық әлеуетіне, АХҚО-ның юрисдикциясына, сондай-ақ АХҚО Биржасының технологиялық мүмкіндіктері мен инфрақұрылымына деген жоғары сенімінің дәлелі. Әлбетте, бұл сенім еліміздегі жұмыс тәжірибесіне негізделген және басқа орта әрі ірі компанияларға – биржаның әлеуетті эмитенттеріне үлгі бола алады».



Лю Шаотун

Шанхай қор
биржасының Атқарушы
Вице-президенті

«АХҚО Биржасы үшін 2018 жыл жемісті нәтижелерге толы айтулы жыл болды. 2018 жылдың қарашасында IPO сәтті өтті. Мен АИХ-тің бүкіл командасын жоғары жетістіктерімен шын жүректен құттықтағым келеді. 2019 жыл жаңа сын-тегеуіріндер мен мүмкіндіктердің жылы болады. Мен АХҚО Биржасының бүкіл Орталық Азия өңірі үшін тартымды алаңға айналатындығына және елдің экономикасын дамытуға үлес қосуға мүмкіндік беретіндігіне сенімдімін».



Тимоти Беннетт

АХҚО Биржасы
Басқармасының Төрағасы

«Біз АХҚО Биржасында алғашқы шетелдік эмитентті қарсы алуға қуаныштымыз. Біздің платформаға тіркелу Полиметаллға өзінің инвесторлар базасын әр түрлі ету және Орталық Азия өңіріндегі инвесторлар арасында өзінің беделін арттыруға мүмкіндік береді».

«Полиметалл акцияларымен сауда-саттықтың алғашқы күні Қазақстан экономикасының өсуіне ықпал ететін компанияның бағалы қағаздарына жоғары сұранысты көрсетті. Бүгінгі нәтижелер халықаралық деңгейде қабылданған реттеу стандарттарды мен заманауи технологиялық инфрақұрылымды қамтыған АХҚО Биржасының сауда алаңы халықаралық эмитенттерді тартып, оларды жергілікті әрі өңірлік инвесторлармен байланыстыра алатындығын айғақтайды».



Виталий Несис

Полиметалл Тобының
Бас атқарушы директоры

«АХҚО Биржасындағы листинг Полиметаллдың Қазақстандағы қызметінің алғашқы он жылдығымен тұспа-тұс келген айтулы сәт болды. Бұл біздің акцияларымызды жергілікті инвесторлар үшін анағұрлым тартымды және қолжетімді етіп, бізге акционерлер базасын кеңейтуге мүмкіндік береді деп сенеміз».

АХҚО БИРЖАСЫНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ



**Нұрлан
Құсайынов**

Директорлар
кеңесінің төрағасы



**Тимоти
Беннетт**

Директорлар
кеңесінің мүшесі



**Лю
Шаотун**

Директорлар
кеңесінің мүшесі



**Темірлан
Мұханбетжанов**

Директорлар
кеңесінің мүшесі



**Джонатан
С. Истон**

Директорлар кеңесінің
тәуелсіз мүшесі



**Мартин
Джозеф (Чип)
Демпси**

Директорлар кеңесінің
тәуелсіз мүшесі



**Мақсат
Қабашев**

Директорлар кеңесінің
тәуелсіз мүшесі

ЭКСПАТ ОРТАЛЫҚ

АХҚО-ның Экспат орталығы (АЭО) шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасы аумағына кіруі мен болуы үшін қолайлы жағдайларды, сондай-ақ олардың қазақстандық қоғамға барынша жеңіл бейімделуі мен кешенді әлеуметтік кірігуін қамтамасыз ету мақсатында құрылды.

АЭО АХҚО-ның халықаралық іскери серіктестері мен шетелдік жұмыскерлеріне, сондай-ақ Қазақстанға келетін өзге де шетелдік жұмыскерлерге ағылшын тілінде «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік және өзге де қызметтердің алуан түріне орталықтандырылған қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

АХҚО мақсаттары үшін қабылданған бірегей жеңілдетілген визалық және көші-қон режимі төмендегідей жеңілдіктер ұсынады және қолданыстағы жүйені едәуір оңтайландырады:

- 45 елдің азаматтары (ӘЫДҰ елдері, Малайзия, Монако, БАЭ және Сингапур) Қазақстан Республикасының аумағына келген күннен бастап 30 күнге дейінгі мерзімге виза талаптарынан босатылған;
- АХҚО қатысушылары шетелдік жұмыс күшін тартуға арнайы рұқсат қағазын ресімдеуден босатылды;
- АХҚО органдары мен қатысушыларының шақыруы бойынша жұмыс визалары 5 жылға дейінгі мерзімге беріледі.
- Визалық рәсімдер жеңілдетілді.

АЭО ҚЫЗМЕТТЕРІ:

- Визалық-көші-қон және оларға қатысты қызметтер (тек Қазақстан визалары үшін)
- Салық төлеушіні тіркеу және салық органдарының өзге де қызметтері (соның ішінде жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) алу)
- Электрондық цифрлық қолтаңба (электрондық үкіметтің қызметтеріне қол жеткізу үшін)
- Мемлекеттік қызметтердің сан алуан түрлері (500-ден астам)
- Нотариус пен аударма бюросының қызметтері
- Фото кабинеттің қызметтері
- Төлем терминалдары
- Байланыс орталығының қызметтері
- АЭО-ның өзге де әлеуметтік-тұрмыстық қызметтері (тұрғын үй, білім беру мекемелерін, білім беру ұйымдарын, медициналық орталықтарды, сақтандыру және логистикалық компанияларды және т.б. іздеуге жәрдемдесу).

2018 жылғы АХҚО Экспат Орталығының көрсетілген қызметтері



В1 және В3 санатының іскерлік визаларын беру	341	60%
С3 санатының жұмыс визаларын беру	58	10%
ЖСН беру	73	12%
Нотариус/аудармалар	32	6%
В2 іскерлік визалары	27	5%
ЭЦҚ беру	20	4%
Тіркеу	16	3%



ҮЗІЛІССІЗ КӘСІБИ ДАМУ БЮРОСЫ

АХҚО Үзіліссіз кәсіби даму бюросы (Бюро) – кәсіби дамыту орталығы, оның қызметі адами капиталдың сапасын дамытуға бағытталған. Бюро жергілікті мамандарды кәсіби тұрғыда дамытып, біліктіліктерін арттыруға мүмкіндік бере отырып, өңірдегі жоғары білікті және білімді мамандардың тобын қалыптастыруды көздейді.

Бюро қызметінің негізгі бағыттарына АХҚО-ның негізгі стратегиялық бағыттары бойынша, соның ішінде капитал нарығы, ислам және жасыл қаржы, қаржылық технологиялар, сондай-ақ активтер мен жеке тұлғалардың дәулетін басқару сияқты инвестициялық және қаржылық сауаттылық бағдарламалары жатады.

Бюро 2020 жылдың соңына дейін 20 кәсіби сала бойынша 5 мыңнан астам жергілікті мамандарды қайта даярлауды қамтамасыз етуді жоспарлап отыр, аталған салаларға кәсіптік дағдыларға негізделген халықаралық сертификаттық даму бағдарламаларын енгізу жоспарлануда. Екі жылдан сәл астам уақыт ішінде Бюро төмендегі бағдарламалар бойынша мыңнан астам маманды дайындады.

CFA® Chartered Financial Analyst

Диплом берілген қаржы талдаушысы – қаржы талдаушыларының құзыреттілігі мен этикасын бағалайтын CFA Институты беретін кәсіби дәреже.

FRM® Financial Risk Manager

Financial Risk Manager сертификациясы – бүкіл әлемге танылған және қаржы саласының кәсіби мамандарының, тәуекелдерді басқарушылардың беделді сертификациясы. Бағдарлама тәуекелдерді басқару, инвестициялық менеджмент, қаржылық талдау, активтер, бондтар мен деривативтерге қатысты кең ауқымды тақырыптарды қамтиды.

ACCA® The Association of Chartered Certified Accountants

Диплом беріліп, сертификатталған бухгалтерлер қауымдастығы – әлемнің 181 елінде 208 мың мүшесі бар, 503 мың студентті біріктіретін ірі және жылдам дамып келе жатқан халықаралық кәсіби қауымдастық. ACCA жұмыс берушілердің талаптарын қанағаттандыратын қажетті білім мен құзыреттілікке қол жеткізуге және әлемнің кез-келген елінде қаржы, есеп, аудит және менеджмент саласындағы табысты мансап жасауға мүмкіндік беретін кәсіби қаржылық біліктілікті ұсынады.

SPHRi® Senior Professional in Human Resources International

Senior Professional in Human Resources international – бұл адами ресурстар саласындағы басшыларға арналған халықаралық деңгейде олардың кәсібилігінің жоғары деңгейін және стратегиялар мен саясатты әзірлеудегі шеберлігін растайтын бағдарлама.

PHRi® Professional in Human Resources International

HRCI® институтының PHRi® сертификациясы халықаралық деңгейде жұмыс істейтін адами ресурстар саласындағы кәсіби мамандарға арналған. Сертификаттау мансап сатысымен жылжуға ықпал ететін кәсіби деңгейдегі құзыреттілікті, білім мен дағдыларды тексереді.

IFQ CISI® The Islamic Finance Qualification

Бағалы қағаздар мен инвестициялар бойынша аккредиттелген институттың (Ұлыбритания) The Islamic Finance Qualification (IFQ®) бағдарламасы – бұл исламдық қаржының техникалық жағына және шарифат негіздеріне де арналған жаһандық біліктілік. Үзіліссіз кәсіби даму бюросы осы біліктілік бойынша емтихан алатын орталықтың қызметін атқарады.

ADIF BIBF® Advanced Diploma in Islamic Finance

Бахрейн Банк ісі және қаржы институтының исламдық қаржы саласындағы етекші дипломы – бұл алты модульден тұратын онлайн семинарлары бар қашықтан оқытылатын курс. Исламдық және дәстүрлі қаржы институттарының қажеттіліктеріне сәйкес келетін исламдық қаржы қызметтері мен өнімдері туралы білім беретін ЖОО-дан кейінгі біліктілік. Үзіліссіз кәсіби даму бюросы осы біліктілік бойынша емтихан алатын орталықтың қызметін атқарады.

PCIF INCEIF® Professional Certificate in Islamic Finance

Ислам қаржысы бойынша кәсіби сертификат – бұл іс-тәжірибенің белгілі бір салаларында білім алу мақсатында индустрияның кәсіби мамандарына арналған бағдарлама. Ол ислам капитал нарықтары, исламдық қаржыландыруға арналған Шариғат, ислам банк ісі, жеке активтерді исламдық басқару сияқты мамандықтардың бірін таңдауды білдіреді. Үзіліссіз кәсіби даму бюросы осы біліктілік бойынша емтихан алатын орталықтың қызметін атқарады.

CIPA AAOIFI® Certified Islamic Professional Accountant

Исламдық бухгалтерлік есеп саласындағы сертификатталған кәсіпқой – бұл Ұйымның AAOIFI® (Бахрейн) исламдық қаржылық институттарының бухгалтерлі есебі мен аудиті саласындағы флагмандық біліктіліктерінің бірі және исламдық банктік, инвестициялық және сақтандыру сегменттеріне қызмет көрсетуге арналған халықаралық деңгейде танылған жалғыз біліктілік. CIPA® – кәсіпқойларға, топ-менеджерлерге, әсіресе исламдық банктік және қаржы индустриясындағы мамандар – бухгалтерлер мен аудиторларға, шариғат-аудиторларға, банктік қызметкерлерге, оқудың түрлі деңгейіндегі студенттерге арналған біліктілік. Үзіліссіз кәсіби даму бюросы осы біліктілік бойынша емтихан орталығы болып табылады.

Қазақстандағы кадрлық әлеуетті дамыту үшін Бюро халықаралық сертификаттау мен олардың тренингтеріне шығындарды өтеу мүмкіндіктерін беретін «шартты гранттар» жүйесін енгізді, оның аясында 200-ден астам кәсіби мамандар конкурстан өтіп, гранттар алды.

Сондай-ақ Бюро қазақстандық ЖОО-ға халықаралық сертификаттау базасындағы академиялық бағдарламаларды дамытуға белсенді көмектеседі, сонымен қатар оқытушылар құрамына Train-of-Trainers – халықаралық стандарттар бойынша қайта даярлау курстарынан өтуге мүмкіндік береді.

Бюроның құрылымында халықтың инвестициялық сауаттылығын дамыту аясында Бюро миссиясын ілгерілету және таныту үшін жауап беретін Медиа-орталық жұмыс істейді. 2018 жылы 60-тан астам іс-шаралар ұйымдастырылды, олардың ішінде Astana Finance Days, Islamic Finance Week, Be-A-Pro, World Investor Week, Bureau Professional Days және басқалар сияқты конференциялар бар.

Сонымен қатар дарынды мамандардың кадрлық резервін қалыптастыратын Мансап орталығы жұмыс істейді, қазір құрамында 6 мыңнан астам адам бар. Мансап орталығының мақсаты – жоғары білікті персоналды АХҚО құрылымдарына, сондай-ақ АХҚО экожүйесіне қатысушы компанияларға жұмысқа орналастыру.

Бюро есепке алу және аудит, қаржылық тәуекел менеджменті, адам ресурстарын, жобаларды басқару, маркетинг, киберқауіпсіздік, медиация және басқалар сияқты салаларда халықаралық сертификаттау емтихандарына дайындық бойынша тренингтер өткізеді. Бюроның негізгі серіктестері ACCA Global, CFA Institute, GARP, HRCI, CEDR, PMI және т.с.с. ұйымдар болып табылады.

www.aifc.edu.kz

AIFC
PROFESSIONALS



АХҚО Бюроның даму кезеңдері



Профессор Александр Ван де Путт

АХҚО Басқарушысы кеңесінің
Стратегиялық даму мәселелері
жөніндегі басшысы
АХҚО Академиялық кеңесінің
Төрағасы

«АХҚО пайымы – Қазақстан мен өңірде жетекші халықаралық қаржы орталығы болу. Орта мерзімді және ұзақ мерзімді мақсаттарға жету үшін адам капиталын дамытудың шешуші мәні бар және Үзіліссіз кәсіби даму бюросы тиісті стратегиялық көрсеткіштерге жетуге үлес қосуға қол жеткізуді мақсат тұтады.

Бухгалтерлік есеп, қаржы, заңтану және адам ресурстарын басқару салаларындағы кәсіби біліктіліктерді берудегі алғашқы табысымызды, сондай-ақ нарық тарапынан сұранысты ескере отырып, біз бағдарламаларымыздың тізімін оған технологиялар мен корпоративтік басқару бағдарламаларын қосу арқылы көбейтуді шештік. Төртінші өнеркәсіптік революция басталды, ал корпоративтік басқару бизнестің тұрақты өсуінің негізгі құрамдас бөлшегі».



Толқын Такишова, CFA

АХҚО әкімшілігі Жаңа Жібек Жолы экономикасы департаментінің директоры

«Бюроның артықшылығы – оларда мамандардың үзіліссіз кәсіби дамуын неге, кім үшін және қалай жүзеге асырудың барлық процесінің пайымы мен түсінігінің бар болуында.

Бюро барлық мүдделі тараптарды: жұмыс берушілерді, мамандарды, тәлімгерлерді және халықаралық сертификаттау орталықтарын байланыстыратын маңызды буын. Ұқсас сертификаттарға дайындау бойынша коммерциялық орталықтармен салыстырғанда Бюроның қосымша бонусы – емтиханды сәтті тапсырған жағдайда сіздің барлық шығындарыңыздың орны толтырылады, бұл барлық жас мамандар үшін жақсы ынталандыру мен көмек болады.

Бюро тәлімгерлері халықаралық сертификаттардың иегерлері екендігінің және барлық үміткерлер өтетін дайындық процесінен және дәл сондай қиындықтардан өздері де өткендігі маңызды. Сондықтан олар басқалардан гөрі үміткерлердің қобалжуларын бөлісе алады, дұрыс кеңес пен бағыт бере алады».



Марион Ле Брюшек

Бизнесі дамыту жөніндегі
Вице-президент – Тәуекелдерді
басқару бойынша халықаралық
қауымдастықтың (GARP) EMEA
(Еуропа, Таяу Шығыс, Африка)
бойынша Директор

«Емтихан тапсыру немесе сертификаттауды алу ғана маңызды емес, тұрақты кәсіби даму жолына тұру керек. Бізде Қауымдастық мүшелеріне арналған ақпарат пен білім беру контенті көп, сондықтан мен Бюро да мамандардың әрі қарай дамуына жігерлендіру ұстанымын ұстанады деп санаймын».



Стив Уоллес

EMEA-да (Еуропа, Таяу Шығыс,
Африка) институционалдық
серіктестік бойынша CFA®
институтының Директоры

«Астана халықаралық қаржы орталығы инфрақұрылымын дамыту аясында кәсіпқойлық, этика және серіктестік қағидаттарына негізделген кадрлық әлеует пен нарық мамандарының негізгі құзыреттерін дамыту Бюроның басты рөлі болып табылады».



Әсел Мұсағұл, FRM

«Біріншіден, Бюроның курстары арқылы мен көптеген кәсіби байланыстар орнаттым, кәсіби мамандармен таныстым. Курсқа басым бөлігі тәуекелдерді басқару саласындағы практиктер қатысатындықтан, оқу қаржы саласындағы өзекті мәселелерге қатысты түрлі пікірталастар мен талқылауларға толы болды. Екіншіден, курстар оқу мен тесттерді тапсырудың белгілі бір техникаларына, сондай-ақ сыни тұрғыдан ойлауға және мәселені дұрыс түсінуге үйретті. Үшіншіден, курстардағы ақпараттар мен практикалық тапсырмалардың үлкен көлемі емтиханды сәтті тапсыруға елеулі үлес қосты. Оқыту мен дәріс берушілердің сапа деңгейі өте жоғары, өйткені оқытушылардың өздері FRM емтиханын сәтті тапсырған және тәуекелдерді басқаруда мол тәжірибесі бар. FRM емтиханына дайындалуға және күткен сертификатты алуға жан-жақты қолдау көрсеткені үшін Бюроға алғыс айтамын».

ФИНТЕХ ХАБ

АХҚО-ның Финтех хабы қаржы технологиялары нарығын дамыту үшін жайлы жағдайлар мен жоғары сапалы инфрақұрылымды ұсынады. Хаб жаңа өнімдерді жасау мен енгізу, қаржы технологияларының жеткізушілеріне арналған бірыңғай нарықты қалыптастыру, адам капиталының деңгейін көтеру және ноу-хаулар, сондай-ақ халық арасында кәсіпкерлік ойлауды дамыту үшін қаржы технологиялары нарығының барлық өңірлік қатысушыларын біріктіруді өзіне мақсат етіп қояды.

Финтех хаб Қазақстанда венчурлық капитал қорлары мен қаржы институттары үшін мол мүмкіндіктер беретін анағұрлым жетілген, әртараптандырылған және дамыған инвестициялық нарықты құру мақсатында бүкіл әлемнен стартаптарды, кәсіпкерлер мен халықаралық инвесторларды, салалық сарапшылар мен жоғары білікті мамандарды тартуды көздейді.

Халықаралық финтех-қоғамдастықтарымен жаһандық көпірлер құру және негізгі халықаралық финтех ойыншыларымен стратегиялық қарым-қатынас құру аясында қаржы технологиялары саласы экожүйесінің жергілікті, өңірлік және финтех-ойыншыларымен қарым-қатынастар дамып жатыр. Бірлескен жобаларды іске асыру, технологиялармен және дарындармен алмасу, ақпараттық алмасу арқылы ғана емес, сондай-ақ жергілікті жобалар мен Хабтың бағдарламаларын ілгерілету арқылы да өзара пайдалы ынтымақтастық үшін алаң құрылуда.

Серіктестік Азия, Еуропа, Таяу Шығыс және ТМД елдері сияқты өңірлермен финтех көпірлер жасау арқылы, сонымен бірге бар әлем бойынша негізгі финтех іс-шараларына қатысу арқылы құрылуда. Хаб Singapore FinTech Week (қараша, 2018) және Istanbul FinTech Week (сәуір, 2019) сияқты халықаралық көрмелерге қатысты, ол жерде Қазақстанның 9 табысты стартаптары таныстырылды.

Сингапурдың, Дубайдың, Гонконгтың, Стамбулдың және Орталық Азия елдерінің хабтарымен және финтех ұйымдарымен серіктестік қарым-қатынастар жасалды.

Қаржы технологиялары саласындағы дарындарды дамытуға қатысты сәтті жобалардың бірі – Гонконг Университетімен Қазақстанның ғана емес, Орталық Азия өңірінің де студенттері мен жас буынына қызықты болатын қаржы технологиялары бойынша тегін онлайн курстардың топтамасын іске қосу.

Жаңа технологиялық салалар бойынша бірлесе жұмыс істеу үшін әлемдегі халықаралық ұйымдарды, үкіметтерді, бизнесті, қарқынды даму үстіндегі стартаптарды, азаматтық қоғам өкілдерін, ғылымдарды академиялық топтар мен халықаралық ұйымдарды біріктіретін Дүниежүзілік

экономикалық форумның Төртінші өнеркәсіптік төңкеріс орталығымен (WEF C4IR) серіктестік келісім жасалды.

Финтех-стартаптарды қолдау Финтех хаб жұмысының маңызды бөлігі болып саналады. Осылайша, 2018 жылы АХҚО финтех, электрондық сауда-саттық салаларын және сақтандыру секторын дамытуға бағытталған Fin-TechStars акселерациялық бағдарламасын өткізді, оның мақсаты Қазақстанның, таяу және алыс шет елдердің даму сатысындағы стартап-компанияларын тарту болды. Халықаралық менторлыққа Google, Telr, ChocoFamily, Qazkom, Kcell, MasterCard Kazakhstan, 500 start-ups, Calcey Technologies және Digital Ventures компанияларынан серіктестер тартылды. шамамен 150 компаниялардың арасынан іріктеу нәтижелері бойынша 20 мың АҚШ доллары көлемінде инвестициялар алған, акселератор тобымен жұмыс істеу мүмкіндігін, вебинарлар мен семинарларға қолжетімділік алуға, Seedstars серіктестерінің техникалық шешімдеріне тегін қолжетімділік алуға, сондай-ақ инвесторлар алдында сөз сөйлеу құқығына және бірлескен жобаларды іске қосуға мүмкіндік алған 10 үздік финтех-компаниялар мен стартаптар (6 жергілікті және 4 халықаралық) іріктелді.

АХҚО Visa-ның серіктесі және Қазақстан мен Орталық Азияда жергілікті нарықтарға қойлатын міндеттерді шешуге және жаңа тұтынушылық өнімдер мен қызметтерді жасауға көмектесетін инновациялар мен бизнес-жобаларды ілгерілету мақсатында стартаптарды қолдау бойынша жаһандық бағдарлама Visa Everywhere Initiative байқауын ұйымдастырушылардың бірі болды. Байқау қаржы, АТ және финтех-қоғамдастықтарынан оң баға алды.

Байқауды Қазақстанның ірі компаниялары қолдады, осы компаниялардың 30-дан астам үздік мамандары мен топ-менеджерлері финтех стартаптар үшін менторлар мен консультанттар болуға даярлығын білдірді.

Жобаларды іріктеу 6 номинация бойынша жүргізіледі: қаржылық сауаттылық, жек тұлғаларға арналған қаржы қызметтері, шағын және орта бизнеске арналған қаржы қызметтері, сақтандырудағы жаңа технологиялар мен өнімдер, қаржы секторына арналған B2B қызметтері, мобильді қаржы қызметтері.

www.fintech.aifc.kz

ЖАСЫЛ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ

Жасыл қаржылар орталығы үкіметтік, қаржылық мекемелер мен кәсіпорындарға стратегиялық шешімдер, сонымен бірге өңір үшін жаңашыл жасыл облигацияларын шығаруға көмек ұсынып, АХҚО-ны Орталық Азия мен Шығыс Еуропа үшін жасыл қаржыландырудың хабы ретінде ілгерілетеді.

ОРТАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ:

- Жасыл қаржыландыру құралдарын, сондай-ақ даму институттарын, коммерциялық банктерді, қорларды және т.б. қоса алғанда нарықтың түрлі қатысушыларының оларды жүзеге асырудағы басшылыққа алатын қағидаттарын әзірлеу;
- Қазақстанда жасыл қаржыландыру құралдарын енгізуге жәрдемдесу;
- Жобаларды, соның ішінде жасыл облигацияларды шығару кезінде қолдау;
- Жасыл қаржыландыру саласындағы мамандарды даярлау, тренингтер өткізу және мамандарды аттестациялау;
- Жасыл жобаларға гранттар мен өзге де қаржыландыру беретін халықаралық қаржы мекемелерінің тізілімін жүргізу.

www.aifc.kz

ТІКЕЛЕЙ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ҚОРЫ

Қазақстан экономикасының шикізаттық емес секторына шетелдік инвестициялардың ағынын арттыру және АХҚО алаңында инвестициялық процестің барлық кезеңдерінде инвесторларға қолдау көрсету мақсатында «Қазақстандық даму инвестициялық қоры» Тікелей инвестициялық қоры мен «Қазақстандық даму инвестициялық қоры» Тікелей инвестициялық қорын Басқарушы компаниясы құрылды. Қор өңдеуші сектордың серпілісті жобаларына бірлесе инвестициялау қағидатымен инвестицияларды тартатын егеменді қор болып табылады. Өңдеу өнеркәсібі, агроөнеркәсіптік кешен, инфрақұрылымдық жобалар (энергетика, көлік, логистика, АТ және т.б.) инвестициялаудың басым салалары болып анықталды.



**КОНСУЛЬТАТИВТІК
КЕҢЕСТЕР**

06



АХҚО-НЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ КОНСУЛЬТАТИВТІК КЕҢЕСІ

КЕҢЕС ҚҰРАМЫ:

- **Майкл Блэр (Төраға)** - 3 Verulam Buildings адвокаттық палатасының жоғарғы рангтағы корольдік адвокат
- **Кристофер Кэмпбелл-Холт** – АХҚО Соты мен Халықаралық төрелік орталығының тіркеушісі және аппараттарының басшысы
- **Саймон ФТ Кокс** - Norton Rose Fulbright компаниясының аға кеңесшісі
- **Фрэнсис Фитцхерберт-Брокхоулс** – White & Case-тің штаттан тыс серіктесі
- **Эндрю Олдлэнд** – корольдік адвокат, Michelmores-де аға серіктес
- **Рой Пирс** – Baker & McKenzie-де серіктес
- **Эндрю Робертс** – Herbert Smith Freehills компаниясында серіктес
- **Майкл Томас** – Hogan Lovells International компаниясында серіктес.

АХҚО-ның Құқықтық консультациялық кеңесі АХҚО құқықтық базасының үздік халықаралық стандарттарға сәйкестігін келесі жолдармен қамтамасыз етеді:

- Қағидаларды және өзге де АХҚО актілерін әзірлеу үшін үздік халықаралық стандарттарды, АХҚО құқығының қолданыс аясы мен мазмұнын, АХҚО қолданылатын құқығын әзірлеу әдістемесі мен стратегиялық дамуын анықтау

- АХҚО-ның тиісті органдары біржола қабылдағанға дейін олардың сұратуы бойынша АХҚО актілерінің жобаларын мақұлдау.

АХҚО-НЫҢ ЗАҢ ҚЫЗМЕТІН РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ КОНСУЛЬТАТИВТІК ПАНЕЛІ

ПАНЕЛЬ ҚҰРАМЫ:

- **Крис Кенни (Төраға)** – Шотландияның медициналық және стоматологиялық қорғау одағының Бас директоры
- **Патрисия Робертсон** – корольдік адвокат, Англия Жоғары соты Судьясының орынбасары және Абу-Даби халықаралық қаржы орталығы Апелляциялық комиссиясының (Abu Dhabi Global Market Appeal Panel) мүшесі
- **Иян Миллер** – Kingsley Napley LLP компаниясында серіктес
- **Криспин Пассмор** – Passmore Consulting-те атқарушы директор
- **Элисон Хук** - Hook Tangaza компаниясының бірлескен құрылтайшысы.

Панельдің міндеттері:

- Заң қызметін реттеудің үздік халықаралық стандарттарын анықтау
- Заң қызметін реттеу сұрақтары бойынша стратегиялық консультациялар мен сараптамалық

қорытындылар беру

- АХҚО-да заң қызметін реттеу жөніндегі АХҚО актісін әзірлеу бойынша әдістемелер мен тәсілдерді анықтау және өзге де сұрақтар.

АХҚО-НЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ КЕҢЕСІ

КЕҢЕС ҚҰРАМЫ:

- **Профессор Александр Ван де Путт (Төраға)** – АХҚО Басқарушысы Кеңесінің Стратегиялық даму мәселелері жөніндегі басшысы
- **Нұрлан Құсайынов** – АХҚО әкімшілігі Басқармасының Төрағасы;
- **Кристофер Кэмпбелл-Холт** – АХҚО Соты мен Халықаралық төрелік орталығының тіркеушісі және аппаратының басшысы
- **Қайрат Мәжібаев** – Resmī Group компаниясының Директорлар кеңесінің Төрағасы
- **Ернұр Рысмағамбетов** – АХҚО әкімшілігі Басқармасы Төрағасының орынбасары
- **Әсия Кәрібай** – АХҚО Үзіліссіз кәсіби даму бюросы басшысының м.а.
- **Профессор Александр Аузан (Кеңестің құрметті мүшесі)** - М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті Экономика факультетінің деканы.

Кеңестің міндеттері:

- АХҚО қызметкерлерін үзіліссіз кәсіби дамытуды ұйымдастыруға үздік халықаралық стандарттарды енгізу
- Академиялық және оқу бағдарламаларын әзірлеу бойынша ұсынымдар жасау
- Оқу бағдарламаларының студенттерін іріктеу, алу және шығару бойынша ұсынымдар жасау
- Гранттар жеңімпаздарын іріктеу бойынша Бюроға ұсынымдар жасау
- Академиялық және оқу бағдарламалары үшін баға саясаты бойынша ұсынымдар жасау
- Бюроның іс-қимыл жоспарына және жұмысының жалпы көлеміне қатысты ұсынымдар жасау
- АХҚО-ның құқықтық актілері мен Кеңес туралы ережелерге сәйкес Үзіліссіз кәсіби даму бюросымен және АХҚО-мен байланысты өзге де функцияларды атқару.

АХҚО-НЫҢ ЖАСЫЛ ҚАРЖЫ ЖӨНІНДЕГІ КОНСУЛЬТАТИВТІК КЕҢЕСІ

КЕҢЕС ҚҰРАМЫ:

- **Қайрат Келімбетов (Төраға)** – АХҚО Басқарушысы

- **Шон Кидни** – Climate Bonds Initiative Бас директоры
- **Доктор Ма Джун** – Қытай Халық Банкінің экс-бас экономисті, Цинхуа Университетінің Қаржылар және даму институтының директоры
- **Винсент Дуйнхауэр** – Ресей мен Орталық Азиядағы ЕҚҚДБ-ның Энергиялық тиімділік және климаттың өзгеруі бөлімінің жетекші менеджері.

Кеңестің міндеттері:

- АХҚО-ны Орталық Азия мен Шығыс Еуропада жасыл қаржылардың өңірлік хабы ретінде дамыту және ілгерілету саясаты мен стратегиясы мәселелері бойынша консультациялар беру
- Жасыл қаржыландыруды дамыту саласында АХҚО әкімшілігі мен басқа органдары әзірлеп жатқан құжаттар бойынша сараптамалық пікір беру
- Жасыл қаржылар саласындағы жетекші халықаралық ұйымдарды және жасыл қаржыларды ілгерілетіп жүрген қаржы реттеушілерін ынтымақтастыққа тарту.

АХҚО-НЫҢ ИСЛАМДЫҚ ҚАРЖЫ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САРАПТАМАЛЫҚ КЕҢЕСІ

КЕҢЕС ҚҰРАМЫ:

- **Дауд Викари Абдуллах (Төраға)** – DVA Consulting консалтингтік фирмасының Басқарушы директоры, INCEIF – Халықаралық исламдық қаржылар университетінің экс-президенті
- **Абделиллах Белатик - CIBAFI** – Ислам банктері мен қаржы институттары кеңесінің Бас хатшысы
- **Датук Рифаат Ахмед Абдель Карим** – Ислам қаржылық қызметтері жөніндегі кеңестің (IFSB) экс-Бас хатшысы
- **Хамед Хасан Мерах - AAOIFI** – Сауд коммерциялық төрелік орталығы Басқармасының Төрағасы, Ислам қаржы институттарының бухгалтерлік есеп және аудит бойынша ұйымының экс-бас хатшысы
- **Стелла Кокс CBE** - TheCityUK исламдық қаржыландыру нарығы бойынша консультациялық топтың Төрайымы, DDCAP Group™ компаниясының Басқарушы директоры
- **Хурия Эль Ислами - IMF** – Халықаралық Валюта Қорының исламдық қаржылар жөніндегі сарапшысы, Индонезияның Хадж жөніндегі мемлекеттік кеңесі атқарушы комитетінің мүшесі
- **Хумайон Дар** – Исламдық қаржылар бойынша жаһандық сыйдың (GIFA) құрылтайшысы, Ислам Даму Банкі тобына кіретін Исламдық зерттеулер мен тренингтер институтының экс-Бас хатшысы
- **Линар Якупов** – Ислам қаржы институттарымен өзара іс-қимыл мәселелері жөніндегі Татарстан Республикасы Премьер-Министрінің кеңесшісі, Ислам

бизнесі мен қаржыларды дамыту қорының негізін қалаушы және президенті

- **Шейх Билал Хан** – АХҚО әкімшілігі Бизнесі халықаралық ілгерілету департаментінің исламдық қаржыландыру бағытының басшысы, Халықаралық төрелік орталығы алқасының мүшесі
- **Мохамед Джамиль Берро** - Emirates NBD Банкі Басқармасының Төрағасы, Египет, Al Hilal Bank Тобы Басқармасының экс-Төрағасы, БАӘ

Кеңестің міндеттері:

- Исламдық қаржыландыру саласындағы АХҚО нормативтік-құқықтық құжаттарының үздік халықаралық тәжірибелер мен стандарттарға сәйкестігіне сараптама жүргізу
- Ислам қаржысын дамыту саласында АХҚО органдары әзірлейтін құжаттарға сараптамалық пікір беру
- АХҚО-ға жетекші халықаралық исламдық қаржы және өзге де ұйымдарды тарту.

АХҚО-НЫҢ ИСЛАМДЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ҚАҒИДАТТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ КЕҢЕСІ

КЕҢЕС ҚҰРАМЫ:

- **Доктор Мохд Дауд Бакар (Төраға)** – Малайзия Орталық Банкі, Малайзияның Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиясы, Лабунның Қаржылық қызметтер басқармасы, Өтімділікті басқару жөніндегі халықаралық ислам корпорациясы жандарындағы Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңестердің Төрағасы
- **Шейх Эсам Мохамед Исхак** – Бахрейн Орталық Банкінің Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңесінің мүшесі, Ислам қаржы институттарының бухгалтерлік есеп және аудит бойынша ұйымының (AAOIFI) Басқару және этика мәселелері жөніндегі кеңесі Төрағасының Орынбасары
- **доктор Мохаммед Әли Ибрагим Эль-Гари** – Amanie Advisors-тың Исламдық қаржыландыру

қағидаттары жөніндегі кеңесінің Төрағасы, Ислам қаржы институттарының бухгалтерлік есеп және аудит бойынша ұйымының (AAOIFI) Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңесінің мүшесі, Өтімділікті басқару жөніндегі халықаралық ислам корпорациясының кеңесшісі

- **доктор Имран Ашраф Усмани** – Хира Дамушы ғылымдар институтының директоры (HIES), Ислам қаржы институттарының бухгалтерлік есеп және аудит бойынша ұйымы (AAOIFI) Атқарушы комитетінің мүшесі, Халықаралық ислам қаржы нарығының (IIFM) Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңесінің мүшесі
- **Шейх Билал Хан** – АХҚО әкімшілігі Бизнесі халықаралық ілгерілету департаментінің исламдық қаржыландыру бағытының басшысы, Халықаралық төрелік орталығы алқасының мүшесі

Кеңестің міндеттері:

- Исламдық қаржыландыру саласындағы АХҚО саясатын зерделеу және исламдық қаржыландыру қағидаттарына сәйкестігін тексеру
- Сукук құрылымының және (соның ішінде егемендіні) оның тиісті құжаттарының (және/немесе мемлекеттік немесе басқа да ұйымдардың шығарған өзге де қаржы құралдарының) исламдық қаржыландыру қағидаттарына сәйкестігін келісу
- Исламдық қаржыландыру саласындағы өзге де сұрақтар бойынша консультациялар беру.

АХҚО-НЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САРАПТАМАЛЫҚ КЕҢЕСІ

КЕҢЕС ҚҰРАМЫ:

- **Қайрат Келімбетов (Төраға)** – АХҚО Басқарушысы
- **доктор Иохан Бидерманн** – Халықаралық қаржы орталықтары дүниежүзілік альянсының Басқарушы директоры, Blockchain Asia-ның негізін қалушы және басшысы, Германия



- **доктор Жанг Сияочен** – Fintech4Good Президенті, АҚШ және Қытай
- **Масуд Ахмед** – Орта Шығыс пен Орталық Азия бойынша Халықаралық валюталық қордың экс-директоры, Дүниежүзілік Даму Орталығының директоры
- **Эран Поляк** - BaseCamp Инновациялық орталығы Директорлар кеңесінің мүшесі, Израиль
- **Аластаир Люкас** – Motive Partners компаниясының бірлескен негізін қалаушы және серіктесі, Ұлыбритания
- **Барбара Мейнерт** – Li&Fund компаниясының жетекші кеңесшісі және Hong Kong Cyberport Кеңесінің мүшесі, Гонконг және Ұлыбритания
- **Валерий Вавилов** – Bitfury компаниялар тобының негізін қалаушы және Басқарма Төрағасы, АҚШ және Голландия.

Кеңестің міндеттері:

- АХҚО-ны қаржы технологияларының өңірлік және халықаралық хабы ретінде, жаңа буынның қаржылық қызметтерін көрсету бойынша ТМД және Орталық Азия елдеріне арналған алаң ретінде дамытудың және ілгерілетудің саясаты мен стратегиясы мәселелері бойынша консультациялар беру
- АХҚО-дағы қаржылық технологиялар (қаржы қызметтеріндегі инновацияларға жәрдемдесуге бағытталған заңнаманы әзірлеу және қарастыру) саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттар бойынша оларды тиісті АХҚО органдары біржола қабылдағанға дейін сараптамалық пікір беру
- Хабты ілгерілету үшін қаржы технологиялары саласындағы жетекші әлемдік ұйымдарды, инвесторларды, венчурлық капиталисттерді, халықаралық финтех акселераторларды/инкубаторларды және финтех реттеушілерді тарту.

АХҚО-НЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНСУЛЬТАТИВТІК ТОБЫ

ТОПТЫҢ ҚҰРАМЫ:

- **Қайрат Келімбетов (Төраға)** – АХҚО Басқарушысы
- **профессор Рикардо Хаусманн** – Халықаралық даму орталығының директоры және Гарвард университеті Д.Кеннеди атындағы Мемлекеттік басқару мектебі экономикалық даму тәжірибесінің профессоры
- **Марк Узан** – Reinventing Bretton Woods Committee коммерциялық емес ұйымының атқарушы директоры және негізін қалаушы

- **Лорд Фрэнсис Мод** – Ұлыбританияның Сауда және инвестициялар экс-Министрі
- **Эдуардо Леви Йейати** – Торкуато ди Телла Университетінің Мемлекеттік басқару мектебінің деканы
- **Йехуда Вайнштейн** – Израильдің экс-Бас прокуроры
- **Колин Лоуренс** – Англия Банкінің тәуекелдер жөніндегі экс-кеңесшісі.

Топтың міндеттері:

- АХҚО мүдделерін әлемдік қаржы нарықтарында, жетекші жаһандық форумдар аясында, сондай-ақ халықаралық қаржы ұйымдары мен институттарында ілгерілетуге ықпал ету
- Негізгі жаһандық қаржы нарықтарында АХҚО мүдделерін ілгерілету мәселелерінде белсенді консультациялық қолдау көрсету
- Халықаралық қаржы институттарының, активтердің жаһандық басқарушыларының, орталық банктердің өкілдерімен іскерлік байланыстар желісін орнату
- АХҚО органдарының жұмысын ұйымдастыруға жәрдемдесу
- АХҚО-ның дамуына, халықаралық қаржы жүйесінің жаңа архитектурасына және оның ішіндегі АХҚО-ның рөліне, АХҚО-ның жаңа реттеу қағидаттары мен мүмкіндіктеріне, технологиялық трендтер мен жаһандық қаржы нарықтарындағы өзгерістерге қатысты саяси-экономикалық ахуал мәселелері бойынша ұсынымдар.

АХҚО-НЫҢ АУДИТ КОМИТЕТІ

КОМИТЕТ ҚҰРАМЫ:

- **Қайрат Келімбетов (Төраға)** – АХҚО Басқарушысы
- **Ләйлім Қашымова** – Қазақстан Республикасының Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің өкілі
- **Арман Бектұрова** – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің өкілі
- **Бреннан Дэниэл** – Халықаралық тәжірибесі бар тәуелсіз өкіл, халықаралық төрелік орталықтарында жұмыс тәжірибесі бар барристер.

Комитеттің міндеттері:

- АХҚО-да қаржылық бақылау жүргізу мәселелерін талқылау
- АХҚО-да қаржылық бақылау бойынша ұсынымдар жасау.



**СТРАТЕГИЯЛЫҚ
БАҒЫТТАР**

07



Әлемнің халықаралық қаржы орталықтары жұмысының табысты озық тәжірибесіне сүйене отырып, АХҚО-ны дамытудың негізгі стратегиялық бағыттары анықталды: капитал нарығы, активтерді басқару, жеке тұлғалардың әл-ауқатын басқару, қаржылық технологиялар, ислам қаржылары, сондай-ақ жасыл қаржылар.

КАПИТАЛ НАРЫҒЫ

Экономиканың және Орталық Азия мен ЕЭО өңірінде инвесторлар үшін тартымды IPO/SPO санының өсуімен барлық өңір үшін өтімді және тиімді қор нарығын құру қажеттілігі туындайды. Осыған байланысты капитал нарығының дамуы АХҚО-ның басты және анағұрлым маңызды басым бағыттарының бірі болып табылады. Қаржы құралдарының кең спектрі бар өтімді және теңдестірілген капитал нарығын қалыптастыру арқылы банктік секторға балама құру негізгі міндет болып табылады.

Негізгі серіктестері Шанхай қор биржасы, Nasdaq биржасы, Goldman Sachs және Жібек жолы қоры болып табылатын АХҚО Биржасы Шығыс пен Батыстағы жетекші әлемдік ойыншылар арасындағы негізгі буын және шетелдік инвестицияларды тартуға арналған өңірлік платформа болуда. АХҚО Биржасы – халықаралық деңгейдегі сауда мен активтердің жаңа кластарына инвестициялардың өсуіне және ұзақ мерзімді перспективадағы кірістерді әртараптандыруға жәрдемдесетін жоғарытехнологиялық, инновациялық және тиімді платформа.

АХҚО Биржасының басты басымдығы инвесторларға таныс ортаны құру болып табылады: халықаралық юрисдикцияларға ұқсас нормативтік-құқықтық база, биржаны жаһандық инвесторлармен байланыстыратын салалық стандартты хаттамалары бар технологиялық платформа, жергілікті және халықаралық инвесторларды байланыстыратын брокерлер тобы.

Бүгінгі күні АХҚО Биржасының толыққанды жұмыс істеу және листинг пен жария орналастыруды өткізу үшін барлық қажетті компоненттері бар, ол Қазатомөнеркәсіп ұлттық компаниясының сауда-саттығы кезінде көрсетілді.

АКТИВТЕРДІ БАСҚАРУ

Активтерді басқару нарығын дамыту кез келген табысты қаржы орталығының ажырамас бөлігі болып табылады. Географиялық жағынан жайлы орналасқан АХҚО, Орталық Азия нарықтарына халықаралық инвесторлардың қол жеткізуіне арналған платформа ретінде қарастырылады. АХҚО тікелей инвестициялардың жаһандық та, жергілікті де қорларына, хедж-қорларына және жылжымайтын мүлік қорларына өз инвестициялық портфельдерін әртараптандыруға мүмкіндік береді. Егеменді қорлардың мандаттарын пайдалану есебінен жетекші халықаралық басқарушы компанияларды оқшауландырумен қатар осы саладағы сараптаманы дамыту қазақстандық

экономиканың жаһандық нарықта бәсекеге қабілеттілігін арттыра отырып, Нұр-Сұлтан қаласын активтерді басқару бойынша өңірдің көшбасшысы етеді.

АХҚО-ның активтерді басқарудың өңірлік орталығы ретінде қызмет атқару үшін негізгі артықшылықтары бар: жалпы құқық қағидаттарына негізделген заңнама, жайлы салық климат, жеке валюталық реттеу, ислам және жасыл қаржылар нарығына қолжетімділік, сондай-ақ елеулі фактор ретінде экономикалық және саяси тұрақтылық.

АХҚО-ның шығындардың тиімділігі тарапынан артықшылықтарды қоса алғанда, халықаралық стандарттарға сай нормативтік-құқықтық базасын ұсына отырып, өңірлік инвестициялық қорларға арналған жетекші юрисдикцияға айналуға барлық мүмкіндіктері бар. АХҚО дамушы заңнамалық реттеу және инвесторлар туралы ақпаратты ашу бойынша талаптар, құқықтық құралдардың артып келе жатқан саны, өнімдердің инновациялары мен салалық артықшылықтар саласындағы бәсекелестік сияқты жаһандық үрдістерді қор құрылымдарының танылған әлемдік юрисдикцияларымен тең бәсекелесу және қор әкімшілері, банк-кастодиандар, депозитарийлер, трансфер-агенттер, басқарушы компаниялар, қор дистрибьюторлары мен заң фирмалары сияқты түрлі нарық қатысушыларының талаптарына жауап беру мақсатында қарастырады.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДӘУЛЕТІН БАСҚАРУ

АХҚО активтерді басқару бойынша нарықпен қатар жеке тұлғалардың әл-ауқатын басқару нарығын дамытуды қолдайды. Орталық ауқатты тұлғалардың инвестициялары үшін жайлы мүмкіндіктер жасайды және жеке капиталды басқару мен активтерді басқару бойынша компанияларға АХҚО-дағы өз кеңселерін ұсынады. Дүниежүзінде жеке капиталды басқару азиялық елдер жағына жаһандық түрде ығысқандықтан және дамушы экономикасы бар елдер күннен күнге инвестицияларды көбірек тарауына және әл-ауқаттың әрі қарайғы дамуын ынталандыратынына байланысты АХҚО Нұр-Сұлтан қаласын ТМД, ЕЭО және Азияның елдері үшін жеке капиталды басқарудың басты өңірлік орталығы ретінде танытуға ұмтылады.

АХҚО Швейцария, Сингапур, Люксембург және БАӘ сияқты жеке капиталды басқарудың жетекші әлемдік орталықтарының оң тәжірибесіне негізделген жайлы және сенімді реттеуші базаны қамтамасыз етеді. Өнімдер мен қызметтердің кең спектрі (инвестициялық және портфельдік консалтинг, салықтар мен күрделі қаржы жұмсалымын жоспарлау, активтерді орналастыру) өкілдіктер, бөлімшелер, еншілес компаниялар сияқты түрлі құрылымдар арқылы жергілікті ойыншылар үшін кастодиандық қызметтер мен шоттарды ашу және жүргізу бойынша қызметтерді жеке капиталды басқарудың үздік

заманауи әлемдік практикаларына сәйкес жүзеге асыру ұсынылады.

Өңірдегі ауқатты отбасылар активтерінің өсуіне байланысты жеке әл-ауқатты кешенді басқару саласында, соның ішінде ауқатты тұлғалар үшін банктік қызметтер спектрін кеңейтуге қажеттілік артауда. АХҚО жергілікті және шетелдік жеке клиенттердің, өңірдегі отбасылық кеңселердің қажеттіліктеріне жақсырақ қызмет көрсету үшін ауқатты тұлғаларға банктік қызметтер көрсетуге арналған толығымен функционалды жаңа нарықтық платформаны жасауда. Ауқатты тұлғалармен қатар активтерді басқару нарығына банктік қызметтер көрсетуге маманданатын жайлы ортаны дамыту қаржы орталығының маңызды тірегі болады деп болжануда.

ҚАРЖЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Заманауи инфрақұрылымның, икемді реттеуші қағидалардың, қолжетімді коммуникациялық ортаның, сондай-ақ ашық құқықтық режимнің арқасында АХҚО-ның технологиялық компанияларды тартуға және реттеудің икемді жүйесі бар өңірлік финтех хаб мәртебесін иеленуге жақсы мүмкіндіктері бар. Біршама жаңа финтех бағытты енгізу және дамыту дәстүрлі қаржы қызметтерінің бағасын төмендетуге, жаһандық нарықтармен кеңейтілген интеграцияға жәрдемдесуге және жергілікті қаржы нарығының дамуын жеделдетуге мүмкіндік береді.

Инновациялық технологияларды қолданылып жаһандық қаржы жүйесінің трансформациясының тұрғысынан АХҚО өңірге қаржылық технологиялар беретін мүмкіндіктерді пайдалануға көмектесетін бірқатар бастамаларды бастады.

АХҚО базасында жаңа финтех өнімдерді тестілеуге арналған «реттегіш құм алаңы» жеңілдетілген реттегіш режимі, сондай-ақ компанияларға өздерінің инновациялық қаржылық қызметтерін жеңілдетілген реттеушілік базада, бірақ «қауіпсіз» ортада ұсынуға мүмкіндік беретін мамандандырылған FinTech Lab реттеушілік орта құрылды.

«Реттегіш құм алаңының» негізгі мақсаттары қаржылық инновацияларды нарыққа шығару үшін артық реттегіш кедергілерін жою арқылы бәсекелестікті ынталандыру, тұтынушыларды қорғаудың тиісті шараларын қамтамасыз ету, бар тәуекелдерді бейімдеу арқылы қаржы инновацияларындағы әлеуетті тәуекелдерді төмендету, тиімдірек нормативтік-құқықтық базаны құру болып табылады. Қазіргі кезде АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті жеке электрондық валюталар (криптовалюта) және бағалы қағаздарды дербес орналастыру салаларындағы АХҚО реттегіштік базасын қабылдады.

Сонымен бірге жақын арада шағын және орта бизнес үшін

қаржыландырудың балама формаларына қолжетімділік беруді көздейтін краудфандингтік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі АХҚО актісіне түзетулерді қабылдау күтілуде.

инвестицияларға қолжетімділікті жеңілдету, жаңа өнімдерге/бизнес-модельдерге арналған заңнамалық базаны жасау, тиімсіз құқықтық нормаларды жою, тұтынушылар мен инвесторларды қорғаудың тиісті шараларын қамтамасыз ету FinTech Lab мақсаттары болып табылады.

FinTech Lab шетелдік юрисдикциялардың лицензиялары бар компанияларға қорларының көлемі ең аз жергілікті нарықтарды АХҚО-ның реттегіштік талаптарына кезең-кезеңмен сәйкестену арқылы тестілеуге, сондай-ақ әрекет етуші клиенттермен реттелмейтін жаңа қаржы қызметтерін және технологияларды шынайы уақытта тестілеуге мүмкіндік береді.

ИСЛАМ ҚАРЖЫСЫ

Қазақстан өңірде исламдық қаржыландыруды дамыту үшін тартымды платформа болып табылады. АХҚО арнайы инфрақұрылымды, құқықтық және салық режимдерін, сондай-ақ кәсіби даму үшін мүмкіндіктерді ұсына отырып, Орталық Азия мен ТМД елдері үшін исламдық қаржыландырудың өңірлік хабына айналуы жоспарлауда.

Азия даму банкімен (ADB) бірлесе АХҚО исламдық қаржыландыру, исламдық банкинг, исламдық сақтандыру және исламдық капитал нарығы бойынша жайлы құқықтық және реттегіштік базаны құру бойынша жұмыстар жүргізді. Ислам қаржылары бойынша заңнаманы әрі қарай дамыту үшін АХҚО өкілдері Исламдық қаржы қызметтері жөніндегі кеңестің (IFSB) Техникалық комитетінің және IFSB стандарттарын әзірлеу жөніндегі жұмыс топтарының құрамдарына кірді.

Ислам даму банкінің (IsDB) техникалық көмегімен Қазақстанда исламдық қаржыландыруды дамытудың шебер-жоспарын (Жол картасын) әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

АХҚО-ны исламдық қаржыландырудың өңірлік хабы ретінде ілгерілету үшін АХҚО Исламдық қаржыландыру жөніндегі халықаралық сараптамалық кеңесі (ИҚХСК) мен АХҚО Исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі орталық кеңесі құрылды, ислам қаржылары саласындағы үздік халықаралық сарапшылар оларға мүше болды.

Қазіргі кезде АХҚО-да исламдық қаржыландырудың толыққанды нарығы қалыптасуда. АХҚО Биржасында исламдық бағалы қағаздарды шығаруға жағдайлар жасалған: егеменді және корпоративтік исламдық бағалы қағаздарды (сукук) шығару жоспарланған. АХҚО-да исламдық қаржыландыру саласында қызмет атқаратын алғашқы компаниялар, соның ішінде ислам банкі, вақф қоры, инвестициялық қор, исламдық финтех ұйымдар, сондай-ақ заң және консалтингтік компаниялар тіркелген.



**Дауд Викари
Абдуллах**

ИҚХСҚ Төрағасы

«АХҚО-да исламдық қаржыландырудың дамуына қатысты оптимистік ниеттемін. Алда үлкен жұмыс күтіп тұр, Қазақстандағы ислам қаржылары индустриясының болашағы жарқын болып көрінеді. АХҚО-да осы бағыттың дамуы исламдық қаржыландыруды Қазақстанда ғана емес, тұтас өңірде дамытуға жәрдемдесу үшін маңызды стратегиялық қадам болып табылады».



**Шейх
Билал Хан**

ИҚХСҚ мүшесі

«Менің ойымша, қазір Қазақстан үшін, әсіресе Нұр-Сұлтан қаласы үшін барлық әлем үшін болмаса да, кемінде бар ТМД аймағы үшін өңірлік орталық болуға мүмкіндік пайда болды».



**Линар
Якупов**

ИҚХСҚ мүшесі

«АХҚО тек Қазақстан үшін ғана құрылмағандығына сенемін. Қазақстанның елордасында құрылған Халықаралық қаржы орталығының пилоттық жобасы біздің нарықтарды жаңа деңгейге алып шығатыны, осы өңірдегі көптеген компанияларды түрлі қаржы жобаларына белсенді қатысуға тартатыны сөзсіз. АХҚО дұрыс және уақытылы бастама екендігіне күмән жоқ, оны ТМД елдерінің көпшілігіндегі іскерлік және қаржы орталар қолдап отыр».



ЖАСЫЛ ҚАРЖЫ

Қазақстанның негізгі экспорттық позицияларының әлемдік бағаларының төмендеуі, сонымен қатар тұрақты экономикалық өсу жөніндегі міндет Қазақстанның төмен көміртекті дамуының негізгі драйверлері болып табылады. Сондай-ақ, 2016 жылы Қазақстан Париж келісімін ратификациялады, оған сәйкес CO2 шығарылуын қысқарту, сонымен бірге жаңғыртылатын энергия көздерімен жұмыс істейтін жаңа электр станцияларын салуды қоса алғанда, климаттың өзгеруіне бейімделу бойынша шаралар қабылдау жөнінде міндеттемелер алды.

Осыған байланысты Қазақстанда экологиялық таза, энергиялық тиімді және төмен көміртекті жобаларға инвестициялауға қажеттілік пайда болды, яғни жасыл қаржыларға қажеттілік қалыптасты. Жасыл қаржыландырудың негізгі құралдары жасыл облигациялар, жеңілдікпен кредиттеу, жасыл жобаларға субсидиялар және т.б. болып табылады.

Бар әлемде белсенді дамып жатқан жасыл қаржы құралдары қаржы құралдарының қатарын және тиісінше инвесторлар үшін мүмкіндіктерді кеңейтуге жағдай туғызады.

АХҚО қажетті жағдайлар мен инфрақұрылымды қамтамасыз ете отырып, жасыл экономика мен тұрақты дамуға өтуді ынталандырып, жасыл қаржылардың дамуына жәрдемдеседі. Орталық



Қазақстанға арналған жасыл қаржы жүйесінің тұжырымдамасын және АХҚО-да жасыл қаржыларды институционалдық дамытудың негізгі кезеңдерін көрсететін АХҚО-ның 2025 жылға дейінгі жасыл қаржылар саласында көшбасшылық жөніндегі стратегиясын қосы алғанда, жасыл қаржыландыру үшін негізін қалаушы базаны әзірледі.

Жасыл облигацияларды шығару арқылы қаржыландырылуы мүмкін жасыл жобалардың критерийлерін, сондай-ақ шығарудың тәртібін анықтайтын ISMA жасыл облигацияларының қағидаттары мен Climate Bonds Initiative жүйесіне негізделген АХҚО Биржасында жасыл облигацияларды шығару қағидаларын әзірлеу маңызды қадам болды. Бұл ретте аталған қағидаларда сипатталған жасыл жобалар жүзеге асырылуы мүмкін экономика секторлары Қазақстан Республикасының жасыл экономикаға өтуі жөніндегі тұжырымдаманың ережелеріне сәйкес келеді.

Энергия ресурстарының Қазақстанға ұқсас қоры бар елдердегі жасыл экономиканы табысты құрудың мысалы таза технологияларға белсенді көшіп жатқан Норвегия болып табылады. Ұзақ мерзімді перспективада тұрақты экономиканы дамыту экономикалық жағынан орынды қадам болып саналады.



Шон Кидни

Climate Bonds Initiative Бас директоры,
АХҚО Жасыл қаржылар жөніндегі
консультативтік кеңесінің мүшесі

«Жасыл жобаларға инвестициялаудың артықшылықтарын күннен-күнге түсініп келе жатқан институционалдық инвесторлардың ойлауында халықаралық деңгейде маңызды өзгеріс болды. Жасыл облигациялар нарығы климаттың өзгеруімен күрес үшін өмірлік маңызы бар таза энергетика мен жасыл инфрақұрылымға инвестициялауға арналған өсетін капитал көзі болып табылады».



Доктор Ма Джун

Цинхуа Университетіндегі Жасыл қаржыларды дамыту бойынша зерттеу орталығының директоры, Қытай қаржы және банктік іс қоғамы Жасыл қаржылар комитетінің Төрағасы,
АХҚО Жасыл қаржылар жөніндегі
консультативтік кеңесінің мүшесі

«Саяси қайраткерлер нарықты дамытуды жеделдету үшін жасыл қаржылардың маңыздылығы туралы күшті сигналдар жіберулері керек. Үкіметтің, орталық банктің, тиісті мемлекеттік институттардың хабарламалары нарық қатысушыларының күткендерін қолдайды және өзгертеді. Қазақстан сигналдарды әлдеқашан жіберді және АХҚО жасыл қаржылардың азиялық және еуропалық нарықтарын қосатын платформа болуға мүмкіндік жасайтын бірегей орын алып отыр».



АХҚО ЖОБАЛАРЫ

08





Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен 2016-2020 жылдарға жекешелендірудің кешенді жоспарының аясында бәсекелес ортаға жіберуге ұсынылатын «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының шамамен 40 ұлттық компаниясы мен 160 еншілес және тәуелді компаниялары анықталды. Жекешелендіру бағдарламасы ЭЫДҰ ұсынымдарына сәйкес ел экономикасындағы мемлекет үлесін ЖІӨ-ден 15%-ға дейін қысқарту бойынша Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы қойған міндет аясында іске асырылуда.

АХҚО Биржасы ұлттық компаниялардың жекешелендірілуін өткізуге арналған негізгі платформа болып анықталды. 2018 жылғы қарашада АХҚО Биржасында әлемдегі ең ірі уран өндірушісі – Қазатомөнеркәсіп ұлттық компаниясы акцияларының алғашқы көпшіліктік ұсынысы өтті. Келешекте АХҚО Биржасында Қазақтелеком, Эйр Астана, ҚазМұнайГаз, Қазақстан темір жолы, Қазпошта – бірқатар ірі ұлттық компаниялардың IPO/SPO-ға шығуы да жоспарлануда.

ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП ІРО-СЫ – АХҚО БИРЖАСЫНДАҒЫ БІРІНШІ ЖАРИЯ САТЫЛЫМ

Қазатомөнеркәсіп әлемдегі ең ірі ресурстық базалардың біріне басымдықты қолжетімділігі бар әлемдегі ең ірі табиғи уранның өндірушісі болып табылады. Компания уранның, сирек металдардың, атомдық электр станцияларына арналған ядролық отынның импорт-экспорты бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық операторы болып табылады. 2009 жылдан бері Қазақстан табиғи уранды шығарудан әлемдік көшбасшы болып саналады. Ұлттық атомдық компанияның активтері түпкілікті өнімді өндіру тізбегіндегі – геологиялық барлаудан, уранды шығарудан, ядролық отын циклының өнімін өндіруден ғылымға, әлеуметтік қамсыздандыру мен кадрларды даярлауға дейін іске қосылған өнеркәсіптердің барлық кешенін қамтиды.

2018 жылғы қарашада «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорына тиесілі Қазатомөнеркәсіптің құны 451 млн. АҚШ долларын құрайтын 15% акциялары Лондон қор биржасы мен АХҚО Биржасында табысты орналастырылды. Сұраныс ұсыныстан 1,7 есеге асып түсті. Орналастырылған акциялардың/ЖДҚ-ның саны 38,9 млн. дананы құрады, олардың 7,8 млн. данасы АХҚО Биржасында ұсынылды. Қазақстандық инвесторлар орналастырылған бағалы қағаздардың жалпы санының 47,5% акцияларын сатып алды. IPO-ға барлығы 49 шетелдік және 16 отандық заңды тұлғалар, олардың ішінде Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2700 азаматы да қатысты.

АХҚО БИРЖАСЫНДАҒЫ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ БАҒДАРЛАМАСЫ



**Ахметжан
Есімов**

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ
Басқармасының Төрағасы

«Жекешелендірудің кешенді жоспарының аясында «Самұрық-Қазына» Қорының алты компаниясы IPO/SPO-ға шығады. Бұл – Қазақстанның квазимемлекеттік секторын дамытудағы жаңа кезең. 2018-2028 жылдарға Қорды дамытудың стратегиясына сәйкес біздің мақсат – компаниялардың тиімділігін арттыру және активтер портфелін басқаруды жақсарту. Жекешелендіру – осы мақсатқа жетудегі құралдардың бірі».

«Қазан айының басынан әлемдік қор нарықтарында құбылмалылық байқалғанмен, біз өз алдымызға қойған міндетті орындадық және IPO-ға шықтық, өйткені мұнда өсудің ұзақ мерзімді перспективасын көріп отырмыз. Қазатомөнеркәсіп – Лондон биржасында да, АХҚО Биржасында да халықаралық IPO-ға шыққан алғашқы квазимемлекеттік компания. Көпшіліктік компания мәртебесі Қазатомөнеркәсіпке инвесторларға ашығырақ және түсінікті компанияға айналуға мүмкіндік береді».



**Қайрат
Келімбетов**

АХҚО Басқарушысы

«АХҚО Биржасы алаңында Қазатомөнеркәсіптің IPO-сын өткізу «Астана» халықаралық қаржы орталығы үшін ғана емес, Қазақстандағы капитал нарығын дамыту үшін де айтулы болып табылады. Бұл IPO – жекешелендірудің мемлекеттік бағдарламасының аясында біздің алаңда ұлттық компаниялардың акцияларын кезектегі бірқатар орналастыруларының алғашқысы».



**Ғалымжан
Піріматов**

Қазатомөнеркәсіп
Басқармасының Төрағасы

«Біз уран өнеркәсібінің әлемдік көшбасшысы мәртебесін дәлелдеп, сәтті IPO өткіздік және «Астана» халықаралық биржасында листингтен өткен алғашқы компания болдық. Жергілікті және халықаралық инвесторлар біздің компанияға үлкен қызығушылық танытты. Біздің жаңа акционерлеріміздің арасында қазақстандық инвесторлар мен жетекші халықаралық инвестициялық қорлар бар. Біз компаниямыздың табысы мен болашағын жаңа акционерлерімізбен бөлісуге және компанияны еліміздің игілігі үшін дамудың жаңа кезеңдеріне бастауға дайынбыз!»



**Тимоти
Беннетт**

АХҚО Биржасы
Басқармасының Төрағасы

«АХҚО Биржасы өз инновациялығын көрсете отырып, халықаралық стандарттар бойынша жұмыс істейді және реттеледі. Қазатомөнеркәсіптің ЖДҚ мен қарапайым акцияларының табысты листингі биржаның эмитенттер мен инвесторлардың қажеттіліктеріне сай бола алатынын көрсетті. ЖДҚ мен акциялардың қосарлы листингісінің, сондай-ақ CISS биржасында және басқа да халықаралық брокерлерде мүшеліктің арқасында АХҚО Биржасы қазақстандық және шетелдік нарықтарды интеграциялайды. Осылайша, біз Қазақстанда капитал нарығын дамытуға инвестициялаймыз».

АХҚО-НЫҢ «БЕЛДЕУ ЖӘНЕ ЖОЛ» БАСТАМАСЫНА ҚАТЫСУЫ

«Белдеу және Жол» бастамасы – Ұлы Жібек жолын жаңғыртуға бағытталған жаһандық стратегия, Орталық Азия өңірі елдерінің дамуында үлкен рөл атқарады. Орталық Азияның Шығыс пен Батыс нарықтарының арасында геостратегиялық орналасуы көліктік инфрақұрылымды дамыту үшін анағұрлым тартымдылардың бірі ретінде өңірге елеулі артықшылық береді. «Белдеу және Жол» бастамасы экономикалық дәлізінің алтауынан үшеуі Орталық Азия арқылы өтеді.

Қазақстан – пайдалы географиялық орналасуы мен әрдайым жақсарып тұратын бизнес-климаты бар теңізге шықпайтын ел, бастама аясында өңірде тікелей шетелдік инвестициялардың ең ірі алушысы болып табылады. Ел ішіндегі көліктік-логистикалық жолдарды дамыту сауда мен транзиттік тауар айналымының өсуін, сондай-ақ бизнесті жүргізудің тиімділігін көтеру мен көліктік шығыстарды төмендету есебінен шағын және орта бизнес үшін жаңа мүмкіндіктер беріп, ынталандырады. Бастаманың Қазақстан экономикасына болжамды салымы 2021 жылға қарай ЖІӨ-нің жылсайынғы өсіміне қосымша 1%-ға бағаланады. Бастаманы іске асыру сондай-ақ 200 мыңнан астам жұмыс орындарын ашады.

«Белдеу және Жол» бастамасындағы Қазақстанның жетекші рөлі АХҚО-ға қаржы құралдарының кең спектрі мен мәмілелерді құрылымдау тетіктері арқылы елде және өңірде жобаларды қаржыландыру үшін негізгі алаңға айналуға бірегей мүмкіндік береді.

Іргелі артықшылықтардан (ерекше құқықтық және реттегіш режим, салық жеңілдіктері, бизнесті жүргізуге жайлы жағдайлар, жоғары технологиялық биржалық ин-

фрақұрылым және басқалар) басқа, АХҚО орталықтың өңірде «Белдеу және Жол» жобаларын қаржыландырудың негізгі кеңсесі ретінде дамуына мүмкіндік беретін бірқатар маңызды бағыттарды дамытуда.

АХҚО институционалдық және жеке инвестицияларды тартудың, сонымен бірге түрлі қаржы құралдары үшін нормативтік-құқықтық база мен операциялық платформаны құрудың есебінен қаржыландырудың жаңа көздері мен құралдарын дамытуға көмектеседі. АХҚО Биржасында инвестициялық жобаларға арналған қаржыландыруды тартудың балама құралдарын дамыту үшін «Белдеу және Жол» нарығының арнайы биржалық секторы құрылды. «Белдеу және Жол» бастамасы инфрақұрылымдық жобаларды ғана емес, сондай-ақ энергетика, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, жоғары технологиялар, телекоммуникациялар салаларындағы жобаларды да қамтиды.

Құрылған күнінен басталған қысқа кезеңде АХҚО жетекші Қытай институттарымен, халықаралық даму банктерімен және «Белдеу және Жол» бастамасының ірі инвесторларымен серіктестік қарым-қатынас орнатты, олардың ішінде Шанхай қор биржасы, Жібек жолы қоры, Қытай Даму Банкі, Қытай Құрылыс Банкі және басқалар бар. Осындай ұйымдармен серіктестік қарым-қатынастар елдің қор нарығына өтімділікті тартуға ғана емес, жобаларды қаржыландыруға арналған алаңды табысты дамытуға көмектесуге мүмкіндік береді.

Бастама аясында қаржыландырылуы мүмкін қазақстандық, ал кейін өңірлік жобалардың шоғырландырылған деректер базасын қалыптастыру инвесторлар үшін инвестициялық мүмкіндіктерін іздеудің ыңғайлы және тиімді әдісін береді.

Сонымен қатар, АХҚО-ны макроэкономика және халықаралық сауда саласындағы сараптама орталығы ретінде дамытудың үлкен маңызы бар, өйткені «Белдеу және Жол» бастамасы да осы мәселелерді қозғайды. Сондықтан



АХҚО-да белсенді түрде әлеуетті мүмкіндіктер мен тәуекелдер зерттеледі, жаһандық үрдіске мониторинг, геосаяси тәуекелдерге, ағымдағы сауда және инвестициялық саясатқа бағалау жүргізіледі, сондай-ақ елдің макроэкономикалық және нарықтық дамуы зерттеледі.

ЖАҒАНДЫҚ НАРЫҚТАР

АХҚО Еуропа Қайта құру және Даму Банкімен бірлесе ауқымды жекешелендіру аясында өтімділікті жасауға жәрдемдесетін елдің капитал нарығын дамыту жөніндегі жобаны іске қосуда. Нәтижесінде қазақстандық нарық өтімді ғана болып қоймай, биржалық нарықтардың жаһандық индексіне (MSCI Emerging Markets) мәртебесін экономикасы дамушы елдердің деңгейіне дейін көтере алады. Бұл индекс әлемнің барық инвесторлары үшін танылған жаһандық бағдар болып табылады. MSCI индексіне мәртебені көтеру Қазақстанға өз инвестициялық рейтингін жақсартуға және сәйкесінше жергілікті бағалы қағаздардың өтімділігін де жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл жоба биржалық нарықтың оңтайлы өтімді инфрақұрылымын құруды да көздейді.

Euroclear-мен бірлесе шетелдік және жергілікті инвесторларға мемлекеттік бағалы қағаздар мен басқа қаржы құралдарына қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында капитал нарығының халықаралық инфрақұрылымын енгізу бойынша тағы бір маңызды жоба іске асырылуда.

Жетекші шетелдік инвестициялық институттар мен қалған барлық инвесторлар операциялық қиындықтарсыз қазақстандық бағалы қағаздарды тікелей сатып ала алады. Euroclear-ді енгізу нарыққа жергілікті және шетелдік инвесторлар үшін бірыңғай өтімділіктің ірі орталығын қамтамасыз етуге мүмкіндік жасайды. Бұл мемлекеттік қарыздану құнының төмендеуі, тұрақты және ірі қор нарығын құру сияқты ел үшін елеулі макроэкономикалық пайдаларға әкеледі.

EuroCCP серіктесінің (мәміле тарапының бірі дефолтқа ұшыраған жағдайда мәміленің кепілі болатын орталық контрагент) арқасында контрагенттердің дефолтының тәуекелдерін болдырмауға кепілдік беретін және мәмілелер бойынша клирингтік есеп айырысудың үздік халықаралық стандарттарын енгізетін халықаралық көпшілік мақұлдаған клирингтік жүйені құру бойынша жоба жүзеге асырылуда.

Еуразиялық тауар нарығы өңірлік тауар нарығын дамытады, Орталық Азияда ірі логистикалық хаб құруды қамтамасыз етеді және тауарлық нарық пен туынды қаржы құралдарының нарығындағы стратегиялық серіктестер мен негізгі ойыншыларды тартуға жағдай жасайды. Өз кезегінде, бұл еуразиялық өңір тауарларына инвестициялар ағымын көтереді, туынды қаржы құралдар нарығын және нарықтық баға белгілеуді құрады, тауар өндірушілері үшін нарықтық тәуекелдерді төмендетеді, бағаларды тұрақтандырады, елде және өңірде тауарлық инфрақұрылым құрады. Бүгінгі күні Азия даму банкі танылған халықаралық сарапшылар арқылы Еуразиялық тауар нарығын іске қосуға техникалық және консультациялық көмек көрсетуде.


АХҚО аясында шағын және орта бизнесті (ШОБ) дамыту бойынша жобаның шеңберінде кәсіпорындар Қазақстанның капитал нарығында қаржыландыруға қол жеткізеді. ШОБ-ты қаржыландыру үшін қолдаушы экожүйе құрылады және инвесторлардың анағұрлым кең шеңберіне қарапайым және жылдам қолжетімділік беріледі. Құрылған экожүйе компанияларға даму үшін қажетті ортаны және қор нарығы арқылы қаржыландыруға қолжетімділік береді. Осылайша, ел экономикасына жергілікті ШОБ-тың үлесі артады. АХҚО экожүйені құру үшін ШОБ-ты қаржыландыру платформасының бірнеше провайдерлерімен жұмыс істейді, сондай-ақ өңірлік деңгейде ШОБ нарығының өсімінің орындалуын бағалайды және консалтинг қызметі арқылы платформаны енгізу жоспарын дайындауда.

Стратегиялық серіктестермен ынтымақтастық және АХҚО-ны халықаралық тану аясында орталықтың Халықаралық қаржы орталықтарының дүниежүзілік альянсы (WAIFC) мен Биржалардың дүниежүзілік федерациясы (WFE) сияқты қауымдастықтарға белсенді қатысуы бойынша жұмыс жүргізілуде. Сонымен қатар ESMA Еуропалық бағалы қағаздар нарығын қадағалау жөніндегі басқармасының (European Securities and Markets Authority) АХҚО нарығына бағалау жүргізу бойынша дайындық жұмыстары өтуде, бұл ірі шетелдік институционалдық инвесторларға Қазақстан нарығында инвестициялау үшін реттегіш рұқсаттар алуға мүмкіндік береді.

«Белдеу және Жол» аясындағы АХҚО бастамалары

Жібек жолын жаңғыртудағы Қазақстанның негізгі рөлі
АХҚО-ның "Белдеу және Жол" бастамасының аясында өңірлік
қаржы орталығы ретінде қалыптасуына жәрдемдеседі







Доктор Йохан Бидерманн

Халықаралық қаржы орталықтарының дүниежүзілік альянсының (WAIFC) Басқарушы директоры

«АХҚО – Қазақстан үшін ұзақ мерзімді пайым ғана емес, ресми ашылғанынан кейін бір жылға жетпей табысқа жетудің белгілі оқиғасы. Мен оқиғаның дамуын басынан бастап бақылау мәртебесіне ие болдым. Маған оның осындай қысқа мерзім ішінде биржалық сауда, финтех, ислам қаржылары салаларындағы ғана емес, сондай-ақ өз соты мен төрелік орталығын дамытудағы жетістіктері үлкен әсер берді. АХҚО Орталық Азия мен оның сыртында да стандарттарды орнатады. АХҚО-ның Халықаралық қаржы орталықтарының дүниежүзілік альянсының негізін қалаушылардың бірі екендігін мақтан тұтамын».

E-RESIDENCY

АХҚО-ның e-Residency жобасының мақсаты АХҚО аумағында да, тұтас Қазақстанда да бизнесті жүргізу үшін барынша жайлы жағдайлар жасау болып табылады. Бағдарламаны іске қосу елдегі инвестициялық климат деңгейінің, АХҚО мен тұтас ел имиджінің дамуына, сонымен қатар бизнеске бастама беру процесіне әлеуетті қатысушылардың физикалық болуын барынша азайтуға мүмкіндік береді. Жобаның аясында АХҚО қатысушылары үшін Цифрлық портал іске қосылған, ол АХҚО аумағында заңды тұлғаны тіркеу процесінен қашықтықтан өтуге мүмкіндік береді.

2019 жылғы қаңтарда АХҚО e-Residency мен «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының аясында жүзеге асырылатын Электрондық резиденттікті бір бағдарламаға біріктірді. АХҚО Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе оны жүзеге асырумен айналысуда. АХҚО пилоттық енгізудің алаңы болды.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының аясында жүзеге асырылатын Электрондық резиденттік екі негізін қалаушы элементті қамтитынын атап айту керек:

1. Жеке сәйкестендіру номерін (ЖСН) алу
2. Электронды цифрлық қол (ЭЦҚ) алу

Жоғарыда аталған элементтер АХҚО-ның Цифрлық порталы арқылы осы сұранымдарды қашықтықтан беру жолымен іске асырылады. Әрі қарай АХҚО e-Residency аясында 2018 жылы мәлімденген және 2019-2020 жылдар ішінде іске қосу жоспарланған функционал жүреді:

3. АХҚО аумағында кеңсені жалдауды қашықтықтан рәсімдеу мүмкіндігі
4. АХҚО аумағында компанияны (заңды тұлғаны) тіркеу және лицензия алу
5. Заңды тұлғаның банктік шотын қашықтықтан ашу
6. Визаны рәсімдеу және өзге де иммиграциялық қызметтерді алу
7. Қаржылық және салық есептіліктерін беру.

EJUSTICE

2019 жылғы ақпанда АХҚО соты мен Халықаралық төрелік орталығы (ХТО) Орталық Азия өңірінде аналогы жоқ eJustice электрондық әділ сот жаңа жүйесін іске қосты. Жүйені АХҚО Соты мен ХТО өзінің AT-серіктесі CrimsonLogic сингапурлық компаниясымен бірлесе әзірледі.

eJustice – тараптарға Нұр-Сұлтан қаласында болмай-ақ әлемнің кез келген нүктесінен АХҚО Соты мен ХТО-ға талап-арыздарды электронды түрде беруге мүмкіндік жасайтын онлайн-портал. Портал сот өндірісі мен заң құжаттарын электронды өңдеу процесін басқаруға көмектеседі.

Онлайн-порталдың мақсаты – заңды және іскерлік топтар үшін АХҚО Соты мен ХТО қызметтерінің қолайлылығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету.


Портал судьялар мен төрешілерге де қолдау көрсетеді, коммерциялық дауларды ең жоғары халықаралық стандарттарға сай жылдам және үнемді шешуді қамтамасыз ете отырып, процестік сұрақтарды шешуге көмектеседі.

ҚАРЖЫ СУПЕРМАРКЕТІ


Қазіргі кезде АХҚО қаржы супермаркетінің құру бойынша жобаны жүзеге асыруда, оның тұжырымдамасы Accenture халықаралық консалтингтік компаниясымен бірлесе әзірленді. Жаңа платформа экономика мен қаржыда заманауи цифрлық технологиялар базасында жаңа перспективті салалар құру үшін Қазақстан экономикасының технологиялық жаңғыртуы маңызды элементтерінің біріне айналады.

Жүзеге асырылғаннан кейін қаржы супермаркетінің платформасы қаржы қызметтерін тұтынушылармен өзара іс-қимылдың қолданыстағы экожүйесіне интеграциялау арқылы қаржы қызметтері қолжетімділігін және елдің қаржы жүйесіне халықтың қатысуын кө-

АХҚО e-Residency: 1 келгенде бизнесті ашудың 6 сатысы



Енгізудің негізгі факторы



теруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұндай қызметті жасау қаржы нарығындағы бәсекелес ортаны кішкентай қаржы ойыншыларына тұтынушыларға қол жеткізуін жеңілдету арқылы жақсартуға мүмкіндік жасайды.

Әлемдегі орталық банктер осындай инфрақұрылымдық жобаларға негізгі драйверлер болады.

Мысалға, Ресей мен Сингапурдың орталық банктері қаржылық қатыстырушылықты дамытуға, сондай-ақ тұтынушылар әртүрлі қаржы өнімдерін салыстыра алатын бірыңғай ашық платформа құруға арналған ұқсас бастамаларға іске қосты.

Қаржы саласының бәсекелестігін дамыту мақсатында осындай алаңдарды құруға коммерциялық мүддені теңдестіру үшін осындай бастамаларды нарық ойыншылары емес, тәуелсіз органдар бастайтынын тәжірибе көрсетеді. Республиканың цифрлық стратегиясының мақсаттарына жетудегі негізгі драйверлердің бірі ретінде елдегі қаржы супермаркетін жүзеге асыратын тәуелсіз құрылым АХҚО болды.

Бүгінгі күні қаржы ұйымдарының өнімдік ұсыныстарын біріздендіретін және біріктіретін, оларды түрлі фронталды платформаларға, мысалға электрондық коммерция алаңдарына беретін қаржы супермаркетінің техникалық прототипі әзірленді. Осылайша супермаркет түпкілікті тұтынушыға тауарды сатып алуға бір банктен емес, банктер тізбесінен қаржыландыру алуға, өзіне оңтайлы өнімді таңдауға және оны онлайн рәсімдеуге мүмкіндік береді. Техникалық прототип кредит қабілеттілігін бағалау мен клиенттерді сәйкестендірудің елдегі бар қызметтерімен, сонымен қатар электронды коммерцияның жетекші алаңдарымен интеграцияланған.

Банктермен және өзге серіктестермен бірлесе техникалық прототипті тестілеу жөніндегі жұмыстардың нәтижелері бойынша қаржы супермаркетінің бөлшектік нарыққа алғашқы релизін іске қосу жоспарлануда. Сондай-ақ кейін мамандандырылған алаңдарда супермаркет арқылы лайықты депозитті және сақтандыру өнімін таңдауға болады: алаңда осы платформаға қосылғысы келетін барлық ойыншылардың нұсқалары көрсетілетін болады.

Супермаркеттің инновациялық платформасы нарықта ойыншылардың өзара іс-қимылының қажетті стандарттарын енгізе отырып, қажетті ортаны құруға, сонымен бірге Қазақстанның болашақ қаржы жүйесінің маңызды компоненттерін жасауға жәрдемдеседі. Су-


пермаркет қолданыстағы және болашақ қаржы қызметтерін, осы қызметтерді тұтыну алаңдарын және ел деңгейіндегі инфрақұрылымдық шешімдерді өзінің қосымшаларының бағдарламалық интерфейстері арқылы интеграциялайтын және стандарттайтын жаңа инфрақұрылымдық қаржы қызметін де-факто жүзеге асырады.

ЖАСЫЛ ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ ШЫҒАРУ АКСЕЛЕРАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

Жасыл қаржылар орталығы АХҚО Биржасында жасыл облигацияларды шығару бойынша акселерациялық бағдарламаны іске қосты. «Тұрақты қаржы жүйесін құру үшін қоршаған орта бойынша БҰҰ Бағдарламасын зерттеуі» мен климаттық жобаларға инвестициялар тарту үшін инвесторлармен жұмыс істейтін Climate Bonds Initiative халықаралық коммерциялық емес ұйымы осы жобаның серіктестері болып табылды.

Акселерациялық бағдарлама келесі компоненттерден тұрады:

- Әлеуетті эмитенттерді іздеу және топтарға бөлу: егеменді, муниципалитеттер, квазимемлекеттік сектор, жеке компаниялар
- Барлық мүдделі тараптарға арналған семинарлар мен тренингтер өткізу
- Жасыл облигациялар бойынша эмитенттерге арналған басшылықты әзірлеуге көмектесу
- Секторлар бойынша жобалардың портфолиоларын қалыптастыру және жасыл облигацияларды шығару үшін анағұрлым қолайлысын анықтау
- Қаражатты пайдалану бойынша жылсайынғы есептіліктің және қоршаған ортаға әсер туралы есептің шаблондарын әзірлеу
- Жасалы облигацияларды шығарғанға дейін эмитентті сүйемелдеу.
- Сонымен қатар, АХҚО Жасыл қаржылар орталығы алғашқы бес жасыл облигациялар үшін міндетті сыртқы шолуға эмитенттің шығыстарын өтейді.



**НҰР-СҰЛТАН –
БИЗНЕСТІ ДАМУ
ОРТАЛЫҒЫ**

09

Нұр-Сұлтан – әлемдегі ең серпінді дамып жатқан қалалардың бірі. Инвесторларды тартудың басты орталығы болуға ұмтылып, елордасы елге инвестициялардың үлкен көлемдерін тартып, нарық қатысушылары үшін өңірлік қаржы хабы ретінде әлдеқашан танылды. Заманауи инфрақұрылымының, бірегей сәулетінің, көліктік қолжетімділіктің, білім және денсаулық сақтау саласындағы дамыған қызметтер саласының дамуының арқасында Нұр-Сұлтан инвесторлар мен халықаралық деңгейдегі компанияларды тартуға арналған заманауи алаң болып саналады.

SMART CITY

Smart Astana жобасы Қазақстан астанасының тұрғындарымен қонақтары өмірінің деңгейі мен сапасын қала инфрақұрылымын жаңғырту, қала дамуына жаңа технологияларды интеграциялау, қоғамдық қауіпсіздік деңгейін көтеру, сондай-ақ азаматтар мен іскерлік орта арасында ойларымен және білімдерімен алмасу үшін платформа құру жолымен тұрақты түрде дамыту және жақсарту үшін әзірленген.

Көптеген жылдар бойы Қазақстан астанасы әлемдік деңгейдегі саяси, спорттық және мәдени іс-шараларды өткізудің тұрақты орындарының бірі болды. АХҚО-ның дамуымен астана жаһандық қаржы жүйесінің маңызды элементіне айналатыны сөзсіз.

Астананың үйлесімді дамуы алты сипаттаманың: ақылды экономиканың, ақылды басқарудың, ақылды өмірдің, ақылды мобильділіктің, ақылды адамдардың және ақылды қоршаған ортаның өзара әрекеттестігіне негізделген көптеген еуропалық қалалардың даму моделінің мысалы бойынша қалаға шынымен жаһандық, ақылды, инновациялық болуға мүмкіндік береді. Осы сипаттамалардың синергиясы энергия қорларын, коммуналдық желілерге қызмет көрсету шығындарын үнемдеуге, апаттылық деңгейін төмендетуге және т.б. жәрдемдесетін Smart Astana тұжырымдамасын анықтайды.

ЖАСЫЛ ҚАРЖЫ ХАБЫ

Қазақстанның өз қаржы жүйесін төмен көміртекті және тұрақты дамуға бейімдеуге мүмкіндік алды. Әлемдік экономиканың таза технологиялар жағына жұмылдырылуымен бағдарының өзгеруіне ескере отырып, АХҚО Қазақстанның астанасында қорларды (суды, жерді, биологиялық қорларды және т.б.) пайдаланудың

және оларды басқарудың тиімділігін арттыру, ағымдағы инфрақұрылымды жақсарту және жаңасын құру, халықтың ауқатын және қоршаған ортаның сапасын ортаға елеусіз ықпал ету арқылы жақсарту, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздікті, соның ішінде сумен қамсыздандыру қауіпсіздігін көтеру сияқты жасыл экономиканың алғашқы қағидаттарына негізделген жобаларды қолдауға ерекше көңіл бөледі. Осындай жобаларды жүзеге асырудың маңыздылығын түсіне отырып, Нұр-Сұлтан қаласының муниципалитеті Қаланы 2030 жылға дейінгі төмен көміртекті дамыту стратегиясын әзірлеуде. Сонымен қатар, 2019 жылғы наурызда АХҚО Биржасы «Белдеу және Жол» бастамасының Жасыл инвестициялар қағидаттарына қосылды, бұл АХҚО-ның жасыл қаржыландыру қағидаттарына бейілділігін айқын көрсетеді.

АХҚО АУМАҒЫНДАҒЫ САЛЫҚ РЕЖІМІ

«Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңына сәйкес АХҚО қатысушылары 2066 жылға дейін АХҚО аумағында төмендегі қаржы қызметтерін көрсетуден болған табыс бойынша корпоративтік кіріс салығын төлеуден босатылады:

1. Ислам банкінің банктік қызметтері
2. Қайта сақтандыру қызметтері және сақтандыру брокерлік қызметтері
3. Инвестициялық қорлардың активтерін инвестициялық басқару, оларды есепке алу және сақтау, сондай-ақ инвестициялық қорлардың бағалы қағаздарын шығаруды, орналастыруды, айналдыруды, өтеуін төлеп алуды және өтеуді қамтамасыз ету бойынша қызметтер
4. Брокерлік және (немесе) дилерлік, андеррайтингтік қызметтер
5. АХҚО актілері анықтайтын өзге де қаржы қызметтері.

2066 жылға дейін АХҚО қатысушылары АХҚО органдарына, сондай-ақ жоғарыда аталған қаржы қызметтерін көрсететін АХҚО қатысушыларына көрсетілетін қосалқы қызметтерден (заңдық, аудиторлық, бухгалтерлік, консалтингтік) алынған табыстар бойынша корпоративтік кіріс салығын төлеуден де босатылады.

Жоғарыда аталған қаржы және қосалқы қызметтер көрсететін АХҚО органдары мен қатысушылары мүлік



салығын және АХҚО аумағында орналасқан нысандар бойынша жер салығын төлеуден босатылады.

АХҚО қатысушысының немесе органының шетелдік қызметкерлері 2066 жылға дейін қаржы және қосалқы қызметтер көрсететін АХҚО органымен немесе қатысушысымен еңбек шарты бойынша АХҚО-дағы қызметінен болған табыстар бойынша жеке кіріс салығын төлеуден босатылады.

Жеке және заңды тұлғалар 2066 жылға дейін төмендегі табыстар бойынша жеке және корпоративтік кіріс салықтарын төлеуден босатылады:

1. Сатылатын күні АХҚО биржасының ресми тізіміндегі бағалы қағаздарды өткізу кезіндегі баға өсімінен болған табыс
2. АХҚО-ның қолданыстағы құқығына сәйкестірілген қатысушы-заңды тұлғалардың акцияларын немесе АХҚО-ның қолданыстағы құқығына сәйкестірілген қатысушы-заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы қатысу үлесін өткізу кезіндегі баға өсімінен болған табыстар
3. Дивидендтердің немесе сыйақылардың есептелетін күні АХҚО қор биржасының ресми тізіміндегі бағалы қағаздар бойынша дивидендтер мен сыйақылар түріндегі табыстар
4. АХҚО-ның қолданыстағы құқығына сәйкестірілген қатысушы-заңды тұлғалардың акциялары бойынша немесе АХҚО-ның қолданыстағы құқығына сәйкестірілген қатысушы-заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы қатысу үлесін бойынша дивидендтер түріндегі табыстар.

«БІР ТЕРЕЗЕ»

АХҚО юрисдикциясы аясында бизнес үшін жайлы жағдайларды қамтамасыз ету және шетелдік сарапшыларды тарту мақсатында АХҚО Экспат Орталығы (АЭО) Нұр-Сұлтан қаласында «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік және өзге де қызметтердің кең спектрін көрсетеді. Астанаға келетін шетелдік азаматтар көші-қон органдарының, салық органдарының, «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясының, АЭО байланыс орталығының қызметтеріне орталықтандырылған қолжетімділік, сонымен қатар жылжымайтын мүлік, ойын-сауық мекемелерін және т.с.с. іздеуде көмек ала алады. Өкілетті мемлекеттік органдардың өкілдері АЭО алаңында орналасқан.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨЛІКТІК ҚОЛЖЕТІМДІЛІК

Қаржы орталықтары даму деңгейінің негізгі көрсеткіштерінің бірі қаланың көліктік қолжетімділігі болып табылады. Қазіргі кезде Нұр-Сұлтан Франкфуртты, Лондонды, Парижді, Сеулды, Бангкокты, Бейжіңді, Ыстанбұлды, Нью-Дели мен Дубайды қоса алғанда көптеген жаһандық қаржы орталықтарымен тікелей байланысқан.

2025 жылға қарай астананы 50-ден астам әлемнің қаржы орталықтарымен, олардың ішінде Нью-Йорк, Шанхай, Гонконг, Сингапур, Токио, Амстердам, Цюрих және басқа да қалалармен тікелей бағдармен байланыстыру жоспарлануда.

Астана болашақта пайдаланылмаған нарықтық әлеуетінің, тиімді географиялық орналасуының, әуе кеңістігін ырықтандыру саясатының, қолайлы визалық режимнің, әуежайдың заманауи инфрақұрылымының арқасында өңірдегі халықаралық әуе тасымалы үшін негізгі транзиттік тораптардың бірі бола алады.


Нұр-Сұлтан өңірдің саяси, мәдени және іскери орталығы мәртебесіне әлдеқашан ие болды, бұл қаланың инфрақұрылымдық жобаларына инвестициялардың үлкен көлемін тартады. Елордасы әлемдік деңгейдегі маңызды іс-шараларды өткізетін орын болып саналады. Мұнда халықаралық корпорациялар, коммерциялық ұйымдар, қаржы мекемелері өкілдіктері шоғырланған. Сонымен қатар, қаланың Еуразияның дәл ортасында географиялық орналасуы Нұр-Сұлтанға Еуропа мен Азия арасындағы маңызды көліктік торапқа айналуға салмақты артықшылықтар береді.


Қазіргі кезде Қазақстанның азаматтық авиация саясаты әуе кеңістігін ырықтандырудың үлкенірек дәрежесіне жетуге бағытталған. Әуе қатынасы мәселелеріндегі үкіметаралық өзара іс-қимылды дамыту және нығайту бойынша тұрақты түрде жұмыс жүргізілуде.

Сонымен қатар, Қазақстан ЭЫДҰ, ЕО елдерінің, Малайзияның, Монаконың, БАӘ-нің және Сингапурдың (барлығы 45 ел) азаматтары үшін елде 30 күнге дейін болу мүмкіндігімен жайлы визалық шарттар ұсынады. Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларының халықаралық әуежайлары арқылы үшінші елдерге транзитпен өтетін Қытай мен Үндістан азаматтары үшін 72-сағаттық визасыз режим жұмыс істейді.

Соңғы онжылдық ішінде Нұр-Сұлтан қаласының әуежайы айтарлықтай жаңғыртылды Халықаралық стандарттарға сай қауіпсіздіктің ең жоғарғы деңгейін қамтамасыз ету негізгі басымдық болып табылады. Әуежайдың техникалық параметрлері әуе кемелерінің түрлі типтеріне қызмет көрсетуге мүмкіндік береді.

Халықаралық транзиттік хаб ретіндегі Нұр-Сұлтанның әлеуеті





ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЖАҒАНДЫҚ ИНДЕКСІ

2019 жылғы Қаржы орталықтарының жаһандық индексінде (GFCI 25) Қазақстанның астанасы АХҚО-ның ресми түрде іске қосқан сәттен өткен жыл ішінде 37 орынға көтеріліп, 102 орынның ішінен 51-орын алды. Бұл қаланы қаржы орталығы ретінде дамытудағы елеулі прогресс. Рейтинге сәйкес Нұр-Сұлтан Ыстанбұл, Прага, Будапешт, Мәскеу, Баку және басқалар сияқты орталықтардан озып, барлық Шығыс Еуропа мен Орталық Азия өңірінің көшбасшы қаржы орталығы болып табылады.

Рейтинг бизнес ортаны, еңбек капиталын, инфрақұрылымды, қаржы секторын дамытуды, беделді, сондай-ақ әртарапандырылғандық, мамандандыру және қолжетімділік деңгейін қоса алғанда, бәсекеге қабілеттіліктің негізгі бағыттарын бағалап, әлемнің қаржы орталықтарын зерттейді.



**Марк
Йендл**

Z/Үеп Директоры, Қаржы орталықтарының жаһандық индексін (GFCI) жасаушы

«Мен жарты жыл сайын жариялайтын индексте жүздеген қаржы орталықтарын бағалаймыз. Топ-5 – Лондон, Нью-Йорк, Гонконг, Сингапур және Токио. Олардың барлығы – өте үлкен, дамыған жақсы ұйымдастырылған және табысты қалалар. Бұл Астана үшін мақсатқа айналуы керек деп ойлаймын. Мен АХҚО-мен үлкен жұмыс атқардым және табысты қаржы орталығы болу үшін қажетті факторларды зерттедім. Астана адам сенгісіз прогресс жасады және табысты қаржы орталығын құру үшін қажеттінің барлығын орындады деп ойлаймын».

ЭКСПО аумағындағы АХҚО инфрақұрылымы

8

АХҚО КЕШЕНІНІҢ
ҒИМАРАТТАРЫ(C3-C4)

72 000 м²

АХҚО КЕШЕНІНІҢ
ЖАЛПЫ АУДАНЫ (C3-C4)

11 000 м²


АХҚО ҚАТЫСУШЫЛАРЫН
ОРНАЛАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН
ПАЙДАЛЫ АУДАНЫ (C3-C4)

38 000 м²

АХҚО КЕШЕНІНІҢ
ПАЙДАЛЫ АУДАНЫ (C3-C4)


26 000 м²

АХҚО СЕРІКТЕСТЕРІ
ҮШІН КЕШЕННІҢ
ПАЙДАЛЫ
АУДАНЫ (C2)




Қазақстан Шығыс Еуропа мен Орталық Азия бойынша Қаржы орталықтарының жаһандық индексіде (GFCI 25)

Дереккөз: Қаржы орталықтарының жаһандық индексі 2019



Қазақстан Қаржы орталықтарының жаһандық индексіде (GFCI 23-25)

Дереккөз: Қаржы орталықтарының жаһандық индексі 2019



АХҚО ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІГІН БАСҚАРУ

АХҚО шекаралары Нұр-Сұлтан қаласының сол жақ жағалауында (ЭКСПО аумағын қоса алғанда) және оң жақ жағалаудың бөлігінде орналасқан 1632 гектар шегінде айқындалған, бұл компанияларға аумақтың кең және дамыған көліктік, логистикалық және әкімшілік инфрақұрылымын пайдаланып, АХҚО қатысушылары ретінде тіркелуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні АХҚО органдары мен олардың ұйымдары

орналасқан ЭКСПО аумағы бірегей сапаның сәулеттік дизайнын көрсетеді және АХҚО-ның жоғары технологиялық инновациялық инфрақұрылымын қамтамасыз ету үшін арнайы жобаланған.

Заманауи, жоғары класты кеңселік кеңістіктері бар ЭКСПО-қалашық әлемнің ең ірі қаржы институттарының инвесторлары, технологиялық даму нысандары үшін бірегей атмосфераны жасай отырып, өз алдына қаржылық-технологиялық хаб болып қалыптасуда.



**АХҚО ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
АРЕНАДА**

10





АХҚО жаһандық байланыстарды кеңейту және халықаралық аренада болуы бойынша жұмысты тұрақты негізде жүргізеді. Реттегіш базаның аясында АХҚО жаһандық ұйымдар орнатқан халықаралық стандарттарды ұстанады. АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті Бағалы қағаздар бойынша комиссиялардың халықаралық ұйымына (IOSCO), Сақтандыруды қадағалау органдарының халықаралық қауымдастығына (IAIS), Базель Банктік қадағалау жөніндегі комитетінің (BCBS) өңірлік тобы болып табылатын Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің банктік қадағалау органдарының тобына (BSCEE), Исламдық қаржы қызметтері жөніндегі кеңестің (IFSB) және (AAOIFI) Исламдық қаржы институттарының бухгалтерлік есеп және аудит ұйымына мүше болды. Осы ұйымдарға мүшелік капитал нарықтарын реттеудің халықаралық стандарттарын, банктік қызметті, сақтандыру мен ислам қаржыларын енгізуіне септігін тигізеді. АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті R3 Консорциумы мен Корпоративтік тіркеушілер форумына (CRF) да қосылды.

Салық салу мақсаттарында ашықтықтың және ақпарат алмасудың ең жоғары стандарттарына сай қаржы қызметтерінің нормативтік-құқықтық базасын жасау үшін Комитет Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен (ЭЫДҰ) бірге қызмет жасайды. 2018 жылы АХҚО келесі (ЭЫДҰ) халықаралық стандарттардың нормативтік базаға енгізу жұмысын жүргізді: сұраным бойынша ақпаратпен алмасу (Ақпаратпен алмасу бойынша стандарт); ақпаратпен автоматты түрде алмасу (Салық ақпаратымен алмасу бойынша бірыңғай стандарт, CRS); зиянды салық практикасына қарсы әрекет (Салық/салық салынатын базаны бүркемелеу және кірісті/табысты салық салудан шығару, BEPS).

Халықаралық ынтымақтастық аясында АХҚО Ұлыбританияның Қаржылық реттеу және қадағалау жөніндегі басқармасын (FSA), Халықаралық валюта қорын (IMF), Дүниежүзілік банк тобын (World Bank Group) қоса алғанда, 35 әлемдік қаржы реттеушілері мен ұйымда-

рын біріктіретін Қаржы инновацияларының жаһандық желісінің (GFIN) бөлігі болып табылады. Осы бастама инновациялар саласында ынтымақтастық және тәжірибе алмасу, реттегіш технологияларымен (RegTech) байланысты сұрақтар бойынша білім алмасу, компанияларға Қазақстанды, Ұлыбританияны, АҚШ-ты және басқа да юрисдикцияларды қоса алғанда, бір уақытта бірнеше елдерде инновациялық өнімдерді, қызметтерді немесе бизнес-модельдерді тестілеуге мүмкіндік беру мақсатында жасалған.

АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитетінің басқа юрисдикциялардағы реттеушілермен ынтымақтастығы:

- Қытайдың Бағалы қағаздар нарығын реттеу жөніндегі комиссиясы (CSRC)
- Қытайдың Банктік және сақтандыру қызметтерін реттеу жөніндегі комиссиясы (CBRC)
- Abu Dhabi Global Market халықаралық қаржы орталығының Қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі басқармасы (ADGM FSRA)
- Abu Dhabi Global Market халықаралық қаржы орталығының Тіркеушісі (ADGM Registration Authority)
- Дубайдың Қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі басқармасы (DFSA)
- Катардың Қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі басқармасы (QFCRA)
- Мысырдың Қаржылық реттеу басқармасы (FRA)
- Грузияның Ұлттық Банкі (NBS)
- Литва Банкі (BoL)
- Сингапурдың Ақша-кредиттік басқармасы (MAS)
- Түркияның Банктік қызметті реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігі (BRSAT)
- Түркияның Қор нарығын реттеу жөніндегі кеңесі (CMB of Turkey)
- Украинаның Бағалы қағаздар және қор нарығы бойынша ұлттық комиссиясы (NSSMC)
- Корея Республикасының Қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі комиссиясы (FSC)

- Корея Республикасының Қаржылық қадағалау қызметі (FSS)
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.

АХҚО Еуропалық қаржы нарығының инфрақұрылымын реттеу қағидаларына сай болу үшін орталықтың Еуропалық бағалы қағаздар нарығын қадағалау жөніндегі басқармасының бағалауынан өту бойынша жұмыстар жүргізуде, бұл еуропалық аккредитациясы бар институционалдық инвесторларға қазақстандық қор нарығында кедергісіз инвестициялауға мүмкіндік береді. Еуропалық реттеушінің АХҚО алаңын бағалауы институционалдық инвесторларға қазақстандық нарыққа қол жеткізуге ғана мүмкіндік беріп қана қоймай, бар әлемде инвесторлар бейімделетін жоғары халықаралық стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз етеді.

Халықаралық танылуға жәрдемдесе отырып, мақсаты қаржы орталықтарын жаһандық деңгейде ілгерілету, ынтымақтастыққа жәрдемдесу, қаржы орталықтарының арасында озық тәжірибемен және үздік практикалармен алмасу, консалтингтік фирмалармен, университеттермен және зерттеу орталықтарымен тығыз ынтымақтастық болып табылатын Халықаралық қаржы орталықтарының дүниежүзілік альянсына (WAIFC) АХҚО мүше болды. Ұйым жасыл инфрақұрылымды дамыту және инвестициялар, қаржы технологиялары, қаржы орталықтарының деректер базасын жасау салаларындағы жобаларды, сондай-ақ қаржы орталықтарының экономиканы қаржыландыруын көздейді.

АХҚО құрамында Дубай, Әбу-Даби, Люксембург, Сеул, Шэньчжэнь, Монреаль, Касабланка және басқа да ірі қаржы орталықтары бар Vantage Financial Centres (VFC) халықаралық қаржы орталықтарының эксклюзивті клубына мүше болып табылады. Vantage Financial Centres бірлестігінің негізін Қаржы орталықтарының жаһандық индексі (GFICI) жасаушылар Z/Yen Group құрған.

Биржалық қызмет саласындағы жаһандық бастамаларға қатысу үшін АХҚО қазіргі кезде 100-ден астам әлемдік биржаларды біріктіретін 1961 жылдан бері халықаралық биржалық индустрияның жетекші кәсіби қауымдастығы Дүниежүзілік биржалар федерациясына (WFE) мүше болды. Ұйымның негізгі мақсаты барлық акционерлер үшін тең құқықтарды қамтамасыз ету және бағалы қағаздар нарығының құрылымдарын координациялау болып табылады. Бағалы қағаздарды саудалау, биржалық іс техникасы мен технологияларын дамыту, қор нарығына ықпал ету саясатын қалыптастыру негізгі міндеттер болып табылады.

АХҚО 33 қатысушыны біріктіретін Еуроазиялық қор биржалары федерациясының (FEAS) мүшесі де болды, олардың ішінде еуропалық, азиялық және жерорта теңіздік қаржы институттары бар. Федерацияның басты мақсаты мен миссиясы ынтымақтастыққа, білім алмасу жолымен

капитал нарықтарын дамытуға және ілгерілетуге жәрдемдесу, семинарлар, вебинарлар өткізу, зерттеулер, жарияланымдар дайындау, сондай-ақ Федерацияның Конференциясына (ConFEAS) қатысу болып табылады.

АХҚО Еуропалық бағалы қағаздардың орталық депозитарийлерінің қауымдастығына қауымдастырылған мүше болып табылады. Қауымдастық 36 еуропа елдерінде 40 ұлттық және халықаралық орталық депозитарийлерді танытады және пікір алмасу, үздік практикаларды әзірлеу және өзара мүдделері бар жобаларды ілгерілету мақсатында еуропалық орталық депозитарийлерге арналған алаңды қамтамасыз етеді.

Қазақстанда ислам қаржыларын дамыту мақсатында АХҚО жетекші халықаралық исламдық қаржы институттарымен ынтымақтастық жасайды. Исламдық қаржы қызметтері жөніндегі кеңеске (IFSB) және Исламдық қаржы институттарының бухгалтерлік есеп және аудит ұйымына (AAOIFI) мүшеліктен басқа, АХҚО Ислам банктері мен қаржы институттарының бас кеңесіне (CIBAFI) мүше болды.

*АХҚО Басқарушысы Қайрат
Келімбетов Ислам даму банкінің
(IsDB) Басқарушылар кеңесіндегі
Қазақстан Республикасының ресми
өкілі болып табылады.*

Қазақстандағы ИДБ Басқарушысының кеңесі ретінде АХҚО қызметі банктің Қазақстанның еншілес ұйымдарымен және мемлекеттік және жеке құрылымдарымен ынтымақтастығын әрі қарай дамытуға және нығайтуға, олардың өзара іс-қимылын, соның ішінде исламдық қаржыландыру индустриясын дамыту саласында координациялауға бағытталған.

АХҚО-ның қабылдаған бастамалары Қазақстанның исламдық қаржыландыру елдерінің рейтингінде позициясын жақсартты, Исламдық қаржыландырудың ғаламдық есебіне (GIFR 2018) сәйкес Қазақстан 48 елдің ішінен 24-орын алды. Сонымен қатар, 2018 жылы Қазақстан ең абыройлы Ислам қаржылары бойынша ғаламдық сыйлықтың (GIFA) аясында үш жоғары марапатқа ие болды: «Ислам қаржыларын институционалдық қолдау» үшін сыйлық, «Ислам қаржылары саласындағы саясатты әзірлеу» үшін жеке сыйлық, сондай-ақ ислам қаржылары саласындағы «Адам капиталын дамыту бойынша бастамалар» сыйлығы. 2017 жылғы Thomson Reuters және DinarStandard жасаған есепке сәйкес осы бағытты дамыту бойынша АХҚО жүргізген жұмыстың арқасында, Қазақстан ис-

ламдық қаржыландыруды дамыту бойынша ТМД елдерінің арасында көшбасшы болып табылады.

Жасыл қаржыларды дамыту аясында АХҚО Әлемнің тұрақты қаржы орталықтарының халықаралық желісіне (FC4S) және тәжірибемен және ақпаратпен алмасуды, сондай-ақ өңірдің қаржылық тұрақтылығын сақтай отырып, қаржы қорларының интеграциясын көздейтін Азиялық қаржылық ынтымақтастық қауымдастығының (AFCA) Жасыл қаржылар комитетіне мүше болды.

АХҚО климаттың өзгеруі бойынша проблемаларды шешу үшін облигациялар нарығын жұмылдыру жөніндегі халықаралық коммерциялық емес ұйым Climate Bonds Initiative-пен серіктестік келісіміне қол қойды. Бұл келісім АХҚО-ға жасыл облигациялар бойынша деректер базасы мен талдау материалдарын пайдалануға мүмкіндік береді.

АХҚО мен Еуразия даму банкі (EDB) өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды, мұнда еуразиялық өңірде бағалы қағаздар нарығын ілгерілету және дамыту, соның ішінде жасыл қаржыландыру құралдарын дамыту ынтымақтастықтың негізгі бағыттары болып айқындалды.

Жаңа технологиялық салаларда бірлесе жұмыс істеу үшін дүниежүзінің үкіметтерін, іскерлік ұйымдарын, серпінді стартаптарын, азаматтық қоғамдарын, академиялық орталарын және халықаралық ұйымдарын біріктіретін Дүниежүзілік экономикалық форумның Төртінші өнеркәсіптік төңкеріс орталығымен (WEF C4IR) серіктестік келісімін жасасу айтулы оқиға болды.

Сот қызметі саласында ғаламдық бастамаларға қатысу аясында АХҚО Коммерциялық соттардың тұрақты халықаралық форумына мүше болды. Бұл форум озық практикаларды, сондай-ақ коммерциялық дауларды әділ және тиімді шешуді ілгерілету және тарату үшін әлемнің коммерциялық соттары арасындағы ынтымақтастықты жеңілдетеді.

A nighttime photograph of a grand, multi-story building complex, likely a university or government building, illuminated with white and green lights. The building features a prominent central tower and a large archway. In the foreground, a fountain with multiple jets of water is lit up with vibrant colors like red, orange, and yellow. The scene is set against a dark night sky.

**БОЛАШАҚҚА
КӨЗҚАРАС**

11



АХҚО ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУДІ РЕТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ

Комитет АХҚО нормативті-құқықтық базасын нығайту және реттеуші ортаны IOSCO, IAIS, BCBS, IFSB және FATF халықаралық стандарттарымен сәйкестікке келтіру процесін жалғастырады. Жоспарланған бастамалар заңды тұлғалар мен қызметтер енгізудің жаңа формаларын енгізуді, айқындықты арттыруды, трасттар мен қорлар қызметін дамытуды, сондай-ақ валюталық реттеу тәртібін оңайлатуды енгізу істерін көздейді. Инновацияларының өсуіне септесу үшін АХҚО инвестициялар (краудфандинг, венчурлық қаржыландыру) саласындағы, электрондық ақша мен төлем жүйелеріндегі, FinTech Lab және электрондық коммерция жөніндегі құқықтық актілермен жұмыс істеуді жалғастырады.

Комитет сондай-ақ халықаралық аренадағы белсенді жұмысын жалғастырады. Сенімді реттеуші және әріптеc ретіндегі халықаралық беделін көтеру, ақпараттан хабардарлықты арттыру мен мүдделі ұлттық, өңірлік және реттеудің ғаламдық стандарттарын қабылдаушы органдар, халықаралық қаржылық реттеушілер мен ҚР мемлекеттік мекемелері сияқты халықаралық әріптестермен стратегиялық әріптестікті қалыптастыру жұмыстағы басымдық болып қала береді.

Құжаттарды тексеру уақытын қысқартуды, тіркеу процесін оңайлатуды, қадағалау мен лицензиялаудың жалпы процесін жетілдіруді қоса алғанда, бизнес-процестер көрсеткіштерін жақсарту басымдықтар қатарында қалады.

Лицензиялау мен ақпаратты ашу процесі арқылы бизнес жүргізуде АХҚО адалдық, ашықтық пен клиенттерді қорғау сияқты қағидаттардан және тұтынушылар мен инвесторлар құқығын қорғау жөніндегі халықаралық деңгейде танылған өзге де ережелерден айнымайды.

*Ұзақмерзімді болашаққа АХҚО
асқақ мақсат қойып отыр: ол
– Азияның жетекші қаржылық
орталықтарының топ-20 және
Қаржылық орталықтардың
жаһандық индексіне (GFCI) сәйкес
анағұрлым дамыған 30 қаржылық
орталықтың қатарына кіру.*

Бұл мақсат нормативті-құқықтық жүйеге жоғары талаптар қояды, оның дамуы елдің адамдары мен қоғамының өмірінің сапасын жақсартуға тұрақты септігін тигізеді. Қойылған мақсатқа жету үшін АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті қаржылық қызметті реттеу жөнінен нормативті-құқықтық базаны жетілдіруді және АХҚО юрисдикциясы туралы ғаламдық хабардарлықты арттыруға ықпал етуді жалғастыра береді.

Осыған орай АХҚО құқықтық жүйесінің қолжетімділік пен субъектілердің құқықтарын сенімді қорғау мәселелерінде әлемнің дамыған басқа қаржылық орталықтарының құқықтық жүйелерімен тең жағдайда бәсекелесе алатындай мүмкіндігі болуға



тиісті. Бәсекеге қабілетті құқықтық жүйе бизнес пен инвестицияларды көбірек тартады, сондай-ақ ілгерішіл идеяларды жүзеге асыруға мүмкіндік ашады, ал бұлардың нәтижелері қаржы орталығына және тұтастай елге дивидендтер төлеу арқылы кейін пайдаланылады.

Өз юрисдикциясын ілгерілету мен жетілдіру жолында, сондай-ақ әлемдік үздік тәжірибені енгізу мақсатында заңды фирмалармен, қауымдастықтармен және қаржылық институттармен ынтымақтастық жасау жолымен жаңа қатысушыларды тарту жолында АХҚО тұрақты түрде жұмыс істейтін болады.

Осыған орай юрисдикциясын ілгерілету мен дамыту үшін АХҚО Нұр-Сұлтан қаласында және шетелде АХҚО-ның құқықтық мәселелері жөнінде бірнеше конференция өткізеді. Конференциялар АХҚО жұмысы мен оның одан ары дамуының болашағына байланысты өзекті мәселелерді талқылау үшін платформа жасауды көздейді. Мұндай ыңғай АХҚО-ға сындарлы диалогты, жетекші халықаралық қаржылық институттардың, құқық саласындағы ұйымдардың ұсыныстарын талқылауды, АХҚО-да мүддесі бар тұлғаларға құқықтық қолдау көрсетуді қамтамасыз ететін болады.

АХҚО СОТЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӨРЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

АХҚО соты мен Халықаралық төрелік орталығы АХҚО мен Еуразия өңірі азаматтық және коммерциялық дауларды шешу үшін өздерін бірінші болып таңдауын мақсат қылып қояды.

Сот пен төрелік орталықтың жетекші рөлін қамтамасыз ету үшін қазіргі қызметтерді бұдан әрі дамыту мен жаңа бастамаларды енгізу жолындағы жұмыс жалғасатын болады. 2019 жылы инновациялар енгізу мен клиентке бағдарланушылығын жақсартып отырып АХҚО соты мен Халықаралық төрелік орталығы мынадай бірқатар жаңа қызметтерді бастайды: соттық медиация, клиенттердің мүдделерін тегін ұсыну, үшінші тараптан сот процесін қаржыландыру және клиентке бағдарлану бағдарламасы. Жұмыс процесі мен стандарттарды үнемі жақсарту екі орган үшін де шешуші басымдық болады.

АХҚО соты мен ХТО-ның қызметтерінің халықаралық деңгейдегі хабардарлығы және оған мүдделілікті арттыру АХҚО мен ХТО қызметінің басым бағыты болып қала береді. Екі орган да Еуразия өңіріндегі, әсіресе Қазақстантығыз саудалық байланыс жасайтын басқа юрисдикциялардағы басқа соттармен және халықаралық төрелік орталықтарымен жұмыстық қатынас орнату үшін ынтымақтастық жасау жөнінде ауқымды науқан әзірледі.

АХҚО мен ХТО Қазақстан мен еуразиялық өңірдің заңгерлері мен соттарының қажетін қанағаттандыру үшін жоғары сапалы заңгерлік кәсіби оқытуды, дауларды шешудің баламалы әдістері бойынша курстарды қоса алып, ұсыну жөніндегі өзіндік білім беретін бағдарламасын жалғастыратын болады. Қазақстан мен Орталық Азияның құқықтық қоғамдастықтары үшін жалпы құқықты оқытуға анағұрлым кеңінен қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін 2019 жылдан бастап АХҚО соты мен ХТО білім беру бағдарламасы Нұр-Сұлтан қаласында да, Алматыда да өткізіледі.

АХҚО БИРЖАСЫ

Казатомөнеркәсіптің акцияларын жария орналастыру халықаралық инвесторлар тарапының қазақстандық нарыққа деген қызығушылығын қайта жаңғыртты. Сөйте тұра ірі ұлттық компанияларды жекешелендіру АХҚО Биржасы жұмысы ауқымының бір бөлігі ғана болып саналады. Қазіргі кезде биржа бағалы қағаздардың отандық және шетелдік инвесторлар үшін тартымды кең спектрін жасаумен айналысып жатыр. Құралдар тізімі тіркелген табысы бар бағалы қағаздарды, егеменді облигацияларды, сукукты (ислам бағалы қағаздары) және биржалық инвестициялық қорларды қамтиды.

АХҚО үшін инвесторлардың институционалды базасын да, отандық бөлшек саудалық базасын да дамыту маңызды. Қазақстанда салымдары тіркелген табысы бар жергілікті активтерге басым бағытталатын институционалды инвесторлардың базасының шектеулі екені байқалады. Осыған орай АХҚО ШОБ үшін сауда алаңын іске қосуды жоспарлап отыр, оны құру үшін қазіргі уақытта листингінің тетіктері енгізіліп, қағидалары әзірленуде. Сонымен қатар биржалық инвестициялық қорларды шығарудың нормативтік-құқықтық базасы дайындалуда және бірінші шығарылымда іске қосылмақ болашақ әріптестермен келіссөздер жүргізіліп жатыр.

АХҚО сондай-ақ жеке инвесторлар базасының дамуын қолдайтын болады. Биржа барлық қалаушы қазақстандықтар елінің келешекте өсуіне инвестициялай алатындай, инновациялық қаржы өнімдерін енгізеді.

АХҚО алаңында «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының ұлттық компанияларын (Қазақтелеком, Эйр Астана, ҚазМұнайГаз, Қазақстан темір жолы, Қазпошта) IPO/SPO-ға шығару бойынша Жекешелендірудің кешенді жоспарын іске асыру жалғасады. Сонымен қатар Euroclear пост-трейд операцияларының инфрақұрылымын пайдаланумен мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыру бойынша жұмыс та жалғастырылады.

АХҚО-ның бар жұмысы Қазақстанда белгіленген кірістілігі бар қағаздарға шоғырлану практикасынан бизнестің жеке капиталын арттыратын және барлық қазақстандықтарға дамыған капитал нарығының артықшылықтарын сезінуге мүмкіндік беретін нарыққа

ету жолымен капитал нарығы бойынша жаңа импульс беруді көздейді. АХҚО қазақстандық капитал нарығын халықаралық деңгейде танымал, бәсекеге қабілетті және тартымды ету үшін бар мүмкіншіліктерді істеуде.

ИСЛАМ ҚАРЖЫЛАРЫ

Исламдық қаржыландыру индустриясы жеткілікті дамыған және оны түрлі исламды қаржы институттары мен құралдары ұсынады деп орта мерзімді перспективада күтілуде. Ислам банктерінің үлесі елдің банктік активтерінің жалпы көлемінің 3-5%-ын құрайды. Реттегі база барлық халықаралық стандарттармен жетекші халықаралық практикаларға сай болады. Елде исламдық қаржы институттарында жұмыс істеу үшін қажетті білімдері мен дағдылары бар білікті кадрлар пулы қалыптасады.

ЖАСЫЛ ҚАРЖЫЛАР ОРТАЛЫҒЫ

АХҚО Жасыл қаржылар орталығы Қазақстанда және Орталық Азия өңірінде жасыл қаржыларды дамытудың қозғаушы күші болуға тиіс. Ол үшін орталық өңірде жасыл қаржылар саласындағы әлеуетін ұлғайтады және құзыретті жинақтайды. Орталық осы саламен айналысатын жетекші әлемдік сарапшылармен және ұйымдармен байланыс орнатады, жасыл қаржылар бойынша түрлі тақырыптарда семинарлар мен таныстырылымдар өткізеді. Үзіліссіз кәсіби даму бюросымен бірлесе Жасыл қаржылар орталығы 2019 жылдан нарық қатысушыларына жылсайынғы тренингтер өткізеді, осылайша әлеуетті эмитенттер мен брокерлерді оқытады, инвесторлардың көлемін кеңейтіп, жасыл облигациялардың жергілікті верификаторларының және облигацияларды шығарудан кейінгі есептіліктің пулын жасайды.

Жасыл климаттық қор үлгісі бойынша жасыл жобалар үшін қызметтердің 4 түрін беріп Жасыл қаржылар қорын құру орталықтың жоспарында бар: гранттар, жеңілдікті кредиттер, жасыл жобаларды жүзеге асыратын компаниялардың негізгі капиталына жасыл облигациялар мен инвестициялар үшін кепілдіктер.

Бұдан басқа, жасыл қаржыландыру құралдарының бірі парниктік газдардың шығарылымдарына квоталарды саудалау болып табылады. Қазіргі кезде бұл нарықты Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі реттейді, ал квоталар Қазақстанның кез келген тауарлық биржасында және тек ел ішінде ғана тауар ретінде саудалана алады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жоспарында елдің нарығын басқа елдерге ашу міндеті тұр. Бұл жағдайда АХҚО-ның тауарлық биржасы Қазақстан атынан халықаралық сауда-саттықтың бірыңғай операторы ретінде қызмет ете алады.

Орта мерзімді перспективада АХҚО Жасыл қаржылар орталығының міндеті Қазақстанның жасыл қаржы жүйесін қалыптастыру және дамыту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкіне консультациялар беру болып көрінеді.

ҮЗІЛІССІЗ КӘСІБИ ДАМУ БЮРОСЫ

Жақын жылдардағы келешекте Үзіліссіз кәсіби даму бюросы қаржылар, экономика, аудит, бухгалтерлік есеп, және т.б. сияқты бағыттар бойынша кәсіпқойлардың сыни жиынтығын Қазақстанда ғана емес, Орталық Азия елдері мен Ресейде де құруға бағытталған белгіленген бағдарды іске асыруды жалғастырады.

ЭКСПО аумағында АХҚО инфрақұрылымның сегменті – Бюроның халықаралық және жергілікті серіктестері үшін кәсіби интерактивті мультимедиялық алаң болатын Astana International Campus тұжырымдамасы іске асырылды. Astana International Campus-тың қызметі үзіліссіз кәсіби даму бастамаларын қолдауды, адам капиталын дамытуды, тақырыптық контентті қалыптастыруды және тиімді өзара іс-қимылға арналған кәсіби алаңды ұйымдастыруды көздейді. Синергия Ed-tech үздік технологиялары арқылы үзіліссіз кәсіби дамудың нарығын кеңейте отырып, мүдделі тараптар мен серіктестер санынан нарықтың 10 мыңға жуық кәсіпқойларын өзара іс-қимылға тартып, 5 мың кәсіби көшбасшыларды қолдау арқылы жүзеге асырылады.

HR Nerve Centre-ды іске қосу жоспарлануда, оның негізгі мақсаты Бюроның студенттері мен түлектерін, сондай-ақ кәсіпқойлардың қалыптастырылған пулындағы үміткерлерді жұмысқа орналастыру үшін жағдайлар жасау болады.

Үзіліссіз кәсіби даму идеясымен біріктірілген және елдің адам капиталының сапасын көтеруге ұмтылатын кәсіпқойлар қоғамдастығы – Бюроның түлектер қауымдастығын (BCPD Alumni Association) құру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Бюроның қызметіндегі қағида тұрғысындағы жаңа бағыт кәсіби бастамаларды жүзеге асырудағы Бюроның сараптамалық компонентін нығайту үшін құрылған, сондай-ақ деректерді басқару, ақпаратты талдау және нарық қатысушыларымен тиімді өзара әрекеттесуі есебінен бәсекелес орта жағдайында сараптамамен табысты бөлісуге мүмкіндік беретін Research Hub болады.

Бюроның жоспарында халықаралық сертификациялар (CIMA®, PMP®, CIA®, CISI® Fundamentals of Financial Services, IQBBA®, ISACA®, CMC® және басқалар) бойынша оқыту және емтихандарға дайындық

бойынша көрсетілетін қызметтер тізімін кеңейту және киберқауіпсіздік және келіссөздер жүргізудің дағдылары сияқты салаларда жеке кәсіби біліктіліктерін әзірлеу бар.

ФИНТЕХ ХАБ

Финтех стартаптарды қолдау Финтех хаб жұмысының маңызды бөлігі болып табылады. Сәтті іске қойылған хакатондар, FinTechStars акселерациялық бағдарламасы және Visa Everywhere Initiative байқауы өңірде және одан тыс жерде қаржы технологияларының әрі қарайғы тұрақты дамуының осы күннің өзінде-ақ негізі болып жатқан дарынды кәсіпкерлердің өңірде жеткілікті санының бар екенін көрсетеді.

Кейін Финтех хаб Орталық Азияның барлық өңірлеріндегі финтех-стартаптарды қолдауды жалғастырады. Осы бағыттың ең маңызды міндеттерінің бірі – белсенді финтех қоғамдастығын қалыптастыру және оны қолдаудың түрлі бағдарламаларын іске асыру.

Жақын жылдарда Финтех хаб келесі бағыттар бойынша финтех стартаптарды қолдайды: инкубация және акселерация бағдарламалары, воркшоптар мен семинарлар, финтех қоғамдастығына арналған бейресми кездесулер, озық әдістемелер бойынша оқыту және финтех курстар, консультация және менторлық, шетелдік серіктестер алдында жобаның таныстырылымына көмек, қазақстандық стартаптардың халықаралық конференциялар мен көрмелерге қатысуы.

Табысты шетелдік финтех стартаптарды өңірге тарту да және жергілікті қаржы экосистемімен серіктестік орнатуға көмек те жұмыстың маңызды бағыты болады.

Финтех саласын дамытуда Visa, Mastercard және Uni-opPay халықаралық төлем жүйелерімен, негізгі әлемдік салалық акселераторлармен және инвестициялық қорлармен ынтымақтастық табыс факторларының бірі ретінде көрінеді. Бұл байланыстар бірлескен жобаларды жүзеге асырудың арқасында нығайтылып отырады.



Қайрат Келімбетов

АХҚО Басқарушысы

«АХҚО 2019 жылы – Қазақстан ішінде мемлекеттік органдармен және жеке сектормен де, жетекші әлемдік серіктестермен де табысты және тиімді өзара қарым-қатынас құрған, толыққанды, орнықты, тұрақты институт.

Бізге оның орта мерзімді перспективадағы келешегі қалай көрінеді?

Қазіргі мәртебесін ескерсек, АХҚО-ны әрі қарай дамытуды Қазақстанның ішіндегі ғана емес, өңір ауқымындағы жұмыс тұрғысынан қарастырған дұрыс.

Қазақстан шеңберінде АХҚО орта мерзімді перспективада дамудың жалпы танылған әмбебап платформасына, диалогтың, ымыраның, проблемаларды шешудің орталығына айналады. Бұл мәртебе төменде келтірілген төрт перспективадан құралады.

Бірінші: АХҚО – инвестициялық қауіпсіздікті толыққанды қамтамасыз ететін және кепілдендіретін институт. Оның міндеті – мемлекеттің, жергілікті бизнестің және шетелдік инвесторлардың арасында мүдделерін өзара құрметтеуге, сенім мен теңгерімге негізделген тұрақты, ұзақ мерзімді қарым-қатынастың жаңа моделін қалыптастыру.

Екінші: АХҚО – түсінікті және ашық «ойын ережелерін» жасайтын, жекешелендіру жоспарын іске асыруға және нарыққа жаңа әлеуетті инвесторлардың шығуына жәрдемдесетін ішкі капитал нарығын дамытудың катализаторы.

Үшінші: АХҚО – нарықтың қажеттіліктерін зерттейтін және озық әлемдік тәжірибені есепке алып дамудың үздік нұсқаларын ұсынатын қаржы қызметтерінің зертханасы, R&D-құрылым.

Төртінші: АХҚО – жергілікті ғана емес, сондай-ақ әлемдік нарық үшін де сертификатталған мамандарды даярлайтын академия.

АХҚО-ның Қазақстанның шегінен шығуына келетін болсақ, біз дамытудың бірінші күнінен-ақ өңірлік қаржы хабы болуға ұмтылысымыз туралы мәлімдегенбіз. Біз елдің әл-ауқаты, бәрінен бұрын, оның көршілерінің әл-ауқатына қарай қалыптасатындығына, сондықтан олар тікелей байланысты болатындығына сенімдіміз. Біз бұл мақсатқа жету үшін дәйекті түрде жұмыс істеудеміз. ЕАЭО, Кавказ, Орталық Азия өңірлерінің барлық елдері, сондай-ақ Моңғолия біздің мүмкіндіктеріміз бен перспективаларымыз туралы жақсы хабардар. Біздің көрсетілетін қызметтерімізге деген қызығушылықты көріп отырмыз және өңірдің мемлекеттік және жеке құрылымдарына кез келген қолдау көрсетуге дайынбыз.

Орта мерзімді перспективада біз Қазақстандағы жұмыс барысында АХҚО-ның жинақтаған тәжірибесін әр бағыт бойынша өңірге масштабтау әбден мүмкін екенін көріп отырмыз. Елдердің АХҚО мүмкіндіктерінің жартысын ғана іске қосуының өзі оларға үлкен пайда әкелетініне сенімдіміз».



« АХҚО-ның Қазақстанның шегінен шығуына келетін болсақ, біз дамытудың бірінші күнінен-ақ өңірлік қаржы хабы болуға ұмтылысымыз туралы мәлімдегенбіз. »

1-ҚОСЫМША: АХҚО ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

(2019 жылғы маусымдағы жағдай бойынша)

АХҚО ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

1	Onyx Heavy Machinery Limited	Ресей
2	Orbiz Limited	Ұлыбритания
3	ESILKROAD OF KAZAKHSTAN Limited	Украина
4	OnlineBooking Ltd	Қазақстан
5	Green Company Ltd.	Қазақстан
6	Capital Consulting Partners Limited	Қазақстан
7	BITEEU Blockchain Solutions Limited	Қазақстан
8	VARDA Limited	Қазақстан
9	CTAU Limited	Қазақстан
10	«Branch of Islamic bank «Zaman-Bank» Joint Stock Company in AIFC»	Қазақстан
11	Waves Vostok Limited	Ресей
12	Qazaq-Finnish Technology Center Non-Profit Incorporated Organization	Финляндия
13	«MRS AW INVESTMENTS» Limited	Ұлыбритания
14	Eurasia Blockchain Fintech Group Limited	Қазақстан
15	GENESISZERO ASTANA Limited	Қазақстан
16	SMB-Market Place Limited	Қазақстан
17	AGRIN Limited	Қазақстан
18	Aurora AG Limited	Қазақстан
19	KANTAI WEALTH MANAGEMENT Limited	Қазақстан
20	GRC Eurasia Limited	Ұлыбритания
21	Grove Regulatory Consultancy Limited - AIFC Branch	Ұлыбритания
22	A-Z Solution Limited	Қазақстан
23	Brandworks International Limited	Қазақстан
24	ENPI.KZ Limited	Қазақстан
25	NOVA DL Limited	Қазақстан
26	ZAV Limited	Қазақстан
27	ANUK Limited	Қазақстан
28	Stockmetrix Financial Inc doing business in the AIFC as «Stockmetrix Financial Inc» - AIFC Branch	Қазақстан
29	On Point. Digital Recruitment Solutions LTD	Қазақстан
30	Rich Consulting Limited	Қазақстан
31	Society of Islamic Finance Professionals Non-Profit Incorporated Organisation	Қазақстан
32	Society of Professional Trainers Non-Profit Incorporated Organisation	Қазақстан
33	GPS McQuhae LLP doing business in the AIFC as GPS McQuhae LLP (AIFC Branch)	Гонконг
34	Pyupl Kazakhstan Ltd.	БАӘ
35	AB Garant Limited	Қазақстан
36	Umit Fund Non-Profit Organisation	Қазақстан
37	Ipravo FZE Limited	Қазақстан
38	Volkov Group Limited Liability Partnership	Қазақстан
39	KAZAKHSTAN WAQF MANAGEMENT LIMITED	Қазақстан
40	Lukoil Kazakhstan Limited	Ресей
41	Hajj International Asset Management Limited	Малайзия
42	TechFin Limited	Украина
43	FinTech Circle Non-Profit Organisation	Қазақстан

44	Agency Green Advising Limited	Қазақстан
45	Gilman and Company Limited	Қазақстан
46	Kinstellar Astana	Қазақстан
47	Qosil Limited	АҚШ
48	KazBia Limited	Қазақстан
49	Orient Invest Limited	Қазақстан
50	Astana International Exchange Central Securities Depository Nominee Limited	Қазақстан
51	Tashakova Consulting Limited	БАӘ
52	Bitfury KZ Limited	Нидерланд
53	ООО «WZH INVEST LIMITED» doing business in the AIFC as Deheng Law Offices Branch	Қытай
54	JSC Altyn Bank (SB China Citic Bank Corporation Ltd) doing business in the AIFC as Branch of the JSC Altyn Bank (SB China Citic Bank Corporation Ltd)	Қазақстан
55	Astana International Exchange Central Securities Depository Ltd.	Қазақстан
56	Astana International Exchange Registrar Ltd.	Қазақстан
57	Paysend CEX Limited	Ұлыбритания
58	Branch company of «China Oil HBP Science and Technology corporation Ltd.»	Қытай
59	Astana International Exchange Limited	Қазақстан
60	Index Dollar Limited	Финляндия
61	eCitizenship Limited	Финляндия
62	eCompany Limited	Финляндия
63	Finclusion Limited	Финляндия
64	The Small Business Stock Exchange Limited	Финляндия
65	Ozara Services Limited	Ұлыбритания
66	Eurasia Continental Fintech Limited	Гонконг
67	China Development Bank Astana Representative Office	Қытай
68	«Agribusiness Development Fund» Non-Profit Incorporated Organisation	Қазақстан
69	Ozara Finance Limited	Ұлыбритания
70	AAG Eurasia Limited	Қазақстан
71	MY Partners Limited	Қазақстан
72	Halyk Finance Astana	Қазақстан
73	Branch of SkyBridge Invest Joint-Stock Company in the AIFC	Қазақстан
74	Representative office of the Paladigm Capital Pte. Limited	Сингапур
75	EX Capital Advisory Limited	Қазақстан
76	CURTIS MALLET-PREVOST (Qazaqstan) Limited	Қазақстан
77	Radius Advisory Lab Limited Liability Partnership	Қазақстан
78	Astra Mining Limited	Ұлыбритания
79	China Construction Bank Corporation doing business in the AIFC as China Construction Bank Corporation Astana Branch	Қытай
80	Bolashaq Investments LTD	Қазақстан
81	Blockchain KZ Limited	Қазақстан
82	Branch of FiscalAdmin OÜ in the AIFC	Эстония
83	Branch of «Russell Bedford A+ Partners» International Audit Company LLC in Astana	Қазақстан
84	ADB DEVELOPMENT LIMITED ASTANA Limited	Қазақстан
85	QazInvestProject Limited	Қазақстан
86	Mantacheff a.s. Astana Limited.	Қазақстан
87	STD GROUP ASTANA Limited	Қазақстан
88	Libava Logistics Limited	Қазақстан
89	Talap Inc. Limited Liability Partnership	Қазақстан
90	Wooppay Limited	Нидерланд
91	Lincoln Solutions Ltd.	Қазақстан
92	«Priority Projects» LLP doing business in the AIFC as Branch of «Priority Projects» in the AIFC	Қазақстан
93	Intera Limited	Қазақстан
94	ATS Astana Limited	Италия
95	«QazAngels - Business Angels Club» Non-Profit Organisation	Қазақстан

96	Legal Consulting Community Limited	Ресей
97	UROS IoT Kazakhstan Liability Limited Partnership	Қазақстан
98	VTS Services Ltd.	Ресей
99	BiZone Kazakhstan Ltd.	Ресей
100	Win Eurasia Investment Co., Ltd.	Қытай
101	Mile Unity Foundation Non-Profit Incorporated Organisation	Ресей
102	CA Intermediary Limited	Қазақстан
103	Robocash Ltd.	Латвия
104	Astana Open University Ltd.	Қазақстан
105	KazPV Ltd.	Қазақстан
106	BDO Kazakhstan Limited Liability Partnership doing business in the AIFC as BDO Kazakhstan Limited Liability Partnership Branch in AIFC	Қазақстан
107	NAVATT Limited Liability Partnership	Қазақстан
108	Limited Liability Partnership Green Investment Group doing business in the AIFC as Branch of «Green investment Group» in the AIFC	Қазақстан
109	Bureau for Continuing Professional Development Ltd.	Қазақстан
110	«Kazakhstan Innovations» Non-Profit Incorporated Organisation	Қазақстан
111	«4.0 Transformation Center» Non-Profit Organisation	Қазақстан
112	OPLI Group Limited	Қазақстан
113	West Gold Mining Limited	Қазақстан
114	Constant-lab Limited Liability Partnership	Қазақстан
115	Bitfury Infrastructure Limited	Қазақстан
116	Bitfury Hardware Limited	Қазақстан
117	«Qazaq Association of Minority Shareholders (QAMS)» Non-Profit Organisation	Қазақстан
118	Ejaztna Pte. Ltd.	Йемен
119	Atomic 47 Eurasia, Limited	АҚШ
120	«Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF) Management Company» Ltd.	Қазақстан
121	«Direct Investment Fund «Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF)» Ltd.	Қазақстан
122	Financial Holding Corporation Limited	Қазақстан
123	Ton Factory Ltd.	Ресей
124	«Tabys Agro AST» doing business in the AIFC as «Tabys Agro AST» (AIFC Branch)	Қазақстан
125	Connected Home Ltd.	Қазақстан
126	ASF Capital Ltd.	Қазақстан
127	AIFC Endowment Fund Ltd.	Қазақстан
128	MGI Capital (Kazakhstan) Ltd.	Сингапур
129	Branch of ACRA (JSC) in the AIFC	Ресей
130	BRIO Ltd.	Ресей
131	ePlata Eurasia, Limited	АҚШ
132	AG Logistics Limited	Қазақстан
133	Fintech Hub Ltd.	Қазақстан
134	Branch of GRATA International in Astana	Қазақстан
135	Parakozm Ltd	Индия
136	Future Group Limited Liability Partnership	Ресей
137	AGZ Zan Hub Ltd	Қазақстан
138	Avantgarde Advisory LTD	Қазақстан
139	SILK PRO Ltd.	Қазақстан
140	QuickCash AI Limited Ltd.	Грузия
141	“Ecoprominvest Limitd Liability Partnership”	Қазақстан
142	Parametrica Ltd.	Ресей
143	Space Syntex Limited	Ұлыбритания
144	San Yo LTD.	Нидерланд
145	COSMOS Non-Profit Incorporated Organisation	АҚШ
146	Falconsulting Ltd.	Қытай
147	Senim Business Ltd.	Қазақстан


148	FD Legal Ltd.	Қазақстан
149	Karaturgai JV Limited	Қазақстан
150	Astakhovskaya JV Limited	Ресей
151	«Bureau of cognitive technologies» Limited Liability Partnership	Қазақстан
152	N-Lil Ltd.	Қазақстан
153	CSQlaw Kazakhstan Branch	Малайзия
154	JiaRong Limited	Қытай
155	Shizhen Tang Company Limited	Қытай
156	Loyal Partners Advisory Limited	Қазақстан

АХҚО ЛИЦЕНЗИАТТАРЫ ЕМЕС ТАНЫЛҒАН ҚАТЫСУШЫЛАР


1	Fincraft Investment House JSC	Қазақстан
2	Bank CenterCredit JSC	Қазақстан
3	CAIFC INVESTMENT GROUP JSC	Қазақстан
4	First Heartland Securities JSC	Қазақстан
5	Orda Capital Management Company JSC	Қазақстан
6	Tengri Capital MB JSC	Қазақстан
7	Centras Securities JSC	Қазақстан
8	Eurasian Capital JSC	Қазақстан
9	BCC Invest JSC	Қазақстан
10	China International Capital Corporation Hong Kong Securities Limited	Гонконг
11	Tsesna Capital JSC	Қазақстан
12	Kazkommerts Securities JSC (Subsidiary of Kazkommertsbank JSC)	Қазақстан
13	Freedom Finance JSC	Қазақстан
14	АО «Private Asset Management»	Қазақстан
15	Shenwan Hongyuan Securities Hong Kong Limited	Гонконг
16	Univer Capital LLC	Ресей
17	KazPost JSC	Қазақстан
18	Subsidiary of «Nurbank» JSC, «Money Experts» JSC	Қазақстан
19	Investment House «Astana Invest» JSC	Қазақстан
20	NGDEM Finance JSC	Қазақстан
21	WOOD & Company Financial Services, a.s.	Чехия
22	The Eurasian Development Bank	Қазақстан
23	Shinhan Investment Corp.	Қазақстан
24	Halyk Bank of Kazakhstan	Қазақстан


ЕЛДЕР БОЙЫНША АХҚО ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

1.	Қазақстан	114
2.	Ұлыбритания	9
3.	Финляндия	6
4.	Ресей	3
5.	Гонконг	4
6.	Қытай	6
7.	Нидерланд	3
8.	БАӘ	2
9.	Украина	2
10.	АҚШ	4
11.	Сингапур	2
12.	Чехия	1
13.	Эстония	1
14.	Малайзия	1
15.	Италия	1
16.	Йемен	1
17.	Индия	1
18.	Латвия	1
19.	Грузия	1



Көрсетілетін қызметтер түрі бойынша АХҚО қатысушылары







China Construction Bank



WOOD
&
COMPANY



АХҚО-НЫҢ ІРІ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ ЖӘНЕ АККРЕДИТТЕЛГЕН КОМПАНИЯЛАРЫ

China Construction Bank

Қытайдың ең ірі банктерінің бірі және капитализация бойынша әлемдегі екінші банк. Банк 29 ел мен өңірлерде жұмыс істейді. Банктің қызметі активтерді басқару қызметін, кредиттеуді, траст қорларын, сақтандыруды, инвестициялық банктік істі қоса алғанда, түрлі салаларды қамтиды. China Construction Bank Corporation Astana Branch еншілес ұйымын 2019 жылғы наурызда АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті тіркеді.

China Development Bank

Әлемдегі дамудың ең ірі қаржы институты. Қазіргі кезде банктің 37 негізгі филиалы және Қытайда 3 қосымша бөлімшесі, Гонконгта бір оффшорлық бөлімшесі және 10 өкілдігі бар. Оның еншілес банктеріне CDB Capital Co., Ltd., CDB Securities Co., Ltd., CDB Leasing Co., Ltd., Қытай-африкалық даму қоры және CDB Development Fund кіреді. China Development Bank Astana Representative Office-ты 2018 жылғы наурызда АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті тіркеді.

WOOD & CO

Wood & Co дамушы нарықтардағы жетекші инвестициялық банкі АХҚО Биржасының сауда мүшесі, бұл еуропалық және халықаралық инвесторлардың биржаның бағалы қағаздарына қосымша жол ашады. Wood & Co Шығыс Еуропа мен ТМД өңіріне ерекше көңіл бөледі. 28 жыл жұмыс ішінде компания барлық әлем инвесторларының кең базасын жасады және өз қызметін Варшавада, Прагада, Бухарестте, Братиславада, Миланда және Лондонда орналасқан кеңселері арқылы жүзеге асырады. АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті 2019 жылғы наурызда танылған қатысушы ретінде тіркеді.

Лукойл

Ресейдің ең ірі мұнай компаниясы, оның негізгі қызметі мұнай мен табиғи газды барлау, шығару және қайта өңдеу, мұнай мен мұнай өнімдерін өткізу болып табылады. Лукойл Ресейде түсім көлемі бойынша екінші орын алады, сондай-ақ әлемдік мұнай шығарудың 2%-дан астамы үлесіне тиетін әлемдегі ең ірі тігінен интеграцияланған мұнай-газ компанияларының бірі болып табылады. АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті Lukoil Kazakhstan Limited еншілес ұйымын 2018 жылғы шілдеде тіркеді.



CURTIS MALLET-PREVOST (Qazaqstan) Limited

Curtis, Mallet-Prevost, Colt & Mosle LLP АҚШ-тың ең ірі заң фирмаларының бірі, ол AmLaw 200 құрамына кіреді және әлемнің 13 елінде жұмысын жүргізеді. Фирма үкіметті, мемлекеттік компанияларды, ұлтаралық корпорацияларды, қаржылық институттарды, капиталды басқарушыларды, егеменді әлауқат қорларын, жеке кәсіпорындарды, жеке тұлғалар мен кәсіпкерлерді қоса алғанда, клиенттердің кең ауқымын қамтиды. АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті CURTIS MALLET-PREVOST (Qazaqstan) Limited жеке компаниясын 2018 жылғы маусымда тіркеді.

CICC

China International Capital Corporation (Hong Kong) Limited андеррайтинг, бірігу және жұтылу (M&A), қаржы құралдарын саудалау салаларында қызмет көрсететін жетекші инвестициялық банктердің бірі. Компания активтерді басқару, үлеспұлдық инвестициялық қорлар, қорлар мен тікелей инвестицияларды қамтитын әртараптандырылған платформаға ие. CICC-ді қытай және шетелдік компаниялардың қатысуымен алғашқы инвестициялық банк ретінде 1995 жылы China Construction Bank, Morgan Stanley, China National Investment and Guaranty Co Ltd, GIC және Mingly Corporation сияқты компаниялар құрған. АХҚО-мен ынтымақтастық 2017 жылы жасасқан өзара түсіністік туралы меморандумға негізделген. China International Capital Corporation Hong Kong Securities Limited АХҚО Биржасының сауда мүшесі.

SWHY

Shenwan Hongyuan Securities (HK) Гонконгтың жетекші брокерлерінің бірі болып табылады. Компания – Shenwan Hongyuan Co., Ltd-ның еншілес ұйымы, тарихтағы бірінші қытайлық брокерлік компания және Қытай брокерлік компанияларының арасындағы нарықтық капиталдандыру өлшемі бойынша алтыншы болып табылады. Shenwan Hongyuan Securities (HK) қызметінің салаларына клиенттерге брокерлік қызметтер көрсету, инвестициялау және бағалы қағаздарды саудалау бойынша консультациялар беру, жеке трейдинг, андеррайтинг, бағалы қағаздар портфелін басқару және фьючерстік компаниялар үшін брокерлік қызметтерді енгізу кіреді. Компанияның Қытайда 34 өңірлік бөлімшелері мен (Shenwan Hongyuan Western Securities Co., Ltd.-ны қоса алғанда) 303 өкілдіктерінен тұратын кең желісі, сондай-ақ Гонконгтағы, Лондондағы, Токиодағы, Сингапурдағы және Сеулдегі өкілдіктерін қоса алғанда көптеген шетелдік өкілдіктері бар. АХҚО-мен ынтымақтастық 2018 жылы жасасқан өзара түсіністік туралы меморандумға негізделген. Shenwan Hongyuan Securities (HK) АХҚО Биржасының сауда мүшесі.